

ЖАҒАНДЫҚ ДИАЛОГ

12.2

Жылына 3 рет көптеген тілде шығады

Шрути Мажумдармен
элеуметтану жайлы әңгіме

Себастиан Галегуилос

Украинадағы соғыс
жазбалары

Сари Ханафи

Капитализм
теориялары

Уилям И. Робинсон
Патрисия Вентричи
Естебан Торрес
Фабрисо Масиел

Жоғары білім
берудің түйткілдері

Жоанна Грубнер
Стефани Росс
Ларри Саваж
Ка Хо Мок
Елизабет Балбашевска
Юсеф Уахид

Теориялық
перспективалар

Майкл Буравой

Түркия
элеуметтануы

Н. Берил Өзер Текин
Аслы Телсерен
Дижле Қойлан
Өзхан Өзтүрік
Ілкінұр Қажысофтағлы

Ашық бағана

- > Гипержаһанданудан тұрақты ынтымақтастыққа
- > ЮНЕСКО Әлемдік Мұра тізіміндегі Völklinger Hütte
- > Карл Полани оңшыл «популизм» туралы
- > Кісі өлтірген қылмыскер оқиғаларын зерттеу
- > Бразилиядағы цифрлық платформалардағы жеткізу жұмысы

ЖУРНАЛ



International
Sociological
Association
isa

БАСЫЛЫМ 12 / ШЫҒАРЫЛЫМ 2 / ТАМЫЗ 2022
<https://globaldialogue.isa-sociology.org/>

GD



> Редакциядан

Жаһандық Диалогтың» осы шығарылымының «Әлеуметтану жайлы әңгіме» бөлімінде Әйелдерге қатысты күштеудің алдын-алу жөніндегі БҰҰ Мақсатты қордың гендерлік кемсітушілік бойынша маманы, үндістандық әлеуметтанушы Шрути Мажумдармен сұқбат жарияланған. Ол Себастиан Галегуилосқа Біріккен Ұлттар Ұйымындағы қазіргі лауазымы тұрғысынан өзінің әлеуметтанулық көзқарасы халықаралық ұйымдардағы қызметінде кәдеге қалай жарағанын түсіндіреді, сондай-ақ халықаралық даму саласындағы зерттеулер мен тәжірибені біріктіруге мүдделі әлеуметтанушыларға кеңес береді.

Украинаға қарсы соғыстың басталғанына жарты жылдан астам уақыт ішінде халықаралық қатынастар мен саясаттағы түбегейлі өзгерістердің жалғасуын бақылаудамыз. «Жаһандық Диалогтың» осы шығарылымында соңғы онжылдықтарға көз жүгірте отырып қалыптасқан ахуалды пайымдау мақсатында, әлемнің түкпір-түкпіріндегі соғыс пен оның апаттық салдарына, сонымен қатар геосаяси тұрғыдан Ресейдің агрессиялық соғысы тудырған шиеленісті талдауға ХӘҚ президенті Сара Ханафиге ұсыныс жасалынды.

Бірінші симпозиум заманауи капиталистік қоғамдарды түсіну үшін ұстанымдар мен дәйектердің кең ауқымын көрсете отырып, капитализм теориясын дамытады. Патриция Вентричи технологиялық өзгерістер, прекариаттану және кәсіподақтарға бірігу арасындағы байланыстардың нақты талдауын ұсынса, Естебан Торрес жаһандық таптық құрылымдардың еселене түскен күрделілігін түсіндіру мақсатында «мундиалдану» концепциясын капитализм теориясына енгізеді. Ал, бразилиялық қоғамға келсек, Фабрисо Масиел авторитарлық және оңшыл қозғалыстардың кеңеюін жақсырақ ұғынуда тұрақсыздықпен қатар абыройдың жоғалуы мен азғындауды да назардан тыс қалдырмау қажет екенін көрсетеді. Уилиям И. Робинсон орталық пен периферия арасындағы географиялық стратификацияның, сондай-ақ оның бүкіл әлемде мемлекеттердегі ішкі теңсіздіктердің тереңдей түсуіне қарай жәйлап жылжу эволюциясын көрсету үшін жаһандық ұстанымды қолданады.

1990-жылдардың басынан бастап жоғары оқу орындары мемлекеттік сектордың неолиберал қайта құрылымдануынан және көбіне нарық қатынастарынан зардап шекті. Жоанна Грубнер ұйымдастырған мақалалардың екінші топтамасында әлемнің саналуан бөліктеріндегі ағымдағы осындай жаңалықтар қарастырылған. Стефани Росс пен

Ларри Саваж жұмыс тәртібінің коммодификациясы мен қайта құрылуы тұрғысынан жоғары білім беру саласының канадалық секторының одан әрі неолибералдануының нәтижесін сараптайды. Ка Хо Мок Шығыс Азиядағы жоғары оқу орындарының көптігі мен еңбек нарығындағы жоғары бәсекелестік жағдайында жоғары оқу орны түлектерінің жұмысқа орналасуы мүмкіндіктерін талдайды. Елизабет Балбачевски неопопулист үкіметтер тұсындағы университеттерде пайда болған түйткілдерді қарастырады және бразилиялық университеттердегі шешім қабылдаудың жартылай автономдық процесі университеттердің тұрақтылығын қамтамасыз ете алатынын көрсетеді. Юсеф Уахид COVID-19 пандемиясы мәжбүрлеген қашықтан оқыту тенденциясын сынайды және африкалық ubuntu әдебіне сәйкес (оңтүстік) африкалық университеттерді қайта құруды жақтайды. Бұл тұрғыда университеттер тәуелсіз, сондай-ақ қоғаммен тығыз байланыста және оның қалауына сай болуы тиіс.

Теориялық бөлім капитализм туралы ойды қамтиды. Майкл Буравой осы бөлімде Эрик Олин Райттың нақты утопиялар концепциясын қолданады және оны Карл Маркс пен Карл Поланидың ойларымен жүйелі түрде қабыстырады. Үш ұстанымды да назарға алсақ, неге қол жеткізе алуға болатынын көрсетеді, сонымен қатар олардың ортақ қалауын да атап өтеді: «Кім адамзатты капитализмнен қорғайтын ұжымдық әрекет етуші тұлға бола алады? Бұл – Маркс, Полани және Райт үшеуі шешімін бізге қалдырған мәселе».

Осы шығарылымның өзегін түрік әлеуметтануы құрайды. Н.Берил Өзер Текин дайындаған мақалалар жинағы гендерлік теңсіздіктен ақжағалылардың еңбегі мен олардың пандемия кезіндегі еңбек етудегі әдеттері, пандемияның қарт адамдарға ықпалы мен қоршаған ортаның мәселелеріне түрік үкіметінің ағымдағы қатынасына дейінгі саналуан тақырыпқа арналған.

«Ашық бағанадағы» Ханс-Юрген Урбанның мақаласы және Жаһандық Диалог ұсынған фотосуреттер топтамасы өнеркәсіптік даму сырын ашады, ал Бруна де Пенния мен Ана Беатрис Буено сандық платформалар ұйымдастырған жеткізу қызметі туралы баяндайды. Осы бөлімге енгізілген тақырыптар Поланидің оңшыл популизмге көзқарасы мен кісі өлтірушілер жайындағы әлеуметтанулық пайымдарын қамтиды. ■

Брижит Ауленбахер мен Клаус Дёрре,
Жаһандық Диалогтың редакторлары

> Жаһандық Диалог бірнеше тілде [website](#) орналастырылған.

> Мақалаларды globaldialogue.isa@gmail.com жолдауға болады.

isa International
Sociological
Association

**GLOBAL
DIALOGUE**



> Редакциялық алқа

Редакторлар: Бриджитт Ауленбахер, Клаус Дёрре.

Редакторлардың көмекшісі: Рафаел Дейндл, Йоханна Грубнер, Валид Ибрахим.

Редактордың орынбасары: Апарна Сундар.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Август Бага.

Кеңесші: Майкл Буравой.

Медиа кеңесшілер: Хуан Лейжарага.

Редакциялық кеңес:

Сари Ханафи, Джеффри Плейерс, Филомин Гуттиерец, Элоиза Мартин, Савако Ширахазе, Изабелла Барлинска, Това Бенски, Чи-Ю Я Чен, Ян Фриц, Коичи Хасегава, Хироши Ишида, Грейс Хуню, Элисон Локонто, Сюзан МакДаниель, Элина Ойнас, Лаура Осо Касас, Бандана Пуркаяшта, Рода Рэддок, Мунир Сайдани, Айсе Сактанбер, Сели Скалон, Назанин Шахрокни.

Аймақтық редакторлар

Араб әлемі: (Тунис) Мунир Сайдани, Фатима Радхуани, (Ливан) Сари Ханафи.

Аргентина: Магдалена Лемус, Хуан Парсио, Данте Маркиссио.

Бангладеш: Хабиудул Хондкер, Хайрул Чоудури, Мумита Таджеева, Биджу Кришна Баник, Сабина Шармин, Абдур Рашид, М. Омар Фарук, Мухаммед Джахирал Ислам, Саркер Соел Рана, Мд. Шахидул Ислам, А.Б.М. Наймас Сакиб, Эшрат Джахан Аймун, Хелал Аддин, Масудур Рахман, Шамсул Арефин, Ясмин Султана, Сыка Парвин, Рума Парвин, Салех Эль Мамун, Экрамал Кабир Рана, Шармин Актер Шапла, Мд. Шахин Актар.

Бразилия: Густаво Танигутти, Анжела Мартинс Джуниор, Андреа Галли, Дмитри Чербончини Фернандеш, Густаво Диас, Хосе Гюрадо Нето, Джессика Мазини Мендеш.

Франция/Испания: Лола Бусуттил.

Үндістан: Рашми Жаин, Ракеш Рана, Маниш Ядав.

Индонезия: Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итрия, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Джулиаван, Мохаммад Шохибуддин, Домингус Элид Ли, Антониус Арио Сето Харджана, Диана Тереза Пакаси, Нурул Айни, Гегер Риянто, Адитья Прадана Сетиади.

Иран: Рейханех Жавади, Нияеш Долати, Саед Мухаммад Муталеби, Эльхам Шуштаризаде.

Қазақстан: Айгүл Забировна, Баян Смағамбет, Әділ Родионов, Алмаш Тілеспаева, Куаныш Тел, Алмагүл Мусина, Ақнұр Иманқұл, Мадияр Алдияров.

Польша: Урзула Ярека, Джоанна Беднарек, Марта Бласчинска, Анна Тернер, Александра Бернак.

Румыния: Ралука Попеску, Райса-Габриела Замфиреску, Ирина Елена Ион, Бианка Михайла, Руксандра Падурару, Ана-Мария Ренца, Мария Влашчану.

Ресей: Елена Здравомыслова, Дария Холодова.

Тайвань: Ван-Ю Ли, Тао-Юн Лу, Ю-Вен Лианг, По-Шун Хонг, Ю-Шо Хуанг, Чиен-Юн Чен, Ю-Чиа Чен, Марк Ю-вей Лай, Ю-Джу Лин, Юн-Суан Чоу.

Түркия: Гүл Шарбаджоғлы, Ирмак Эврен.



Бұл топтама тап, цифрландыру және әлеуметтік теңсіздік сияқты мәселені **капитализм теориясында** қалай қолдану туралы ағымдағы пікірталастар мен көзқарастарды біріктіреді.



Бұл симпозиумдағы мақалаларда **жоғары білім беру саласының алдында тұрған түйткілдері** талқыланады және жоғары білім беру жүйесіндегі өзгеріс процестері мен оның салдары сарапталады.



Гендер, технологиялар мен қоршаған орта әлеуметтануы бойынша аса қызықты тақырыптарды қамтыған **Түркия әлеуметтануының** саналуан саласы туралы мәліметтер осы жерде елдік фокуста ұсынылып отыр.



Жаһандық диалог SAGE Publications ұсынған риясыз грант негізінде жүзеге асып отыр.

> Осы шығарылымда

Редакциядан 2

> ӘЛЕУМЕТТАНУ ЖАЙЛЫ ӨҢІМЕ

Әлеуметтануды әйелдерге зорлық-зомбылық көрсетуге қарсы қолдану: Шрути Мажумдармен сұқбат
Себастиан Галегуилос, АҚШ 5

> УКРАИНАДАҒЫ СОҒЫС ЖАЗБАЛАРЫ

Украина, Путиннің империялық парадигмасы және Еуро-Америка
Сари Ханафи, Ливан 8

> КАПИТАЛИЗМ ТЕОРИЯЛАРЫ

Капитализм және жаһандық теңсіздік
Уилиам И. Робинсон, АҚШ 10

Латын Америкасындағы платформалық капитализм
Патрисия Вентричи, Аргентина 12

Капиталаралық жүйе: молекуляр және органикалық таптар
Естебан Торрес, Аргентина 14

Абыройсыз капитализм
Фабрисо Масиел, Германия 16

> ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТҮЙТКІЛДЕРІ

Жоғары білім берудегі неолибералдану, нарықтану және жекешелендіру
Жоанна Грубнер, Аустрия 18

Пандемиядан кейінгі жоғары білімнің неолибералдануы
Стефани Росс пен Ларри Саваж, Канада 19

Жоғары Білім және жұмыспен қамту: Шығыс Азиядағы трендтер
Ка Хо Мок, Гонконг 21

Бразилия университеттерінің популизмге қарсылығы
Елизабет Балбашевска, Бразилия 24

Ubuntu университетін құру мүмкіндігі туралы
Юсеф Уахид, Оңтүстік Африка 26

> ТЕОРИЯЛЫҚ ПЕРСПЕКТИВАЛАР

Шынайы утопияға қажеттілік
Майкл Буравой, АҚШ 28

> ТҮРКИЯ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

Түрік әлеуметтануы: қиындықтар мен мүмкіндіктер
Н.Берил Өзер Текин, Түркия 31

Түркиядағы гендерлік теңдік/теңсіздік және феминизм
Аслы Телсерен, Түркия 32

Түркиядағы COVID-19 және орта таптың тұтынуы
Дижле Қойлан, Түркия 34

Түркиядағы қоршаған ортаны қорғау әлеуметтануы
Өзхан Өзтүрік, Түркия 36

Түркиялық идеология қақтығысындағы әйелдер
Ілknұр Қажысофтоғлы, Түркия 38

Пандемия және Түркиядағы «цифрлық иммигранттар»
Н.Берил Өзер Текин, Түркия 40

> АШЫҚ БАҒАНА

Гипержаһанданудан тұрақты ынтымақтастыққа жету жолдары қандай?
Ханс-Юрген Урбан, Германия 42

Табиғаттың оралуы: ЮНЕСКО Өлемдік Мұра тізіміндегі Völklinger Hütte
Макс Ауленбахер, Германия 44

Неге жоғары қараймыз? Карл Полани оңшыл «популизм» туралы
Саң Хун Лим, Оңтүстік Корея 47

Кісі өлтірген қылмыскер оқиғаларын зерттеу
Мартин Хернан Ди Марко, Норвегия 49

Бразилиядағы цифрлық платформалардағы жеткізу жұмысы
Бруна да Пеня және Ана Беатрис Буено, Бразилия 51

“Жас әлеуметтанушыларға пәндер және жалпы теория мен практиканың барлық жақтары бойынша көп оқуға кеңес берер едім. Маңызды сұрақтарды қоюдан қорықпау керек!”

Шрути Мажумдар

> Әлеуметтануды әйелдерге

зорлық-зомбылық көрсетуге қарсы қолдану

Шрути Мажумдармен сұқбат



Шрути Мажумдар – әйелдерге қатысты күштеудің алдын алу бағдарламасының Ауғанстандағы «БҰҰ-әйелдер» құрылымы кеңсесінің жетекшісі міндетін атқарушы. Үндістан, Бангладеш, Сербия, Иордания және Өзбекстан сияқты әртүрлі елдердегі әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту бағдарламаларын даярлау мен зерттеу бағытында Әлемдік Банк пен Біріккен Ұлттар Ұйымында он жылдан астам жұмыс жасаған тәжірибесі бар. Шрути Браун университетінде әлеуметтану магистрі және докторы дәрежесін, сонымен қатар Дели университеті Леди Шри Рам Колледжінде әлеуметтану бакалавры дәрежесіне ие болған.

Осы шығарылымда Жон Жей қылмыстық істерді жүргізу Колледжінің аспиранты (CUNY) және сол жерде халықаралық қылмыс пен әділеттілік саласында магистр дәрежесін алған **Себастиан Галегуилосқа** сұқбат береді. Ол Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығының (ISA) Біріккен Ұлттар Ұйымындағы жастар атынан өкілі және Чилидегі Талка Университетінің Centro de Estudios de Derecho Penal ғылыми қызметкері. Оның ғылыми қызығушылығы аясына салыстырмалы криминология, әлеуметтік желілер және қылмыс, сонымен қатар абақтыға жабудың баламасы мәселелері енеді.

С.Г.: Біріккен Ұлттар Ұйымындағы қазіргі лауазымыңыз жөнінде айтып бере аласыз ба? Бұл лауазымда отырғаныңызға ұзақ болды ма және негізгі міндеттеріңіз қандай?

Ш.М.: 2018 жылдан бері Біріккен Ұлттар Ұйымының әйелдерге қатысты күштеудің алдын алу жөніндегі Мақсатты Қорының «БҰҰ-әйелдер» құрылымының кеңсесінде қызмет атқарамын. Біз бүкіл әлем бойынша әйелдерге қатысты күштеудің алдын алу мақсатында жұмыс істейтін азаматтық қоғамның ұйымдарын қолдаймыз және қаржыландырамыз. БҰҰ Мақсатты Қорына 25 жыл болды, оның әйелдер құқығын қорғау ұйымдары және әйелдер қозғалыстарымен жұмыс жасап келе жатқан ұзақ тарихы бар. Тек 2020 жылы әлемнің 71 елі мен аумағында зорлық-зомбылық құрбандарына қызмет көрсету; әйелдерге қатысты күштеудің алдын алатын заңдар, саясат және жоспарларды жүзеге асыруды жеделдету; және зорлық-зомбылық пен гендерлік теңсіздіктің түбегейлі

себептерін жою арқылы жалпы күштеудің алдын алатын сияқты мәселелер легімен жұмыс жасайтын азаматтық қоғам жетекшілік еткен 150 жобаны қолдадық.

Мониторинг және бағалау маманы ретінде менің рөлімді шартты түрде екіге бөлуге болады. Біріншіден, ғылыми және бағалау әлеуеттерін арттыру үшін және бағдарламалардағы мәліметтерді өзекті ету үшін азаматтық қоғамның ұйымдарымен тікелей жұмыс жасаймын. Өз қоғамдастықтарында бағдарламаларының ықпалын өлшеу әдістерінің неғұрлым оңтайлы, әдепті және қауіпсіз болуына көмектесемін. Жұмысымның екінші және негізгі бөлігі – «БҰҰ-әйелдер» секторында әйелдерге қатысты күштеу мәселелері бойынша ішкі ғылыми-зерттеу функциялары мен әлеуетін дамыту. Бұл жұмыс аса маңызды, өйткені әйелдер мен қыздарға қатысты күштеу үдеп барады: [әлем бойынша әрбір үшінші әйел интим серіктесі немесе серіктесі емес тарапынан дене жарақатын алады не зорланады](#) және бұл көрсеткіш

>>

соңғы он жылда өзгерген жоқ. Сонымен қатар біз зорлық-зомбылықтың алдын алуға болатынын білеміз, сондықтан ондаған жылдар бойы алдыңғы шепте жұмыс жасайтын ұйымдардан үйрену керек. Ғылыми-зерттеу ұсыныстарын жазуға қатысамын, ресурстарды шоғырландырумен, сыртқы зерттеуші командаларын басқарумен және үздік ұйымдармен серіктесе отырып, бірлесе білім өндірумен айналысамын. Содан кейін осы зерттеу менің аталмыш ұйымдарды күнделікті қолдауыма тірек болады. Қысқасы, жұмысым – өзім барлық кезде әуес болған әлеуметтанулық зерттеулер мен даму тәжірибесі арасындағы дамылсыз әрі-бері қозғалыс.

С.Г.: *Сіз бірнеше жыл әртүрлі университетте әлеуметтануды бакалавр, магистр және доктор дәрежесіне оқыдыңыз. «БҰҰ-әйелдер»-де өзіңіздің әлеуметтанулық көзқарасыңыз бен дағдыңызды қалай қолданасыз?*

Ш.М.: Шынында мен ресми түрде он жыл бойы әлеуметтануды оқыдым және күні бүгінге дейін осы пәнді үйренушімін! 2000-жылдардың басында Дели университетінде бакалавр дәрежесін алдым. Жас үнді әлеуметтанушылардың көпшілігі сияқты мені де М.Н. Шпрингас пен оның осы ғылымды және өмір сүріп отырған әлемді түсінуді, әсіресе әлеуметтік құрылым мен өзгерістерді түсінуді ұсынатын құралдары мен әдістеріне деген қалтқысыз сенімі шексіз шабыттандырды. Өзімнің әлеуметтанумен айналысым келетінін және нақты әлемнің мәселелеріне әлеуметтанулық көзқарасты қолданғым келетінін өте ерте ұғындым. Міне сондықтан бакалавр дәрежесін алысымен даму әлеуметтануының, сондай-ақ дамудың өзекті мәселесімен пәнаралық жұмыстың мықты орталығы саналатын Браун университетінде магистр дәрежесін алу үшін Құрама Штаттарға қоныс аудардым. Браунда жүрген кезімде мені құрылымдық күштеу мен әлеуметтік қозғалыстар, сонымен қатар кейбір топтардың басқалармен салыстырғанда белгілі бір жерде белгілі бір уақытта аса жоғары ықтималдықта маргиналдануы (немесе шоғырлануы) қатты қызықтырды. Сонымен қатар, сапалық та, сандық та әдістерді игергеніме қарамастан, үнемі сапалы этнографияға бүйрегім бұрып тұратын. Докторлық диссертациямның арқасында, әлбетте Әлемдік банктегі әлеуметтанушы болуымның нәтижесінде этнографиямен айналыса отырып, Үндістан, Бангладеш, Сербия, Өзбекстан, Иордания, Либерия және т.б. елдердегі ірі көлемді жобаларға қатысу бақытына бөлендім.

БҰҰ-дағы ағымдағы жұмысымда осы құзыреттіліктерді қолдануға келсек, мен оларды күнде қолданамын, себебі әйелдерге қатысты күштеу саласында әлеуметтанулық көзқарасмәселеніңтөркінінзерделеуүшінкүштеудіқолдайтын әлеуметтік құрылымдар мен ережелерді бірлесе даярлау үшін; үкіметтер мен азаматтық қоғамның ұйымдарымен бірге контекстік-тәуелділік жобаларды жасақтау үшін; және осы жобалар бағытталғандар үшін тиімділігін және егер тиімді болса, қалай және неге дегенді бағалау үшін аса маңызды. Мына жерде әлемнің түкпір-түкпірінен 100-ден аса практиктер мен әлеуметтанушылармен бірге үш тілде даярланған әйелдер мен қыздарға қатысты күштеудің алдын-

алу бойынша қандай шешімдердің үздік болғаны көрсетілген құжаттар топтамасынан менің соңғы жұмыстарымның кейбірін таба аласыздар. Бұл өз кезегінде, шынында күрделі мәселелерді, мысалы қиылысатын олқылықтар мен кейбір әйелдер мен қыздар басқаларға қарағанда, неге жиі зорлыққа ұшырайды, қауымдастықтар күштеуді болдырмас үшін қалай біріге алады, азаматтық қоғамның ұйымдары өздерінің күнделікті жұмысында қандай кедергілер мен қарсылыққа ұшырайды және жұмысты жалғастыру стратегияларын қалай бейімдейтінін ашып көрсететін сапалы және аралас әдістердің алғашқы жүйелі шолуы.

С.Г.: *Өз тәжірибеңізде әлеуметтанушылар халықаралық ұйымдардағы жұмыста қандай қиындықтарға тап болатынын байқадыңыз? Ол қиындықтарды қалай жеңдіңіз?*

Ш.М.: Қиындықтан гөрі, менің ойымша, мүмкіндіктер көбірек! Даму бағдарламаларын талдау, дайындау және оны кейін бағалау туралы әңгіме туғанда, әлеуметтанушылар көп нәрсе ұсына алады және табысты пәнаралық ынтымақтастық үшін де мүмкіндіктер ауқымды. Алайда, мен бірнеше мәселені есіме түсіре аламын (кейбірі барлық зерттеушілер үшін әділетті, ал кейбірі мүмкін тек әлеуметтанушылар үшін дұрысырақ) – тек пәндік шекараларды ғана емес, сонымен қатар даму саласы мен даму практикасы зерттеулері шекараларын еңсеру. Басқаша айтсақ, әлеуметтанулық теорияны практикада қалай тиімді қолдануға болады, содан соң, керісінше, теорияны таныстыру үшін практиканы қалай қолдану керек және екеуінің диалогы үшін қалай ауқымды кеңістікті қалай жасауға болады?

Ғылыми зерттеу мен практика әдетте әртүрлі ырғақта жүзеге асады; аман қалған және күштеу құрбаны бола жаздаған әйелдер мен қыздардың қажеттіліктеріне негізделген шешімдерді бірлесе жасақтау үшін тиімді диалог жүргізудің жолдарын табу аса маңызды. Азаматтық қоғам мен үкіметтер күнделікті айналысып отырған мәселелер типіне бағытталған, бірақ әлі де теорияға негізделген, бірақ жылдам енгізілуі тиіс зерттеулерге ғалымдардың көбірек қатысқаны қажет – маған Әлемдік Банктің [Social Observatory](#) деп аталған тобының мүшесі болу бақыты бұйырды, Оңтүстік Азияда аса қызық, ұтымды кіріктірілген зерттеу өткіздік.

Бізге азаматтық қоғам ұйымдарының, әсіресе ондаған жылдар бойы алғы шепте әйелдердің құқығын қорғаған, бірақ өз жұмысын қиындықпен құжаттаған ұйымдардың күнделікті практикасын зерттеп және құжаттауымыз керек, сосын әлеуметтанулық теория арқылы ақпарат алуға мүмкіндік беру аса маңызды. Әсіресе әлеуметтанушылар үшін екінші мәселе – даму тәжірибесінде пайда болатын кейбір негізгі сұрақтарды қайта зерделеудің тіні ретінде этнографиялық зерттеулерді қалай қолдану керектігінде. Осыдан бірнеше жыл бұрын The New York Times-та [“What if Sociologists had as Much Influence as Economists?”](#) [«Егер әлеуметтанушылар экономистер сияқты ықпалды болса ше?»] деген атаумен керемет, терең ойға жетелейтін мақала жарық көрді. Өз мақаласында Мишел Ламон «жобаларда

>>>

жиі қойылатын сұрақтар – экономистер жауап беруге дайын сұрақтар; ал алаңда әлеуметтанушылар саны көбейген сайын қойылатын сұрақтар да біртіндеп өзгере бастайды» деп тұжырымдайды. Олар қалай және неге деген сұраққа, яғни азаматтық қоғам мен үкіметтер басқарып отырған жобалар әлеуметтік жүйелер мен құрылымдардың басым бөлігіне қалай және неге ықпал етеді деген сұраққа көшеді.

С.Г.: Пандемия кезінде әйелдердің құқықтарын нығайту бағытында «БҰҰ-әйелдер» аясында қандай саясат жүргізілді? Сіздің ойыңызша, қай салаларды назардан тыс қалдырып отырмыз?

Ш.М.: Пандемия және бүкіл әлем бойынша оқшаулау шаралары күштеу формасының бірнеше түрін едәуір өршітті, әсіресе, жақын серіктесі тарапынан зорлық (себебі әйелдердің көбі өзін жәбірлеушімен бірге қамалып қалды), серіктессіз жыныстық зорлық, Интернеттегі жыныстық зорлық, зорламақ болған әрекеттер, ал кейбір аймақтарда әйелдердің жыныстық мүшелерін зақымдайтын, сондай-ақ ерте және зорлықпен балаларды некеге отырғызу сияқты дәстүрлі ғұрыптар артты. Саясаткерлер мен қолдаушылардың назарын аудару үшін БҰҰ Мақсатты Қоры азаматтық қоғамның көптеген ұйымдарымен ынтымақтаса отырып, осы тенденциялар туралы үнемі жазады. Оқшаулану әлі де белгісіз мерзімге созылып немесе қайта енгізіліп отырғандықтан, әлемдегі азаматтық қоғам ұйымдары ахуалды созылмалы дағдарыспен салыстырады және өздерінің төтенше жағдайға даярлығы мен тұрақтылығын арттырғысы келеді. Оларға, әсіресе, шағын және бастауыш ұйымдарға бейімделу әлеуетін арттыру үшін жалақыға, медициналық сақтандыруға, байланыс пен транспортқа икемді және негізгі қаржыландыру аса қажет. Карантин азаматтық қоғам ұйымдарының әлеуетін қатты әлсіретті және олардың қызметіне қауіп төндірді. Оларға тиесілі кейбір орындар COVID-19 тестілеу өткізу үшін қайта жабдықталды, қайырымдылық үйлері толы және қызметкерлерінің жұмысы шаш етекпен, ал кейбірі өз кеңселерін жауып, штатты қысқартып, мұқтаждыққа қарамастан қызметкерлерді жұмыстан шығаруға мәжбүр болды. Олар өте қажет, себебі әйелдер әлі де әйелдер құқықтарын қорғайтын жергілікті ұйымдар мен қоғамдық құрылымдарға – WhatsApp, әлеуметтік желілер, сенім телефоны, біреу арқылы немесе тікелей жүгінеді, әйелдер жергілікті қайырымдылық үйлерінен, өзара көмек топтары белсенділерінен, денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінен, діни көшбасшылардан, жергілікті қауымдастық кеңесшілері мен заңгерлердің көмекшілерінен қолдау іздейді.

Осыған байланысты «БҰҰ-әйелдер» құрылымында азаматтық қоғамды қолдауды бұрынғыдан да кеңейте түстік, қомақты ресурстарды тарттық және осы ұйымдарға икемді қаржыландыру ұсындық. Біз оларға құлақ түреміз және олардан үйренеміз¹ – себебі жылдам әрекет ету қызметі ретінде қазір жағдайда бұл ұйымдардың қолында нақты уақыт аясында мәтінделген мәліметтер бар және біз сол мәліметтерді талдау және соларға сәйкес әрекет ету үшін саясаткерлер мен зерттеушілерді оларды тыңдауға және тығыз ынтымақтасуға мәжбүрлеуіміз қажет. Қысқаша

айтсақ, азаматтық қоғамның аман қалған және бастауыш ұйымдарының дауысы саясаттың бастапқы тірегі болуы тиіс, ал әйелдер мен қыздарға қатысты күштеудің алдын-алу саясаты қазіргі уақытқа бейімделуі және мүмкіндігінше локалдық сипатта болғаны дұрыс.

С.Г.: Сонымен, жас әлеуметтанушылар мен халықаралық алаңда мансабын енді бастаған әлеуметтанушыларға айтар кеңесіңіз бар ма? Жұмыс іздеу туралы қандай да бір ұсынысыңыз бен ақпаратыңыз бар ма?

Ш.М.: Пәндер және жалпы теория мен практиканың барлық жақтары бойынша көп оқуға кеңес берер едім. Маңызды сұрақтарды қоядан қорықпау керек! Теориялық білім және әдіснамалық құралдар көмегі арқылы, сонымен қатар осы салада табысқа жету үшін әлеуметтанушылар даму практикасына терең және сыни тұрғыдан қарай алатындай дайындықтан өткен. COVID-19 пандемиясы тәжірибесі гендерлік теңсіздік саласындағы прогрестің тым нәзіктігі мен сақталып отырған мәселелердің көлемін айқындап берді. Қазір барлық салада билікте тұрақты өзгерістерді талап ететін жаңартатын ұстанымдар қажеттігін жоғары дәрежеде мойындаған қауіпті кезеңде тұрмыз. Еңсеруге тиісті мәселе ретінде патриархатты және тамыры тереңге кеткен гендерлік теңсіздікті тікелей орнықтыратын неғұрлым тұтас бағдарламаларды жасақтауымыз керек және біз патриархатты жасайтын, жүзеге асыратын және оны тұғырына отырғызатын қандай идеологиялар мен институттар деген сұрақты қоюмыз керек. Оларды белгілі бір уақытта және белгілі бір жағдайда тұрақты түрде қалай өзгертеміз? Мен бұған әлеуметтанушылар зерттеулерде де, практикада да өз үлестерін қоса алады дегенге нық сенімдімін.

Сонымен қатар мансабын енді ғана бастамақ жас әлеуметтанушыларды анағұрлым көбірек практикалық тәжірибе алуға шақырамын: БҰҰ елдер бойынша бағдарламалары – дамудың күрделі түйткілдерін түбегейлі түсінуге мүмкіндік беретін алаң. Хабарламаларды БҰҰ [UN careers website](https://careers.un.org/) – та табуға болады. Бағдарламаларды даярлау барысынан хабардар болған маңызды екеніне қарамастан, әсіресе екі бөрікті қатар киіп жүргіңіз келсе, осы саладағы үздік зерттеулерден де хабардар болған жөн! Осыған байланысты ХӘҚ сияқты ұйымдарда басқа әлеуметтанушылардан үйрену әлеуетін де ерекше айтқым келеді. Бұл – соңғы жаңалықтардан хабардар болуға, өз ізденістеріңмен бөлісуге және ынтымақтастық орнатуға болатын таптырмас платформа.

Ақырғы айтарым – қос бөрікті басып киіп алған әлеуметтанушылардан көмек сұраудан қысылмандар. Жұмыстың табиғатын толық түсінуіме түлектермен етене араласуымның керемет әдіс болғанын байқадым. Олар күні бүгінге дейін күрмеуі қиын және үнемі алға жылжып отырған даму саласын сараптаудағы мені қолдайтын жүйеде қалып отыр. ■

Хаттарды Шрути Мажумдарға shruti.majumdar@gmail.com жолдауға болады.

1. [United Nations Women \(2020\). Voices from the ground: Impact of COVID-19 on violence against women.](#)

> Украина, Путиннің империялық парадигмасы және Еуро-Америка

Сари Ханафи, Бейрут америкалық университеті, Ливан, Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығының президенті (2018-2023)



Ұсынған: Pixabay/Creative Commons License.

Әлемді дүр сілкіндірген Ресейдің Украинаға қылмыстық шабуылы – оқшауланған ғана емес, сонымен бірге – ерекше соғыс. Оның ерекшелігі – үшінші дүниежүзілік соғысқа айналу мүмкіндігі, дәлірек айтсақ, ядролық соғысқа айналу қаупі. НАТО-ның шығысқа қарай кеңеюі – аран-дату немесе, кем дегенде, палестиналық философ Азми Бишара (2022) айтқандай, «соғысқа апаратын жолдан бас тартпау туралы шешім», дегенмен бұл жойқын шабуылды және ел егемендігінің біржақты бұзылуын ақтамасы анық. Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығы (ХӘҚ) осы соғыстың басында Ресейдің Украинадағы әскери шабуылына қатты алаңдаушылық білдірген мәлімдеме¹ жариялады. ХӘҚ үшін және жеке мен үшін соғыс ешқашан қолайлы шешім емес әрі біз қолдайтын барлық құндылықтарға қайшы. ХӘҚ украиндық әлеуметтік ғылымдар өкілдерімен және басқа елдердегі, соның ішінде Ресей Федерациясы мен Беларусьтегі әріптестерімізбен бірге бұл соғысқа қарсы үн қатып, демократия мен адам құқығын жақтаймыз.²

> Путиннің империялық парадигмасы

Бұрыннан қоғамда дамып келе жатқан либералды-демократиялық идеалдарға Путиннің Ресейі үнемі нұқсан келтіреді. Путин 2000 жылдан бері билігін тиімді жүргізіп қана қоймай, басқа елдердің (Грузия, Сирия, Украина және т.б.) демократияландыру әрекеттеріне қарсы белсенді соғыс жүргізуде. Ол Америка күшінің біржақты көріністеріне ішінара еліктеді (мысалы, Иракты басып алуы), бірақ айырмашылығы – Саддам Күсейіннің Ирак режимі шынымен диктаторлық еді. Украина – НАТО-ға кіру мәселесі айтарлықтай бөгілгеніне қарамастан демократиялық ел. Соңғы сауалнамаларға сәйкес, халықтың жартысынан көбі ЕО-ға кіруді жақтаса, тек 40–50% НАТО-ға кіруді жақтайды (Bishara 2022). Бұл қосұстанымды позиция – саналы, өйткені ол үш векторға негізделген Ресейдің бейшара «ұлы державалық ұлтшылдығын» ескереді: православие шіркеуі мен патшалар

құрған орыс идентификациясы; славян этникалық топтары (Ресей, Беларусь және Украинаны бірдей кеңістік ретінде қарастырады); және төменірек дәрежеде болса да Еуразия (Кеңес Одағының бұрынғы Азия республикаларымен және Қытаймен одақ арқылы Ресейдің ұлтылығы үшін қажет). Маркс XIX ғасырдағы патшалық Ресейді Еуропадағы қайшылық бастионы деп атаса, Путиннің популистік Ресейі өз дәуірінің экономикалық жетістіктеріне қарамастан, тағы да осы азапты рөлді атқарып отыр³. Бұл бұрын мен Сириядағы Ресей (және Иран) соғысы кезінде көрген (және басымнан кешкен) рөл: Путиннің (ішкі және империялық) пардигмасындағы Карл Шмитттің категорияларын бейнелейтін дүниетанымға негізделген және оны орыс философы Александр Дугин танымал еткен «үлкен кеңістік» күшін ұлттық мемлекеттен тыс және «бірегейлік демократияны» жобалаудағы тәжірибе (Lewis 2020).

> Төрт сабақ

Бұл мақалада өзімнің талдауыммен әлеуметтанушы ретінде ғана емес, Таяу Шығыста тұратын адам ретінде де бөлісіп, осы соғыстан ой түйетін төрт сабақты ұсынамын.

Біріншіден, Еуро-америкалық халықаралық қатынас-тардың дискурсы мен тәжірибесінде қос стандарт бар. Жаһандық Оңтүстікте қарсылық, бойкот және ынтымақтастық үшін күресушілер сияқты ұғымдарға тыйым салынса, ал дәл осы ұғымдар Украинадағы соғысты сипаттауда оң коннотацияға ие болды. Израиль әлеуметтанулық қауымдастығы президенті Лев Гринберт⁴: «Израильдің 55 жыл бойы Палестина территорияларында әскери жаулап алушы болуы мүмкін, бұл халықаралық құқықтың айқын бұзылуы, бірақ бірде-бір Батыс елі оған қарсы санкциялар салмағаны қалай?», – деп турасын жазды. Ал кейбір батыс елдерінде палестиналық бойкот, иеліктен шығару, санкциялар (BDS) қозғалысын криминализациялай отырып, көптеген еуропалық ғалымдар Ресей ғалымдарын институттық та, жеке тұлғалық тұрғыдан да толық бойкот жариялауға шақырды.

Екіншіден, қалайша әлемнің басқа аймақтарындағы соғыстың қатыгездігі Украинадағы соғыс сияқты еуроамерикалық реакцияны тудырмады? Сирияда өскен палестиналық өмірім туралы айтудың әртүрлі тәсілдері бар. Олардың бірі – өз өмірімнің қысқа ғана бейбіт сәттері болған аймақтағы соғыстарда өмір сүргенім: 1967 және 1973 жылдардағы араб-израиль соғыстары; 2000-2005 жж. аралығындағы – Палестина территориясындағы Израиль соғысы – Екінші интифада; 2008, 2012, 2014, 2021 жылдардағы

>>>

Газа секторындағы Израиль соғысы; 1982, 2006 жылдардағы Ливандағы Израиль соғысы; 1980-88 жылдардағы Ирак-Иран соғысы; 1991 жылы Кувейтке басып кіру; 1991, 2003 жылдардағы Ирак соғысы; 2011 ж. – бүгінге дейінгі Сириядағы соғыс; 2014 – бүгінге дейінгі Йемендегі соғыс; және 2014-2020 ж.ж. аралығындағы Ливиядағы соғыс. Бұл қатыгез соғыстар жаппай қырып-жою, қайғы-қасірет, қоныс аудару және сайып келгенде өлім-жітім деңгейі Украинаға қарағанда, әлдеқайда жоғары болды. Батыс державалары реакция жасап, жұмсақ әрекет етуді жалғастыруда және көбінесе тұрақтылық үшін және экономикалық себептерге сәйкес отарлық державаны (Израиль) немесе диктаторларды (Парсы шығанағы мен Египет) қолдайды.

Үшіншіден, тарихи империализмге немесе қазіргі Еуро-америкалық неокOLONиализмге бағытталған кейбір постколониалдық сыншылар басқа дамып келе жатқан империялардың ықпалын және адалдық кеңістігін жаулап алуға қатыгездік дәрежесін көруге қауқарсыз болды. Ресей, Иран, Израиль, Түркия және Парсы шығанағы монархиялары – Таяу Шығыста әрекет етуші аса маңызды империялар, олардың кейбірінің әскери қимылдары отаршылдықты, кедейлік және авторитаризмді тудырды. Бұл тұрғыда Лаура Дойлдың «империалдылық» ұғымы пайдалы, өйткені ол бізге империяларды тек дәйекті ғана емес, сонымен қатар көбінесе параллель әрекет етіп, «күтпеген, кейде ирониялық салдары бар, қазіргі империялық оқиғалардың өзара қалыптасқан, аса кездейсоқ және интерактивті саясатын» түсінуді ұсынады (Doyle 2014). Осылайша, бұл көпвекторлы динамика немесе ризоматикалық империялардың тек толқындық ықпалы ғана емес, сонымен қатар олар көбіне күш арқылы өзараықпалдасады, институттық түрде орналасады және стратегиялық түрде жүзеге асады.

Төртіншіден, академиялық ортадан орыстар мен белорустарды толығымен бойкоттауға үндеу академиялық топтардағы құндылықтарға қайшы келеді. Мен отаршыл немесе авторитарлық державалармен байланысы бар кез-келген мекемеге қарсы институттық бойкот жариялайтын адамгершілік міндеттемеге сенемін, ал ол жеке тұлғалық деңгейде болмауы керек. Қақтығыстарды өз көзімен көргендермен қарым-қатынас әртүрлі тәсілдерді тыңдау және ашық, белсенді диалогты қалыптастыру үшін маңызды. Бұл дегеніміз, либералды демократиялық идеяларды ұстанатындарды қолдау жеткіліксіз, сонымен қатар біз осы идеалдарды ішінара немесе толығымен қабылдаудан бас тартқандарды мұқият тыңдап, ұстанымдарды біріктіре және эмоциялық, моралдық және саяси стратегияны ілгеріте отырып, академиялық ортада делдалдық рөл ойнауымыз керек деген сөз. Радикалды сыни әлеуметтік теорияға қарсы тұрып, мен билікті сынаумен бірге, онымен диалог жүргізе алатын сыни теорияны жақтаймын. Академиялық дискурс интеллектуалды адалдық пен әлеуметтік жауапкершілік қағидағтарын сақтай отырып жүзеге асуы тиіс екенін қайта-қайта айту қажет емес. Үгіт-насихатты, арандатушылықты, басқа адамдардың мәдениетін қорлауды және жеккөрушілікті жоққа шығаратын бұл жауапкершілік академиялық еркіндікті қарапайым сөз бостандығынан гөрі терен/жоғары етеді. Академиялық ортаның рөлі: саясатты бірлесудің шарықтау шегі – өз тобының басқа мүшелерімен бірге күресуге және өлуге дайын болу; диссоциацияның/жіктелудің ақырғы шегі – дұшпан топтың мүшелерін өлтіруге дайын болу деп

қарастыратын, Шмиттің дос пен мен жау тұжырымдамасынан босату. Мен, егер саяси либерализм өмір сүргісі келсе, ол өзінің сыни қарсыластарының идеяларын байыпты қабылдауы және оларды жоққа шығармауы керек деген, тарихшы Амит Варшавскимен толық келісемін. Ол екінші дүниежүзілік соғыстан кейін неміс философы Эрнст Кассирердің жазғанын еске салады: «жаумен күресу үшін Сіз оны білуіңіз керек. Бұл – ақылға қонымды стратегияның алғашқы қағидаларының бірі. Оны білу – кемшіліктері мен әлсіз жақтарын білу ғана емес, күшін білуді білдіреді. Бәріміз осы күшті бағалаймыз... Саяси мифтердің шығу тегі, құрылымы, әдістері мен әдістерін мұқият зерттеуіміз керек. Қалай күресу керекін білу үшін қарсыласты бетпе-бет көруіміз керек».⁵

> Қорытынды: ынтымақтастық деңгейінің жоғарылауы

Қорытындылай келе, әлеуметтік азапқа қарсы тұра отырып, біз туыстарға, көршілерге, ұлтқа және жалпы адамзатқа қатысты әр түрлі ынтымақтастық деңгейлерін қалыптастыру үшін табиғи Мосстық әлеуметтік махаббат сыйлығына қатысты адамгершілік пайымдауды қолданғанымыз абзал. Барлығымыз, адамзатқа және Ян-Кристоф Хайлингер (2019) «космополиттік міндеттемелер» деп атаған, ынтымақтастық максималды формасына ұмтылғанымызбен, Украинадағы соғыстың ықпалына еуропалық реакция әлдеқайда мәдени, еврей-христиандық ұқсастықтармен, сайып келгенде, космополитке қарсы ұлтшылдық бірегейлікпен қоректенетін ынтымақтастық деңгейін айқын көрсететінін мойындауымыз керек. Мен мұны академиялық жазбаларда, сондай-ақ негізгі қоғамда және әлеуметтік желілерде босқындарға әркімді көзқарас, яғни сириялық, ауған және африкалық босқындарды украиналықтармен салыстырғанда қалай қабылдағаны туралы естіген сынды кейбірін нақтылау үшін айтып отырмын. Сондай-ақ, мұндай әртүрлі моральдық ойлар арқылы әркімді қабылдау тек нәсілдік тұрғыда орын алады немесе оны таза нәсілшілдіктің көрінісі ретінде қарау сынды кез-келген қарапайымдандыруға болмайтынын ескеруіміз керек. Осыны ескере отырып, батыс ғалымдары арабтар мен мұсылмандар арасындағы мәдени/діни жақындықты мойындауға дайын болуы және оны жүйелі түрде сектанттық сезім ретінде қарастырмауы қажет. ■

Хаттарды Сари Ханафига <sh41@aub.edu.lb> жолдауға болады.

Қолданылған әдебиет:

- Bishara, A (2022) "Russia, Ukraine and NATO: Reflections on the Determination to Not Avoid the Road to War." The Arab Center for Research and Policy Studies.
Doyle, L (2014) "Inter-Imperiality: Dialectics in a Postcolonial World History." *Interventions* 16(2): 159–96.
Heilinger, J-C (2019) *Cosmopolitan Responsibility: Global Injustice, Relational Equality, and Individual*. Berlin ; Boston: de Gruyter.
Lewis, DG (2020) *Russia's New Authoritarianism: Putin and the Politics of Order*. First edition. Edinburgh: Edinburgh University Press.

- <https://www.isa-sociology.org/en/about-isa/isa-human-rights-committee/isa-state-ment-on-the-russian-military-offensive-happening-in-ukraine>.
- The ISA also added to its website a list of all institutional [anti-war statements](#) (from national sociological associations and research committees and other academic as-sociations) including the Ukrainian Sociological Association.
- <https://litci.org/en/once-again-bastion-of-reaction/>.
- <https://www.972mag.com/ukraine-lebanon-russia-israel/?fbclid=IwAR0Qq6eemWkOmPJfJzIPOISVAeOmCpHmYQUKew7RwXHO1vDjZ6LDxttss>.
- <https://www.haaretz.com/world-news/.premium.HIGHLIGHT.MAGAZINE-to-under-stand-putin-you-first-need-to-get-inside-aleksandr-dugin-s-head-1.10682008>.
- Of course some of this criticism is justified. See for instance H.A. Hellyer's article "Coverage of Ukraine has exposed long-standing racist biases in Western media" <https://www.washingtonpost.com/opinions/2022/02/28/ukraine-coverage-media-racist-biases/>.

> Капитализм және жаһандық теңсіздік

Уилям И. Робинсон, Калифорния университеті, Санта-Барбара, АҚШ



Ганадағы кедейлік шырмалған қала көшесіндегі көрініс. Ұсынған: Jenna/Flickr, Creative Commons лицензиясы.

2018 жылы Oxfam халықаралық даму агенттігінің мәліметтері бойынша ең бай адамдардың 1% әлемдік байлықтың 52%, ең байлардың 20% толық 95% иеленсе, ал қалған 80%, яғни адамзаттың басым көпшілігі — тек 5% қанағаттануы керек еді. Егер Oxfam есебі жарияланған кезде мұндай теңсіздік терең болып көрінсе, кейінгі жылдары ол күшейе берді. 2021 жылы жарияланған Oxfam-ның соңғы есебіне сәйкес, коронавирустық пандемияның алғашқы алты айында әлемдегі бай адамдар өздерінің байлығын таңғажайып 10 триллион долларға арттырды, ал эпидемия кезінде әлемнің барлық дерлік елдерінде теңсіздік байқалды.

> Капиталистік экспансия және дамудағы теңсіздік

Теңсіздікті зерттейтін радикалды әлеуметтанушылар, оның жақтастарына қарағанда, мұндай әлеуметтік поляризация капитализмге тән, өйткені капиталистік тап байлықты өндіру құралдарына ие, сондықтан қоғам бірлесіп шығаратын байлықтан мүмкіндігінше көп пайда алады. Сондай-ақ, олар жүйе 500 жылдан астам уақыт ішінде капиталды жинақтау үшін жаңа мүмкіндіктерді іздеуде (кірісті ұлғайту үшін) үнемі кеңейіп келе жатқанын атап өтті. Капитализм өзінің алғашқы отаны Батыс Еуропадан отаршылдық, империализм және салыстырмалы

>>

түрде соңғы жаһанданудың үздіксіз толқыны арқылы бүкіл жер шарына тарады. Жиырма бірінші ғасырдың басында бұдан былай жүйеден тыс қалатын ұлттар немесе халықтар болмады.

Әлеуметтанушылар әлемдік капиталистік жүйе теңсіздіктің өзара байланысты екі формасын тудыратынын атап өтті. Олардың бірі – бүкіл әлемдегі байлар мен кедейлер арасындағы, Оксфам өз есептерінде атап өткендей, яғни адамдар арасындағы теңсіздік. Екіншісі – әлем халқының бай және кедей елдерге бөлінуі немесе елдер арасындағы теңсіздік. Дүниежүзілік Банктің мәліметтері бойынша, Конгодағы орташа жылдық табыс жан басына шаққанда 785 долларды құрайды, ал XIX ғасырдың аяғында Конгоны отарлаған Бельгияда 47 400 долларды құрайды. Академиялық лексикада отаршылдық арқылы әлем поляризацияланды: Батыс Еуропа, Солтүстік Америка және Жапония елдерін қамтитын, «Бірінші Әлем» бай ядросына айналса, ал Латын Америкасындағы, Африкадағы және Азиядағы ғасырлар бойы отаршылдық пен осы ядроның үстемдігінен зардап шеккен аймақтар «Үшінші Әлем» периферияға жатқызылды. Соңғы жылдары ғалымдар мен сарапшылар бұрынғы үшінші әлемді Жаһандық Оңтүстік, ал бұрынғы бірінші әлемді Жаһандық Солтүстік деп атады.

Карл Маркстің капитализмді талдауы және большевиктік революция жетекшісі В.И. Ленин мен оның социалистік революционерлер ұрпағы ұсынған империализмнің классикалық теорияларына сүйене отырып, радикалды саяси экономистер мен халықаралық ғалымдар екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде тәуелділіктің, әлемдік жүйелердің және дамудағы артта қалудың жаңа теорияларын жасады. Олардың пайымдауынша, отаршылдық әлемдік экономиканы былайша ұйымдастырды: периферияда алынған байлық ядроға қайта құйылып, біріншілері кедейленіп, екіншілері байып отырды, ал бұл Жаһандық Оңтүстік пен Жаһандық Солтүстік арасындағы теңсіздікті түсіндіреді. Демек, олардың пікірінше, капитал кеңістікте біркелкі жиналмайды, сәйкесінше кейбір халықтар дамыған, ал басқалары кенжелеп қалуда.

> Жаһандық теңсіздіктің өзгермелі құрылымы

Алайда, ғасырдың басында бірнеше жаңа тенденциялар әлем елдері мен халықтарының мұндай үстіртін бөлінуіне күмән келтірді. Біріншіден, бұрынғы үшінші әлемнің кейбір елдері, әсіресе Шығыс Азия, индустриялық дамып, экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) сияқты бай елдердің клубына қосылды. Екіншіден, тіпті ең кедей елдерде де жаһандық тұтынушылық мәдениетке біріктірілген қуатты капиталистік таптар, жоғары

тұтынушылық қабілетке ие орта таптар пайда болды. Үшіншіден, II Дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде өркендеген дәстүрлі бай елдердегі жұмысшы табы, соңғы жылдардағы жаһандану нәтижесінде тез төмендейтін ұтқырлықты, әлеуметтік–экономикалық тұрақсыздықты және олардың өмір сүру деңгейінің төмендеуін бастан кешірді – кейбір әлеуметтанушылар оны жұмысшы табының «үшінші әлемденуі» деп атады.

Жақында швейцариялық UBS банкі жариялаған баяндамада әлемдегі миллиардерлердің көпшілігі Америка Құрама Штаттарында екендігі айтылған, бірақ аса бай адамдардың саны бүкіл Азияда жылдам өсуде. Қазір әлемдегі әрбір бесінші миллиардер тұратын Қытайда апта сайын екі жаңа миллиардер пайда болады. Мен трансұлттық капиталистер табы деп атаған Бразилия, Мексика, Үндістан, Сауд Арабиясы, Египет және басқа да елдер капиталистері, қазір әлемдік экономикаға триллион доллар инвестициялауда. Forbes есебіне сәйкес, басқа жерге қарағанда, бұрынғы Үшінші әлемдегі өте ауқатты адамдар саны жедел артып отыр. «2012 жылдан 2017 жылға дейін Бангладеште өте бай адамдар саны 17,3% өсті» – делінген онда. Осы уақыт аралығында Қытайда өсім 13,4% құраса, Вьетнамда ол 12,7%. Кения мен Үндістан екі сандық көрсеткішке ие елдердің қатарына қосылды, сәйкесінше 11,7% және 10,7%.

Кейбіреулер осы тенденцияларға негізделген дәлел келтіреді, бұл географиялық аймақтар немесе аумақтар тұрғысынан емес, трансұлттық халықтар тұрғысынан Жаһандық Солтүстік пен Жаһандық Оңтүстікке сілтеме жасаудың мағынасы көп болуы мүмкін. Бұл тұрғыда, Жаһандық Оңтүстік бұрынғы үшінші әлемнің кедей халықтарына, бірақ сонымен бірге символдық түрде әлемнің бай аймақтарында кедейлер мен қабылданбағандарға жатады, ал Жаһандық Солтүстік – дәстүрлі бай елдерде де пропорционалды түрде шоғырланбаған билік пен байлық орталықтарына, сонымен қатар бүкіл әлемдегі билік орталықтарын қолдайтын, басқаратын және пайдаланатын бай және күштілерге жатады. Әлеуметтанушылар тарапынан бұл мәселелерді талқылау аяқталмаса да, бір нәрсе анық: кез-келген әлеуметтік әділеттілік тұрғысынан байлықты әлем халқының кедей көпшілігінің пайдасына түбегейлі қайта бөлуіміз керек. Бұл, біз қаласақ та, қаламасақ та, әлемдік капиталистік жүйеде осы әлемнің күшті әлемімен қарама-қайшылықты талап етеді, өйткені әлемдік экономиканы басқаратын трансұлттық корпоративті элита – жоғарыда аталған Oxfam есебінде анықталған адамзаттың бір пайызы – оның байлығы мен күшінің кез-келген сынағына қарсы тұрады. ■

Хаттарды Уилиям И. Робинсонға <w.i.robinson1@gmail.com> жолдауға болады.

> Латын Америкасындағы платформалық капитализм

Патрисия Вентричи, Centro de Estudios e Investigaciones Laborales (CEIL-CONICET), Universidad de Buenos Aires, Аргентина



Гиг-экономиканың уругвайлық жұмыскері. Тамақты жеткізу қызметі – цифрландыру мен тұрақсыздық арасындағы байланыстың нақты мысалы. Ұсынған: Ted McGrath/Flickr, Creative Commons.

СОVID-19 пандемиясының өршуімен экспоненциялық артқан технологиялық корпорациялардың қарқынды өсуі Латын Америкасындағы платформалық капитализмнің дамуын жылдамдатты және Жаһандық Оңтүстіктегі капитал, еңбек және олардың мутациясы айналасындағы кейбір пікірталас пен құбылыстарды тереңдетті.

> Цифрлық меритократия және «дамуға секіріс»

Аймақтың бірнеше елінде – Аргентина мұның айқын мысалы – «білім экономикасы» ұзақ күткен «дамуға секіріс» жасауға және халықаралық алаңда жаңа орын алуға тарихи мүмкіндікті беретіні туралы идеяны қолдайтын қоғамдық дискурстың шоғырлануы байқалуда. Осындай нарративтің негізінде аймақтағы бірқатар елінің – Аргентина, Бразилия, Мексика – жаһандық деңгейдегі цифрлық корпорацияларды («Unicorns [Юникорндар]» деп аталады, ал олардың америкалық қаржы нарығындағы

>>

айналымы бір мың миллионнан астам долларды құрайды») құру мүмкіндігі жатыр.

Сондай-ақ, осы сапалы секірісті калифорниялық рухта әлеуметтендірілген, негізінен агробизнеспен, ал ауыр капитализмнің кейбір іргелі салаларымен әлсіз байланысты жергілікті және дәстүрлі олигархияға қарсы жаңа кәсіпкерлік элита басқармақ. Анықтамасына сай жаһандық кәсіп және рух арқылы қозғалатын, уақыттың доминантты тілінен бастау алатын жас көшбасшылар жаңа фракциясы өздерін мемлекеттік субсидияларға үнемі тәуелді, бәсекеге қабілетсіз, провинциялық, консерваторлық, тым қатал және әрқашан аздап анахронистік деп сипатталатын дәстүрлі «ұлттық буржуазияға» қарсы қояды.

Осылайша, армандаған шумпетерлік экономика да цифрлық меритократия сиқырымен енді осы жерлерге орныға алады. Цифрлық экономика экожүйесі ескі рентаға негізделген олигархияны жеңуді білдіреді. Startup және unicorn [стартап және юникорн] – перифериялық елдер үшін қажетті капиталистік прогрестің жаңа атаулары.

> Болашақтың қос қыры: цифрландыру және тұрақсыздық

Дегенмен, қарқынды дамып, бірақ іргетасы енді ғана қаланып жатқан бизнестің бұл түрі өңірдегі шындықтаймақтағы нақтылықтың фрагменттелгенін және қарама-қайшылығын, яғни цифрландыру мен тұрақсыздықтың байланысын платформалық экономиканың дамуы үшін материалдық база ретінде көрсетеді. Әлеуметтік дуалдылықтың тереңдеуіне бағытталған осы қозғалыс еңбек әлемінде цифрлық платформалар қалыптастырған реконфигурациялардың басқа деңгейлерінен де көрініс табуда. Қазіргі таңда аймақта «еңбек болашағы» туралы пікірталаста қарама-қайшы басым екі сипат бар: бір жағынан, индустрияның бағдарламалық қамсыздандыруымен байланысты жаңа жұмыс орындарының күрделілігі; екінші жағынан, қосымшаларға (Uber, Glovo және Rapri жүргізушілері, тұрмыстық қызмет көрсету және т.с.с.) тапсырыс беру арқылы жұмыс жасайтын платформалық жұмысшылардың гипер тұрақсыздығы. Пирамиданың ұшында орналасқан біріншілер кәсіби жоғары, сонымен қатар долларға шаққандағы еңбекақыларының едәуір төмендігіне қарамастан, осындай жұмыстарды атқаратын жұмыс күшінің жетіспеушілігінен олар (инженер-бағдарламашылар, веб-дизайнерлер, деректер ғалымдары, жүйелік талдаушылар) жергілікті жағдайларда еңбек шарттарындағы артықшылықтарға ие. Осы дефицит – бизнесін кеңейту үшін осындай жұмыс күшіне тәуелді жергілікті компаниялардың басты проблемасы. Шындықтың екінші бетіндегі микро-еңбекпен қамтамасыз етілу аса тұрақсыздығының еңбек қатынастарындағы дерегуляциялау үлгісінің шоғырлануы мен өте икемді болуды талап етуі Аргентина сияқты кейбір елдерде еңбекті қорғау саласында қол жеткізілген

тарихи жетістіктерді түбегейлі деконструкциялауды білдіреді. Осы бағытта «тәуелсіз» жұмыстың жаңа түрлері жаңашылдық болатын еңбек нарығындағы еңбекті платформалау өте жоғары деңгейдегі бейресмиліктің кристалдану іргетасын қалайды.

> Аса маңызды әңгіме: кәсіпкерлік

Материалдық тұрғыдан алшақ аспектілерді бағыт сызығы символдық операциялар деңгейінде біріктіреді: кәсіпкерлік дискурсы. Бұл корпорациялық тамырлардың символдық конструкциялануы және ол ресми идеологияға айналды, ал оның нәтижелі бейнесі платформалық компаниялардан көрініс тапты. Бұл еркіндік, батылдық, инновация, автономия, тәуекел және гиперөнімділіктің диффуздық идеясынан шығатын әлеуметтік шарттылықтан абсолютті еркіндік иллюзиясындағы гипериндивидуалданған субъект қалыбындағы фигура еңбегін ақтайды. Өңірдің ірі технологиялық корпорациялары дискурстық дивайстарда әлеуметтік құрылымның ең алшақ бөліктері көзқарастарына терең енетін және олардың мүдделеріне жауап беретін ортақ мәнді қалыптастыруда нәтижелі құралды тапты. Латын Америкасының қазіргі ауыр дағдарысы жағдайында техно-либералды-цифрлық рухты кәсіпкерлік шынында да әлсіреген және құлдыраған кейінгі неолиберализмнің жұмыс жасауы үшін әрекет етуде.

Осылай, минимум әлеуметтік қолдаудың күйреуі мен мемлекеттің, әсіресе перифериялық капитализмнің «сәтсіз» мемлекеттерінің, жалпы әлсіреуі шарттарында корпорациялардың күтпеген капиталды шоғырландыруы жағдайында еркіндіктің – шындығында, нарық еркіндігінің – диффуздық идеясын белсенді қорғауда айқын парадокс пайда болды. Кәсіпкерлік дискурсының әрекеті тұрақсыздықтың күнделікті тәжірибесімен байланысты уайымды тәуекел адреналиніне және шарасыздықты индивидуалдық мүмкіндікке айналдыруға бағытталған. «Мүмкіндіктерді кеңейтудің» дәл осы соқыр тәуекелшілдігі әлеуметтік азапты жекешелендіруге және кедейленген материалдық жағдайлары мен гиперөнімділіктің орындалмаған мандаттарымен екі есе күшейтілген субъект кінәсінің жоғары деңгейіне айналады.

Жаңа әлеуметтік конфигурацияның алға жылжуы қазіргі заманның ұлы түйткіліне ортақ мән мен ұжымдық ұйымдасудың жаңа көкжиегін қалыптастыруы тиіс жаңа күрделілікті қоса жүктейді. Қарсылықтың басты кейіпкерлері – кәсіподақтар мен қоғамдық қозғалыстар осы түйткілдің негізгі агенттері, ал олардың дағдарыстағы әлеуеті анахронистік логиканы бұзып, орын алған дилемаларға сәйкес келетін ұжымдық формаларды қайта құра алу қабілетіне байланысты. ■

Хаттарды Патрисия Вентричиге <patriciaventrici@gmail.com> жолдауға болады.

> Капиталаралық жүйе:

молекуляр және органикалық таптар

Естебан Торрес, Universidad Nacional de Córdoba-CONICET, Аргентина

Әлеуметтік өзгерістер үдерісінің ілгерілеуіне түсінік беру үшін әлемдік қоғамның ұлттық¹, аймақтық және жаһандық салаларында бір уақытта орын алатын әлемдік иемдену ойынының (WAG) тарихи эволюциясына назар аудару қажет. Мен WAG – немесе әлемдік билік ойынын – алты тарихи жүйенің: капиталистік жүйенің, мемлекеттік жүйенің, коммуникациялық жүйенің, нәсілдік жүйенің, патриархаттық жүйенің және табиғи жүйенің қиылысында пайда болатын өзара әрекеттесудің ауыспалы өрісі ретінде анықтадым. 19 ғасырдан бері капиталистік жүйе – әлемдік қоғамның орталық материалдық өлшемі. Бұл оны жеңілдетілген түрде үстем жүйеге айналдырады.

Капиталистік жүйенің әлемдік иемдену ойыны эволюциясының нәтижесінде пайда болған орталық трансформациясы әлемдік таптың жаңа құрылымын қалыптастырумен байланысты. Қарастырылып отырған әлеуметтік таптар Маркс пен Вебер парадигмалық тұрғыдан тұжырымдаған XVIII-XIX ғасырлардағы алғашқы еуропалық өнеркәсіптік қалалардың топтарымен байланысы аз. Егер маркстік таптық құрылым негізінен капиталистік және жұмысшы таптар арасындағы жеңілдетілген антагонистік қатынастар арқылы анықталса, онда қазіргі әлемдік қоғамның таптық құрылымы ең алдымен молекуляр және органикалық таптар арасындағы диалектика негізінде анықталады. Егер бірінші жағдайда өндіріс құралдарына меншікке қауіп төнсе, онда екіншісінің конституциясы әуелі табыс көзімен сипатталады.

> Молекуляр таптар

Молекуляр тап негізінен индивид табысының құрылымымен байланысты тәуелділік әдісі және экономикалық пайдалану ретінде анықталуы мүмкін. Молекуляр таптың субъектісі – топ емес, индивидуум. Кем дегенде, жиырмамыншы ғасырдың аяғынан бастап әлемдік қоғамның әрбір ұлттық саласы молекуляр таптық құрылым арқылы қалыптасты.

Бұл өз табиғатында таптың төрт түрін ажыратады: пайдаға тәуелді тап (ПТТ), еңбекке тәуелді тап (ЕТТ),

көмекке тәуелді тап (КТТ) және қылмысқа тәуелді тап (ҚТТ). Жеке адамның кез келген уақытта белгілі бір молекуляр тапқа жататынын анықтайтын нәрсе – негізгі табыс көзі. Егер кірістің негізгі көзі өзгерсе, жеке тұлға «қайта жіктеледі». Өз кезегінде әрбір индивид белгілі бір уақытта тек белгілі молекуляр тапқа ғана емес, сонымен қатар осы таптың белгілі бір қабатына да жатады.

Индивидуумның таптық қабаты табыс мөлшерімен байланысты экономикалық жағдайына байланысты анықталады. XXI ғасырдағы ахуалға сәйкес әлемдік қоғамның ұлттық салаларында бес таптық қабат айқындалады. Жоғарыдан төменге қарай жоғары, орта, төмен және кедей қабаттарды атаймын. Жоғары деңгейлі қабатқа жататын адам – супер элитаның, өсе түскен және даудан көз ашпайтын миллиардерлер әлемінің бөлігі. Жоғарғы қабатқа жататын индивид – инфра элитаның бөлігі. Жоғары тап өкілдерінің бұл жұбы элиталық алаңды құрайды. Екінші жағынан, орта, төменгі және кедей таптарға жататын адамдар танымал өрісті құрайды. Соңғысы маңызды ішкі айырмашылықтары бар алаң болуымен ерекшеленеді.

Осылайша, заманауи таптық теориялардың айырмашылығы, тап – стратификация өлшемі емес; әрбір тап стратификацияланған және әрбір қабат таптар қабаты. Молекуляр тап бірнеше қабатта жүзеге асырылуы мүмкін, ал қабат бірнеше тапты біріктіруі мүмкін.

> Органикалық таптар

Молекуляр таптық қатынастар әрбір ұлттық саладағы индивидтер таптарының құрылымдық және өзара әрекеттесу тәсілдерінен туындаса, онда органикалық таптық қатынастар жаһандық саладағы елдер мен аймақ таптарының құрылымдық және өзара әрекеттесу тәсілдеріне негізделеді. Органикалық тап ұлттық және/немесе аймақтық молекуляр тап құрылымына баламалы. Органикалық тап ұлттық жүйені бағындыру мен экономикалық орналастырудан тұрады, ол ең алдымен оның табыс құрылымы негізінде құрастырылған. Органикалық таптардың бүкіләлемдік желісі бар екенін түсіне отырып, капиталистік экономикалық жүйенің

>>

“Біз, әдетте “капиталистік жүйе” деп атайтын нәрсе метажүйе, асимметриялы өзара әрекеттесудегі капиталистік жүйелер жүйесі”

жалпы және дара тұжырымдамасынан капиталаралық жүйе идеясына көшуге болады. Осылайша, менің көзқарасым бойынша, біз әдетте «капиталистік жүйе» деп атайтын нәрсе метажүйе, асимметриялы өзара әрекеттесудегі капиталистік жүйелер жүйесі, ұйым түрінде іштей сараланған, бірақ максимизацияның абстрактілі логикасы емес.

Капиталаралық жүйеде органикалық таптардың үш парадигмалық түрі өзара әрекеттеседі: (1) білімге тәуелді тап (БТ = ақпараттық капитализм); (2) өнеркәсіпке тәуелді тап (ӨТ = өнеркәсіптік капитализм); және (3) тауарларға тәуелді тап (ТТ = тауарлық капитализм). Өз кезегінде, бір-бірін анықтайтын органикалық тап қабаттарының бар екенін тануға болады: орталық және перифериялық. Субаймақтың, елдің немесе континенттің осы қабаттардың біріне жататындығы олардың экономикасының көлеміне байланысты олардың жаһандық экономикалық жағдайын көрсетеді.

XIX ғасырдағы капиталаралық жүйені мондиализациялаудан² бері БТ және ӨТ органикалық таптары орталық қабатта, ал ТТ органикалық табы шеткі қабатта ұдайы өндіріледі. Осылайша, елдер немесе аймақтар табы оның органикалық тапқа немесе стратаға да тиесілі қос мүшелігі негізінде анықталады. Органикалық таптар молекуляр таптардың әлемдік материалдылығының өзегін анықтайтынын ерекше атап өту маңызды. Бұл дегеніміз, әрбір индивидуум, дәлірек айтқанда, барлық индивидуумдардың барлық

таптары орталық немесе перифериялық жүйеден шығып, құрылады. Мұндай оқшаулану жеке сипаттағы материалдық детерминацияның қосымша көзін білдіреді. Осылайша, әлемдік қоғамдағы индивидуумдардың әрбір табы молекуляр және органикалық қосарланған бағыну мен қосарланған орналасудан тұрады.

1980 жылдардан бастап ұлғайып келе жатқан заманауи мондиализация процесі капиталаралық жүйенің таптық құрылымының мондиализациясының күшеюімен де байланысты. Осы даму мен таптық теңсіздіктер әртүрлі ұлттық қоғамдардың экономикалық құрылымындағы адамдар таптары арасындағы теңсіздіктер ғана емес, сонымен бірге, ядроға әлемдік еңбек бөлінісінде елдердің (және аймақтардың) таптары арасындағы теңсіздік болды.

Аталмыш жаңа ұстанымға сәйкес молекуляр таптар мен органикалық таптар актор ретінде қарастырылмағанын атап өту маңызды. Қазіргі әлеуметтік тап теориясынан айырмашылығы, оның тапқа тән іс-әрекет логикасы жоқ. Жеке адамдар таптары мен елдер таптары алдын ала белгіленген мүдделер былай тұрсын, әлеуметтік субъектілер емес. Кем дегенде, Бурдьё заманынан бері бұл әлеуметтік факт анық. Индивидуумдар табы іс жүзінде әрекет еткенде жеке субъектіге айналады, ал компаниялар, штаттар, кәсіподақтар, қоғамдық қозғалыстар және т.б. құрған немесе біріктірген кезде ұжымдық субъектілерге айналады. Әлеуметтік әрекетті осы әлемдік деңгейдегі құрылымды ескермей ешбір жағдайда түсіндіру мүмкін емес³. ■

Хаттарды Естебан Торреске <esteban.torres@unc.edu.ar> жолдауға болады.

1. «Жаһандық» және «әлемдік» арасындағы айырмашылық мұнда орталық мәнге ие. Менің түсінуімше, жаһандық – әлемдік қоғамның әр ұлттық орналасуынан кеңейетін немесе қысқартатын түрде қалыптасатын ерекше сала, ал әлем көптеген жаһандық салалардан тұрады. Дәлірек айтқанда, әлем саналуан ұлттық, аймақтық және жаһандық салалардан тұрады (қараңыз: Э. Торрес, «Әлемдік парадигма. Әлеуметтану бойынша ұсыныс», Жаһандық Диалог 11.1, <https://globaldialogue.isa-sociology.org/uploads/imgen/2249-v11i1-kazakh.pdf>, бет 41-42.)

2. Жаһанданудан айырмашылығы әлемдік қоғамның кеңеюі.

3. Капитализмнің бұл теориясы *The Intercapital System: The New Economy of World Society* [«Капиталаралық жүйе: әлемдік қоғамның жаңа экономикасы»] атты кітабымда дамыған (баспаға дайындалуда). Жаһанданудан айырмашылығы әлемдік қоғамның кеңеюі.

> Абыройсыз капитализм

Фабрисо Масиел, шақырылған профессор, Фридрих Шиллер атындағы Йен университеті, Германия

Капитализмді түсіну оңай мәселе емес, өйткені ол – үнемі өзгеріп отыратын экономикалық жүйе мен өмір салты. Бүкіл XX ғасырда капитализмнің кезеңдерін анықтауға және жіктеуге көптеген талпыныстар жасалды. Қазір, жиырма бірінші ғасырда, жүйенің технологиялық өлшемі өзінің ең агрессиялық бет-бейнесін көрсетіп, жаһандық ауқымда цифрлық төменгі таптың жаңа түрін қалыптастыруда. Бұл жағдайда коронавирустық пандемия әлемдегі әлеуметтік таптар арасындағы теңсіздікті одан әрі күшейтіп, тереңдете түсірді.

Бұл жерге қалай келгенімізді түсіну үшін саясатты новеллалаумен сипатталатын қазіргі конъюнктура қиялынан арылу керек. Бұл саяси алаңды үлкен қойылымға айналдырып, экономикалық салада болып жатқан оқиғаларды жүйелі түрде жасырып отырған жаһандық негізгі БАҚ-тың басты тақырыбына айналды. Бұл жерде бізді бүгінгі сәтке алып келген кең құрылымдық және тарихи сценарийді қайта құру қажет.

> Жаһандық төменгі таптың өсуі

Капитализм 1970 жылдардан бері Карл Поланидің капитализмге берген атақты тұжырымын жаңарта отырып, «үлкен трансформацияға» ұшырады. Америка Құрама Штаттары мен Еуропадағы жалпыға ортақ игілікті мемлекеттің 30 жылға созылған күйреуі Улрих Бек арандатушылықпен анықтағандай, «еңбектің жаңа ғажап әлемін» түсінудің бастапқы нүктесі.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы мен 1970 жылдарға дейін созылған жалпыға ортақ игілікті мемлекеттің алтын кезеңінде капитализм әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ете алатындығын дәлелдеуге талпынды. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің сәтсіздігі мен одан кейін Германия, Франция және Ұлыбритания сияқты орталық мемлекеттерде прекариаттық жұмыстың пайда бола бастауынан капитализмнің әділеттілікті қамтамасыз ете алатын жүйе бола алмайтындығы белгілі болды.

Содан бері жаһандық көлемде, мен абыройсыз капитализм деп атайтын жаңа капитализмнің құрылысы басталды. Оның негізі бренді – перифериялық және ядродағы елдерде жаһандық андертапты өндіру. Төменгі тап әрдайым перифериялық елдердің, тіпті Латын Америкасы мен Африка сияқты континенттердің ерекшелігі болып келді. Енді иммигранттардың жаппай ағынымен, сондай-ақ ядро елдері мен континенттердегі кедей халықтың өсуімен, Америка Құрама Штаттары мен Еуропадағыдай, жаһандық төменгі таптың өндірісі абыройсыз капитализмнің басты сипаттамасына айналууда.

Сонымен қатар, бұл жаңа капитализмге адам өмірін құнсыздандыру мен натурализациялау ерекшеліктері тән. Мысалы, Бразилияның ата-заңында бекітілген қадір-қасиет идеясы адамдарға материалдық өмір сүру мен моральдық өмірді сақтау үшін қажет минимумды еске салады. Бұл минимумға жұмысқа орналасу мүмкіндіктері де, үкімет саясаты да кепілдік бермесе, біз жаһандық төменгі таптың қадір-қасиетін кемсіту күйіне тап боламыз. Бразилияда бұл жұмыссыз төменгі тап экономикалық белсенді халықтың 30% құрайды, оларды Жесси Соуза субзаматтар деп анықтайды. Бұдан басқа абыройсыз жұмысшы табы деп аталатын 30% халық, біз, әдетте прекариаттар деп атайтын жұмыс қауіпсіздігі қамтамасыз етілмеген жұмыс жағдайында өмір сүреді.

> Прекариаттану немесе абыройсыздық?

Мұнда прекариаттану және сенімсіз жұмыс ұғымдары туралы ойлану керек. Бұл ұғымдар нашар деп саналатын жұмыс жағдайларын сипаттайды. Мен абыройсыз жұмыс тұжырымдамасын ұсынуымынның себебі бүгінгі күні дүние жүзіндегі миллиондаған адамдар өмір сүріп жатқан материалдық азап шегу мен жеке басты қорлайтын моральдық және экзистенциялық жағдайларды сипаттауға мүмкіндік береді. Бразилия жағдайында халықтың 30% абыройлықтың шегінде өмір сүреді, өйткені олардың абыройсыз болса да әйтеуір бір жұмысы бар, ал 30% бейшараның күнін кешуде, себебі олардың ешқандай жұмысы жоқ.

“Бразилиялық басшылардың басым бөлігі 2018 жылғы сайлауда ультрамеритократиялық нарықтық менталитетке негізделген авторитарлық көңіл-күйде болды”

Еуропалық сценарийде, әсіресе Франция жағдайында, Робер Кастел абыройсыз капитализмді түсіну үшін маңызды көзқарастарды ұсынды. Оның пайымдауынша, жалпыға ортақ игілікті мемлекеттің ыдырауы жалдамалы еңбек қоғамының ыдырауын білдіреді. Оның басты ерекшелігі – әлеуметтік дезаффиляция, яғни еңбек нарығында адамдардың көбеюі мен жұмысқа орналасуға мүмкін болатын жағдайлардың жоқтығын білдіреді. Бұның нәтижесі автор «қалдықтар» деп атайтын қоғамдық өндірістің, яғни қазір жаһандық төменгі таптың статистикасының бөлігіне айналатын еуропалық төменгі таптың әлеуметтік өндірісіне алып келеді.

> Абыройсыз капитализм және әсіре оңшылдар

Бұл тұрғыда біз абыройсыз капитализм мен әлемдік саяси аренада оңшылдықтың өсуі арасындағы өзара байланысты зерделеуіміз керек. Мұнда біз солшылдар мен олардың партияларының қателіктері жаһандық ауқымда неоавторитаризмнің пайда болуына әкелді деген негізгі тезистен арылуымыз қажет. Біз тағы да бізді осында әкелген терең құрылымдарды талдауды қайта құрып, конъюнктура иллюзиясынан арылуға тиіспіз.

Германия жағдайында Клаус Дёрре прекариаттардың өсуі мен аса оңшылдардың менталитеті мен көңіл-күйіне бейілділіктің арасындағы тікелей байланысты сипаттады. Осыған сүйене отырып, авторитаризм қазіргі Бразилия

мен әлемнің бірнеше басқа елдеріндегідей белгілі бір жағдайларда қадір-қасиетті кемсітуді күшейте алатын болса да, абыройсыз капитализмнің себебі емес, салдары екенін түсінуге болады.

Осы себеппен халықтың басым бөлігі қадір-қасиеттерінің кемсітілуінен аулақ болу үшін авторитаризмге бейілділік танытса, үстем тап өкілдері өздерінің мәртебелік артықшылықтарынан айырып қалу үрейінен аулақ болу үшін бейілділік танытады. Бұл менің бірнеше жыл бойы Бразилияда жоғарғы тап өкілдерімен жүргізген эмпириялық зерттеуімді көрсетеді. Мәртебелі таптық тегі, жоғары жалақы және сәнді өмір салты бар бразилиялық басшылардың басым бөлігі 2018 жылғы сайлауда ультрамеритократиялық нарықтық менталитетке негізделген авторитарлық көңіл-күйде болды, бұл Жаир Болсонароның дискурстарында анық көрінеді.

Енді пандемияға қарсы үкіметтің ультралибералдық саясатымен байланысты қадір-қасиетті таптаудың тереңдеуіне байланысты Бразилия халқы күшті жауап беріп отыр: Бразилия тарихындағы болжам бойынша ең ірі саяси және заңды алаяқтық үшін қамалған Ула да Силва 2022 жылы президент үшін дауыс беруге ниеттілер арасында бірінші болып тұр. Жақын болашақ осы абыройсыз оқиғаның бағытын қалай өзгертетінін және әлем одан не үйренетіндігін көретін боламыз. ■

Хаттарды Фабрисо Масиелге <macielfabricio@gmail.com> жіберуге болады.

> Жоғары білім берудегі неолибералдану, нарықтану және жекешелендіру

Жоанна Грубнер, Иоганн Кеплер университеті, Аустрия, *Жаһандық Диалог* журналы редакторының көмекшісі

1 980-ші жылдардан экономиканы, саясатты және қоғамды қайта құрылымдаған неолибералды өзгерістер процесі деп қабылданған іргелі қайта құру процестері бастау алды. Жоғары білім беру секторы мен университеттер 1990-шы жылдардың басынан бастап мемлекеттік секторды қайта құрудың бір бөлігі болды, содан бері олар экономикалану және неолибералдануға көбірек ұшырап отыр. Көптеген елдерде мемлекеттік-бюрократиялық реттеуден нарықтық және іскерлік ұйымдастыру мен бақылау тетіктеріне көбірек бағдарлануға көшу байқалады. Бұл әртүрлі деңгейде күрделі қиындықтарды тудырды.

Осы жерде үш релевантты өзгерісті еске салу қажет: біріншіден, көптеген елдерде оқу бағдарламаларын стандарттау және қызығушылық негізінде курстарды таңдау еркіндігіне шектеу енгізілді, бұл студенттердің оқыту тәсілін түбегейлі өзгертті. Сонымен бірге университеттер жаппай ірілендірілді, ал бұл жағдай оқу бітіргеннен кейін жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ықпал етті және академиялық дәрежелердің маңыздылығын төмендетті. Екіншіден, жоғары білім берудің көптеген жүйелерінде кепілдендірілген жұмыспен қамтамасыз ету жалпыға ортақ игілікті мемлекеттен еңбекақы төлеу мемлекетіне неолибералды қадаммен қатар жүрді, демек, прекариаттануға мәжбүрледі. Университеттер мен ғалымдарды саралаудың нарықтық формасының пайда болуымен бәсекелестік тұтастай алғанда күшейіп, икемді, реттелмейтін еңбек нарығының және жұмыс орындарын ұйымдастырудың талаптарына жауап беретін жұмысшы субъектінің типі пайда болды. Сондай-ақ, үшіншіден, бұл жаңа талаптар жоғары білім беру жүйелеріндегі гендерлік механизмдерге тың ықпал етті, дегенмен бәрі бірдей бағаланатындықтан олар гендерлік бейтарап болып көрінеді. Құрылымдық жағынан, өз уақытын басқару қабілеті жоғары және күтім жасау міндеттемелері жоқтарға артықшылық беріледі.

Симпозиуммақалаларыжоғарыбілімберужүйесіндегіосы өзгерістер мен тенденцияларға және осы тенденциялардың әртүрлі салдарына назар аударады. Бірінші мақалада Стефани Росс пен Ларри Саваж жоғары білім беруді коммерцияландыру және жұмыс режимдерін қайта құру тұрғысынан канадалық жоғары білім беру секторының аяқталмаған неолибералдануы салдарын зерттейді. Олар COVID-19 пандемиясында енгізілген өзгерістерді, сондай-



Арбу иллюстрациясы.

ақ олар айқын өзгерістердің мүмкіндіктері мен қажеттілігін қарастырады. Ка Но Мок Шығыс Азиядағы жоғары оқу орындарының санын жаппай көбейту аясында жоғары оқу орындарының түлектері үшін жұмысқа орналасу мүмкіндіктері мәселесін көтереді. Ол осы ахуалдан туындаған жоғары бәсекеге қабілетті еңбек нарығының салдарын зерттейді. Өз баяндамасында Елизабет Балбашевска жоғары білім беру жүйесін өзгертуге емес, жоюға тырысатын нео-популистік үкіметпен күрестегі университеттердің мәселесін талқылайды. Ол Бразилия университеттері жағдайында жартылай автономды шешім қабылдау процестері үкіметтің оралымсыздығынан әкімшілік құлаған кезде университеттердің тұрақтылығын қамтамасыз ете алатындығын көрсетеді. Қашықтықтан оқыту үрдісін сыни тұрғыдан қарастыра отырып, Юсеф Уахид COVID-19 пандемиясы кезінде күшейе түскен «университеттер тек білім беруге жауапты мекеме» деген ойды зерттейді. Университеттерді қоғаммен байланысты және онымен етене жақын автономды мекемелерге айналдыру үшін (оңтүстік) африкалық университеттердің африкалық ubuntu әдебіне сәйкес қайта құрылымдауды жақтайды. ■

> Пандемиядан кейінгі жоғары білімнің неолибералдануы

Стефани Росс, McMaster University, Канада және ХӘҚ Еңбек қозғалысы жөніндегі зерттеу комитетінің мүшесі (ЗК44) және Ларри Саваж, Брок университеті, Канада



Канада, Жаңа Шотландиядағы Акадия университеті оқытушылары қауымдастығы (AUFA) 2022 жылғы ақпанда ереуіл жариялады. Ұсынған: Кан Мутлу.

Бүгінгі таңда жоғары білім беру саласында жұмыс істейтіндердің кейбірі ғана үш негізгі тенденцияны байқамауы мүмкін. Біріншіден, жоғары оқу орындарының мақсаты нарық қажеттіліктеріне жедел бетбұрыс жасады. Екіншіден, жоғары білім беру саласындағы жұмыстың мазмұны, ұйымдастырылуы, бөлінуі мен марапатталуы түбегейлі және терең өзгеріске ұшырады. Үшіншіден, өзара байланысты осы екі процестің салдары тіпті мұндай қарсылық бірдей сипатта және өмір сүрудің, келісімнің немесе бас тартудың стратегияларымен астасып жатырғанына қарамастан, жоғары оқу орындарында ұжымдық ұйымдасу мен күрес толқынын тудыруды жалғастыруда. COVID-19 пандемиясының жоғары оқу орындарына әсері пандемиядан кейін жоғары білімнің қандай болатындығы және ол кімге қызмет ететіні туралы сұрақтар

қою арқылы осы тенденцияларды одан әрі күшейтті.

> Неолибералдану – жоғары білімді тауарға айналдыру

Соңғы отыз жылда жоғары білімнің неолибералдық трансформациясы байқалды. Мақсаты жағынан жоғары білім қазір нарық сұранысына бағытталған. Жоғары оқу орындары жеке жұмыс берушілердің бәсекеге қабілетті жаһандық экономикада табысқа жетуіне мүмкіндік беретін ғылыми зерттеулер және жұмыс күшімен қамтамасыз ету қажеттіліктерін көбірек қанағаттандыруы керек. Жоғары оқу орындарының өзі нарықтық тәртіпке бағынып, студенттерге, олардың оқу ақысына және сол студенттермен байланысты үкіметтік қаржыландыруға, сондай-ақ университеттің мақсатын қаржылық ықпалымен қалыптастыратын жеке

>>

донорлардың инвестициялары немесе қайырымдылық көмегіне бәсекелес болды. «Жоғары білім беруді акционерлендіруді» бақылаушылардың көпшілігі ішкі шешімдер қабылдау нормалары мен рәсімдерінде өзгерістер орын алғанын, корпоративтік үлгідегі құрылымдар жоғары әкімшілік билікті өз қолында шоғырландырғанын және профессорлық-оқытушылық құрам мен басқа топтар үлкен рөл атқаратын алқалы басқаруды ығыстырғанын атап өтті. Нарыққа бағдарлану, сонымен қатар бюджеттік шектеу түрінде де, ресурстар үшін ішкі және сыртқы бәсекелестікті құрылымдау үшін тиімділік көрсеткіштерін пайдалану түрінде де болады. Бұл өзгерістер білім беру бағдарламаларының мазмұнында да айқын көрінеді, олар енді сыни дағдылар мен көзқарасты дамыпудан гөрі, еңбек нарығында құнды өкілеттілікке талпынатын студенттерді тартып, оларға кәсіптерінің маңыздылығын дәлелдеуге тиіс.

> Жұмысты қайта ұйымдастыру: жұмыстың неолибералдық режимдерін енгізу

Жұмысты қайта ұйымдастыру – жоғары білім беруді неолибералдаудың маңызды құрамдас бөлігі, өйткені нарыққа бағдарланған білім берудің осы көрінісін жүзеге асыру үшін жаңа академиялық еңбек процестері мен биліктің қатынасы қажет. Нақтырақ айтсақ, жоғары оқу орындарының еңбек процестері академиялық еңбектің оқу, ғылыми-зерттеу және қызмет көрсету құрамдас бөліктеріне жіктелуіне, осы әртүрлі құрамдас бөліктерге тағайындалғандар біліктілігінің төмендеуіне және олардың барған сайын алмастыратын жұмыс күшінің арзандауына ұшыратады. Оқытуда да, ғылыми зерттеулерде де уақытша келісім-шарттардың өсуі жоғары оқу орындарының барлығында анық байқалады және өзгеріс ақшаны үнемдеуге және әкімшілік бақылауды күшейтуге мүмкіндік береді, өйткені уақытша келісім-шарт иелері алқалық басқаруға сирек араласады. Еңбекті интенсивтендіру фрагментацияны тудырады және «жақсы жұмыс орындары» үшін де, ұсынылған уақытша келісім-шарттар үшін де бәсекелестікті күшейтеді. Осы жағдай эмоциялық еңбектің қомақты құрамдас бөлігін қалыптастырады. Студенттердің білім алу процесінен күтулері де университеттің неолибералдық концепциясына негізделген және бұл оқытушылардан осы күтулерді жаңа тәсілдермен басқаруды талап етеді. Қорытындылай келе, біз қызметкерлердің еңбек өнімділігі жоғары оқу орындары пайдасының негізгі өзегі бола түсуімен есеп берудің формалары жоғарыдан тағайындалатынын және қадағалау төменде екенін бақылаймыз. Түйіндеме академиктің секундомеріне айналады, оны олар неолибералдық еңбек процесіне бейімдеу үшін пайдаланады.

> Пандемиядан кейінгі жоғары білім: бұрынғы ма әлде баламалар кеңістігі ме?

COVID-19 пандемиясы коммодификация мен орталықтандыру, жұмысты қайта ұйымдастыру және интенсивтендіру, жанжал мен қарсылықты одан әрі күшейту сияқты үш тенденцияға қызмет етті. Төтенше жағдайлар жоғары оқу орындарының әкімшіліктеріне пандемия кезінде

шешім қабылдау процесін одан әрі орталықтандыруға және саясат пен практиканы жасақтау үшін алқалы органдарға жүгіре беруді тиюға мүмкіндік берді. Күндізгі оқуға қайтып оралу керек пе және қашан, сонымен қатар жұмыс орнындағы денсаулық пен қауіпсіздікті қорғаудың қандай шаралары ұсынылатындығы туралы шешімдер шиеленістің өзегіне айналды. Оқытушылардың жұмысқа қайта оралуға ықпал ететін факторлар туралы алаңдаушылықтары, атап айтқанда әкімшіліктердің қоғам мүшелерінің денсаулығы мен әл-ауқатын емес, нарық пен бюджет үлесін қорғауға деген ұмтылысы, сондай-ақ бұл шешімдерге айтарлықтай әсер етудің болмауы сенімсіздік, ашу-ыза, реніш және қарым-қатынастан бас тартуға әкелді.

Сондай-ақ пандемия жұмысты айтарлықтай жандандырды. Оқытушылар жаңа технологиялар мен дағдыларды игере отырып, шұғыл онлайн-оқыту мен операцияларға тез бейімделуге мәжбүр болды. Сонымен қатар ұстаздардың эмоциялық жұмысынан жоғары нәтиже күтілетіні анықталды және ауруға, өлімге, жұмысынан айрылу мүмкіндігі мен болашақ туралы мазасыздығына қарамастан, білімін жалғастырғысы келетін студенттердің қажеттіліктеріне жауап беруі керек еді. Оқытушылар бойындағы үрейін жеңіп, студенттердің сезімдерін ескеруге және басқаруға мәжбүр болды, сонымен бірге, үйде жұмыс онлайн-мектепте оқитын өз балаларына қамқорлық жасау қажеттілігімен қатар жүрді. Осының бәрі ғылыми-зерттеу өнімділігін күту төмендемеген жағдайда орын алды, бұл онсыз да жоғары стратификацияланған секторда құрылымдық жағынан аса мәртебелі профессорлық-оқытушылар құрамына одан сайын қолайлы болды.

COVID-тен шаршау, профессорлық-оқытушылар құрамының әкімшілікке наразылығының артуы және сектордың қаржысын қалпына келтіруге бағытталған үнемдеу шаралары ұжымдық қарсылық жағдайын тудырды. Пандемияның алғашқы күндерінде жоғары оқу орындарындағы ереуілдер сирегенімен, біз қазір де ашу-ызаның лебін және кампустер жұмысындағы олқылықтарды көріп отырмыз. Бұл 2022 жылдың басында Канада мен Ұлыбританияны қамтыған орта мектепті бітіргеннен кейінгі ереуілдер толқыны мысалында айқын байқалды. Пандемия жағдайы ұжымдық әрекеттерді қиындатып ғана қойған жоқ, сонымен бірге жоғары білім беру саласы мамандарының өз әкімшіліктерінен бұрынғыдан да оқшаулана түскенін сезіндіруде.

Пандемиядан кейін неолибералды университетті ереуілдер арқылы қарсылық өзгерте ме деген сұрақ әлі де ашық. Дегенмен, сыртқы саяси және экономикалық қысым университет әкімшіліктерінен жұмыс пен шешім қабылдау процестерін академиялық қызметкерлер арасында ашу-ызаны және одан да көп қарсылықты тудыратын жолдармен қайта ұйымдастыру талаптарын қалыптастыруды жалғастыра беретіні анық. ■

Хаттарды Стефани Росс <ross10@mcmaster.ca> пен Ларри Саважға <lsavage@brocku.ca> жолдауға болады.

> Жоғары Білім және жұмыспен қамту:

Шығыс Азиядағы трендтер¹

Ка Хо Мок, Линнань Университеті, Гонконг



Жоғары білім берудің кеңінен таралуы түлектерді жұмыспен қамтамасыз етудегі қиыншылықтармен қатар еңбек нарығында бәсекелестікті күшейтті. Ұсынған: Lingnan University.

Соңғы жылдары Шығыс Азиядағы еңбек нарығы жоғары білімді жұмыскерлердің жаппай ағынын бастан кешірді, өйткені жоғары білім беру жүйесінің түлектері жұмыс іздеді. Шығыс Азиядағы жоғары білімнің жаппай кеңеюі, сөзсіз, түлектердің жұмысқа орналасуына қысым жасады, осылайша еңбек нарығын бәсекеге қабілетті етті. 1-кестеде 2020 жылғы Шығыс Азиядағы жұмыссыздық көрсеткіштері (жекелеген елдер/аймақтар) білім деңгейі бойынша көрсетілген. Сандар жаппай жоғары білім алу мен жұмыссыздық деңгейінің өсуі арасындағы тікелей себеп-салдарлық байланысты көрсетпеуі мүмкін, өйткені жұмыссыздық деңгейі салыстырмалы түрде төмен болып қалады. Алайда, соңғы жылдары түлектердің жаппай жұмысқа орналасуы кезінде күшті бәсекеге қабілетті жұмыс орындарын ала алмайтындығы туралы көптеген дәлелдер бар, бұл түлектер таңдаған жұмыс орындарының сапасы, сондай-ақ олардың ресми немесе бейресми еңбек нарығында екендігі туралы сұрақтар туғызады.

> Жоғары білімнің бұқаралық сипаты және түлектерді жұмыспен қамту мәселесі

Жаһанданудың жеделдеуімен және білімге негізделген экономикаға көшумен көптеген дамушы елдер жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жоғары білім беру жүйелерін кеңейтті. Алайда, одан бөлек, түлектер еңбек нарығында жоғары бәсекеге қабілеттілікті көрсетуі керек. Әлемдегі жұмыссыздық деңгейі төмендегенімен, 170 миллионнан астам адам әлі де жұмыссыз (Халықаралық Еңбек Бюросы, 2019). Әлемдік Банктің статистикалық деректері бойынша, ХХІ ғасырдың басынан бастап жұмыспен қамтылған жастардың саны төмендеу үрдісі орын алады. Еуропамен, Солтүстік Америкамен және Африкамен салыстырғанда, Азия елдерінде, әсіресе Шығыс Азияда жастардың жұмыспен қамтылу деңгейінің төмендеуі байқалады (1-суретті қараңыз). Шығыс Азиядан алынған мәліметтер COVID-19 пандемиясынан туындаған қазіргі құлдырау жағдайында күшейген жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің тұрақсыз өсімін көрсетеді.


>>

Білім деңгейі бойынша 2020 жылы Шығыс Азиядағы жұмыссыздық деңгейі (таңдалған елдер/аймақтар)

Ел/Аймақ	Білім деңгейі	Жұмыссыздық деңгейі (%)
Гонконг	Орта білімнен кейінгі білім	5.10
Жапония	Колледж және университет	2.90
Оңтүстік Корея	Университет және жоғары	3.50
Тайвань	Университет және аспирантура	4.92


Кесте 1. Деректер көзі: Гонконг SAR, <https://www.statistics.gov.hk/pub/B10100062020AN20B0100.pdf>; Жапония, <https://news.yahoo.co.jp/byline/fuwarai/20210325-00228342/>; Кореяның статистикалық ақпарат қызметі, <https://kosis.kr/eng/search/searchList.do>; Санақ және статистика департаменті, Ұлттық статистика, Қытай Республикасы (Тайвань), <https://eng.stat.gov.tw/ct.asp?xitem=42761&ctNode=1609&mp=5>.

Жастардың жұмыспен қамтылуының халық санына қатынасы



Сурет 1. Деректер көзі: Дүниежүзілік банк, <http://datacatalog.worldbank.org>.

Шығыс Азиядағы жастардың жұмыссыздық деңгейі



Сурет 2. Деректер көзі: Қытайдың Ұлттық статистикалық бюросы, <http://www.stats.gov.cn>; Гонконг SAR Санақ және статистика департаменті, <http://www.censtatd.gov.hk/sc>; Ұлттық статистика, РОК (Тайвань), <http://www.stat.gov.tw>; Оңтүстік Кореяның Ұлттық статистикалық басқармасы, <http://kostat.go.kr>; Жапонияның статистикалық бюросы, <http://www.stat.go.jp>.

Жақында жүргізілген зерттеулер Батыс және Шығыс Азия елдеріндегі жоғары оқу орындары түлектерінің жаңа буыны жұмыс табуда қиындықтарға тап болып, толық емес жұмыспен айналысты немесе жұмыссыздыққа ұшырады. 2-суретте Шығыс Азиядағы жастар арасындағы жұмыссыздықтың өсу үрдісі көрсетілген. Сонымен қатар, жоғары оқу орындары түлектері еңбек нарығында «шамадан тыс біліктілік» деп аталатын мәселеге әкеп соқтыратын, білімнің төмен деңгейін талап ететін, жалақысы төмен жұмысқа келісу арқылы жұмысқа орналаса алады. Шамадан тыс біліктілік пен бұқаралану әсері жұмыссыздықтың жоғары деңгейіне, айлық жалақының төмен деңгейіне және тұрақсыз жұмысқа әкелуі мүмкін. Университет түлектерінің көптігі – жоғары білімге инвестицияны көбейту әлеуметтік мобилдікті арттырады деп мәлімдеген адами капитал теориясының «орындалмаған уәдесінің» бірі ғана емес, сонымен қатар университеттің жас түлектерінің қолжетімді жұмыс орындары мен олардың біліктілігінің сәйкес келмеуі салдары туғызған бұлтартпас ақиқат. Сенімсіз жұмысқа шағымданатын бейбақ жастардың саны артып келеді.

Мысал ретінде Жапония, Оңтүстік Корея, Гонконг, Тайвань және Матеріктік Қытайды алсақ, колледж түлектерінің жұмыссыздық деңгейі 2004 жылдан 2020 жылға дейін өзгерді (2-суретті қараңыз). Жаппай жоғары білім алу үрдісі Шығыс Азия аймақтарындағы жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесін шеше алмағанына назар аударыңыз, бұл айтарлықтай төмендеу белгілерін көрсетпейді. Яғни, түлектер жоғары білім алса да, жұмыс іздеуде қиындықтарға тап болады. Жапония жас түлектер арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендетуде жақсы нәтижелерге қол жеткізді, дегенмен 2018 жылдан кейінгі өсім мардымсыз. Сондықтан жоғары оқу орындарының түлектері лайықты жұмысқа қалай ие бола алады деген сұрақ бүкіл Шығыс Азияда ортақ мәселеге айналды.

> Саясаттың салдары

Бұл мақалада жоғары білімнің жаппай таралуы түлектердің жұмысқа орналасуына қалай теріс әсер еткені, әсіресе түлектердің дағдылары мен еңбек нарығының өзгермелі қажеттіліктері арасындағы сәйкессіздіктің артуы көрсетілген. Бұл зерттеу университет түлектерінің білімі мен дағдыларының еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес келуінің маңыздылығын көрсетеді. Жас түлектердің жоғары оқу орындарында алатын дағдылары әр кезде еңбек нарығында жұмысқа орналасуға мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, ұсынысқа бағытталған кейбір тәсілдер, әдетте, түлектердің біліктілігін арттыру үшін жауапкершілікті жоғары оқу орындарына жүктейді. Алайда, жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы жақсы ойластырылған және жақсы орындалған ережелер міндетті түрде түлектердің жұмысқа орналасуының нақты нәтижелеріне сәйкес келмеуі мүмкін. Сондықтан, жоғары оқу орындары тез әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес келу үшін өздерінің оқу бағдарламаларын сыни тұрғыдан бағалауы тиіс.

Түлектер арасындағы жұмыссыздық пен толық емес жұмыспен қамту адам капиталы теориясының «орындалмаған уәдесімен» бірге жастар арасында наразылықты тудырды. Соңғы зерттеулер көбінесе Шығыс Азиядағы жастардың өз бақытсыздығы туралы өздері жария ететінін көрсетеді. Сол секілді, Ұлыбритания мен Еуропадағы бейбақ жастар батыстағы үкіметті «жастар дағдарысын» мойындауға мәжбүр етті. Саны арта түскен бақытсыз жастар ұрпақаралық теңсіздік мәселесін білім, жұмыс, тұрғын үй және әлеуметтік қамсыздандыру саласында деп танып отырған жағдайда Жер шарының әртүрлі бөлігіндегі үкіметтер шиеленіскен ұрпақаралық қақтығыстарға аса абай болуы қажет. ■

Хаттарды Ка Ха Мокқа <kahomok@ln.edu.hk> жолдауға болады.

1. Мақала автордың соңғы мақаласының қайта өңделген және бейімделген нұсқасы: Mok, KH, Ke, GG and Tian, Z (2022) «Massification and privatisation of higher education in East Asia: Critical reflections on graduate employment from sociological and political economic perspectives» [«Шығыс Азиядағы жоғары білімнің бұқаралық сипаты және жекешелендірілуі: әлеуметтанулық және саяси-экономикалық тұрғыдан түлектерді жұмысқа орналастыру туралы сыни ойлар»]: Brown, P және т.б International Handbook for Graduate Employment. Cheltenham: Edward Elgar. (баспада).

> Бразилия университеттерінің популизмге қарсылығы

Елизабет Балбашевска, University of São Paulo, Бразилия



«Populism» сөзі жазылған стрит-артты қабырғаға жапсыру. Ұсынған: [flickr](#).

Бұл мақала неопопулистік үкімет тұсындағы мемлекеттік университеттердің қиындықтарын қарастырады. Мақсат президент Болсонаро үкіметінің кезіндегі Бразилияның мемлекеттік университеттерінің заманауи тәжірибесін зерттеу арқылы жүзеге асырылады.

Соңғы бірнеше онжылдықта бүкіл әлемдегі жоғары білім мемлекеттік бастамаларға байланысты көптеген мәселелерге тап болды. Неолибералдану, нарықтану, менеджменттену және басқа да терминдер жоғары білім, үкімет және қоғам арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыратын өзгермелі динамиканың көптеген аспектілерін сипаттайды. Дегенмен, неопопулистік үкіметтің тәжірибесі тереңде жатыр: мұндай үкімет кезінде университеттер өзгертуді қажет ететін арам пиғылды саяси ортамен ғана бетпе-бет келген жоқ. Керісінше, үкімет қалыптастырған өзгертуді емес, университеттерге басымдық орнатуды қалайтын дұшпан ортаға тап болды.

Популизм – саяси талдауда халықтың едәуір бөлігінің тікелей қолдауымен билікке келетін және билікте қалатын көшбасшыларды сипаттау үшін қолданылатын ескі термин. Олар бұл қолдауға қоғамның әртүрлі топтарының шағымдары мен наразылықтарына бағытталған әртүрлі дискурстарды мұқият әзірлеу арқылы қолжеткізеді. Бүгінгі таңда маргиналданған қоғамнан тұратын салаларда дамып

келе жатқан кең таралған наразылық – саяси кәсіпкерлер үшін бұл наразылықты білдіру және ұйымдастыру үшін уақыт пен ресурстарды инвестициялаудан пайда табуға тамаша мүмкіндік. Олар бұны популистік әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырады: көшбасшы мен ізбасарлар арасында жеке байланысты қалыптастыру мен «ұмыт қалған халықты» қорғауға уәде беру.

> Университеттерге неопопулистік шабуыл

Бұл дискурста университеттер басқа ұйымдардың ішінде үкімет үшін жау болып саналады: бұлар – «халықтың» негізгі сенімдеріне қарсы тұратын постматериалистік мәдениет пен құндылықтардың ұйытқысы. Университеттер ескі тәртіптің басты қауіптерінің бірі болып саналатын ғылым мен технологияны бейнелейді. Белгіленген ақиқаттарды шешуде ғылым алға тартатын скептикалық көзқарас - күдіктің тағы бір көзі. Бұл жағдайлар университетті тізе бүктіретін жау етеді. Неопопулизмнің тоталитарлық нұсқасында университет өмірін бақылау саясаты тереңірек мағынаға ие: ол университетті неопопулистік режимді қолдайтын үстем идеологияны тарату құралына айналдыруды көздейді.

Бразилиядағы бүгінгі демократияға қауіп төндіруші неопопулизм жаһандану нәтижесінде пайда болған кедейлік пен сенімсіздіктің астарында жатыр. Бірақ бұл мәселе тереңіректе: ол сапалы білімге қол жетімділіктің

>>

тұрақсыздығынан және заманауи дағдылар мен құзыреттіліктерді оқытуда кең таралған тапшылықтан туындаған сенімсіздікті тудырады. Бұл наразылықты үміткер Жаир Мессиаас Болсонаро өзінің жеңіске жеткен 2018 жылғы президенттік науқанында пайдаланған болатын. Бұған ол әртүрлі әлеуметтік медиа арналарын қолдану және өз жақтастары үшін әртүрлі нарративтерді әзірлеу арқылы қол жеткізді. Әрбір нарратив өшпенділік пен наразылық көздеріне бағытталды. Осылайша, кандидат барлық реніштердің әділ көрінісі және ескі, дәстүрлі құндылықтар үшін күрескер ретінде қабыл алынды.

Билікке келгеннен бері Болсонаро елді әлеуметтік желілер арқылы жұмылдырылған үлкен, шашыраңқы және алуан түрлі ізбасарлар желісінің қолдауымен және әртүрлі партиялардағы Конгресс мүшелерінің қомақты бөлігінің ынтасына ие бола басқарды. Консервативті күн тәртібі Болсонароға саяси қолдауды жұмылдырумен айналысты. Оның негізгі мақсаты қоршаған орта, денсаулық сақтау, білім беру, инфрақұрылым және әлеуметтік қамсыздандыру сияқты барлық салалардағы қолданыстағы нормативтік базаны жою болды.

Болсонаро үкіметі де мемлекеттік университеттерді жау деп санайды. Әр түрлі жағдайларда үкімет мүшелері мемлекеттік университеттерді коммунистер мен атеистердің ортасы ретінде суреттеп, университет билігін кампустарында марихуана плантацияларына төзімділік танытты деп айыптады. Тиісінше, Болсонаро үкіметі федералдық университеттердің қаражатына қатаң қысқартулар енгізе бастады. Әділет департаменті 1960-шы жылдардағы авторитарлық режимде енгізілген ескі заңдарды пайдаланып, үкіметті сынауға батылы жеткен ғалымдар мен университеттің әкімшілік қызметкерлеріне қарсы сот істерін жүргізе бастады. Пандемияны сылтау қылып үкімет университеттерге жаңа ғалымдар мен қызметкерлерді жалдауға шектеу қойды. Әртүрлі жағдайларда академиялық автономияға кедергі келтіру үшін түрлі қадамдар жасалына бастады: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарды қолдау үшін ресурстарды азайту және гендерлік және нәсілдік теңсіздікке бағытталған аспирантуралық бағдарламалардың үздіксіздігіне қауіп төндіретін іс-шаралар іске асырылды. Соңында, үкімет көп жағдайда бекітілген ережелерді

бұзып, ұсақ консервативтік қозғалыстардың жетекшілерін университет басшылары ретінде тағайындау арқылы университеттердің ішкі басқару жүйесіне нұқсан келтірді.

> Университеттердің қарсылығы

Осы қолайсыз жағдайларға қарамастан, Бразилия университеттері аман қалды. Олар пандемиядан туындаған мәселелерді шеше алды, қашықтықтан білім берудің қолжетімді құралдарын қолдана отырып, оқыту мен оқуды қайта қарастыруға ресурстар тауып, кедей топтардағы оқушыларға интернетке қол жеткізуге мүмкіндік беретін бағдарламаларды іске қосты. Әртүрлі салалардағы ғылыми-зерттеу және аспирантура бағдарламалары қайта жаңартылып, пандемияның көптеген салдарын түсінуге баса назар аударып, университеттің Бразилия қоғамының көз алдында болуын ақтады.

Университеттердің қарсылығы әртүрлі, бірақ бірін-бірі толықтыратын бағыттардан құралған. Біріншіден, Бразилия қоғамында, атап айтқанда БАҚ пен сот жүйесінде күшті одақтастардың болуы. Бұл – 1970-1980 жылдар аралығындағы елді демократияландыру жолындағы күресте мемлекеттік университеттердің жеткен жетістіктерінің мұрасы. Екіншіден, рецензиялау процедураларының ғылым мен дипломнан кейінгі білім беру саясатындағы рөлі. Қудалау қаупіне тап болған барлық сала ғалымдары академиялық бостандыққа қолдау көрсету үшін жұмыла бастады. Сонымен, Бразилиядағы университеттерді басқарудың негізін құрайтын алқалы ережелер бар. Алқалылық бір-біріне тәуелсіз шешім қабылдайтын жартылай автономды орталықтардан тұратын инстанциялардың болуын білдіреді. Кафедралар, факультеттер, зертханалар, институттар, бағдарламалар ішкі шешім қабылдау процесінде белгілі бір дәрежеде дербестікке ие. Үкіметтің басқарудағы кемшіліктері нәтижесінде орталық әкімшіліктің күйреген кезінде бұл орталықтар белсенділік танытып, арнайы байланыстар жасау арқылы университетті тығырықтан шығарды. Осылайша, Бразилия тәжірибесі неопопулистік авторитарлық үкіметтер тудырған дауылдар алдында университетке тұрақтылық қамтамасыз ету үшін ескі басқару үлгілерінің қаншалықты өзекті екенін көрсетеді. ■

Хаттарды Елизабет Балбашевскаға <balbasky@usp.br> жолдауға болады.

> Ubuntu университетін құру мүмкіндігі туралы

Юсеф Уахид, Стелленбош университеті, Оңтүстік Африка

Бұл мақалада мен африкалық ubuntu әдеби аясында адамның қадір-қасиеті мен өзара тәуелділігін жариялайтын университет идеясын қайта қарауды алға қойдым. Бүкіл әлемде университеттер жеке автономиядан бастап, қоғамдық есеп берушілікке дейін және экономика мен нарықтардың мүдделеріне қызмет ететін әртүрлі мақсаттар үшін білімді (қайта) өндірумен айналысатын мекемелерге айналды. Алайда, мені мазалайтын нәрсе – университеттер әрқашан қоғамдық есеп беру немесе жауапкершілік мақсаттарына сәйкес келе бермейтіндігі.

> Мемлекеттік университетке төнген қауіп

(Оңтүстік) Африкадағы мемлекеттік университет айтарлықтай өзгерді деген мәлімдемелерге қарамастан, оқу акысының өсуіне қарсы студенттік наразылықтардың орын алуы; институттық сыбайлас жемқорлық пен ресурстарды тиімсіз басқару; гендерлік теңсіздік және оқшаулау; жыныстық алымсақтық; баға үшін пара беру, академиялық плагиат және тәртіпсіздікке жол беретін қызмет бабын теріс пайдалану; студенттердің шамадан тыс маскүнемдігі мен құқық бұзушылықтары сияқты мәселелерді жеткілікті және батыл түрде шешуге дайын еместігі университеттік білім берудегі дағдарысты күшейтеді. Дегенмен, университет өмірінің ең жағымсыз жағы оның жоғары білімнің педагогикалық қызметімен және тікелей оқумен байланысты болуы. Оқыту мен оқу әлі күнге дейін сыни педагогикалық практика үшін шектеулі қарапайым білім беру мен білім алумен ғана байланысты болып көрінеді. Коронавирустық пандемия кезінде жедел онлайн қашықтықтан оқытудың енгізілуімен сыни оқыту онлайн қашықтықтан және аралас оқыту үшін тағы да құрбан болғандай болды, өйткені жоғары педагогикаға осы тәсілдер ғана университеттік білімнің сенімділігін арттыра алатын сияқты болып көрінді. Осылайша, университеттің қоғамдық жауапкершілігі қауіпті аймақта қалып қойды және мекеме құлдырау алдында тұр деп айту ешбір асыра сілтегендікке жатпайды.

(Оңтүстік) Африкадағы университеттің қиын жағдайына жауап ретінде мен африкалық ubuntu этикасы тұрғысынан университет идеясын қайта қарастыруды ұсынамын. Менің ойымша, ubuntu – әрі философиялық, әрі саяси-этикалық тұжырымдама, біріншіден, қиын-қыстау заманда университетке қатысты жаңа көзқарасты тудыруға көмектеседі; екіншіден, институттық және

трансформациялық мақсаттарды ғалымдар мен студенттер жеке бостандық, бірлесе қатысу және ортақ тиімділік қатынастарын дамыта алатын қауымдастық идеясымен үйлестіретін тәжірибелерді қабылдауға көмектеседі. Ubuntu жүйесі институттың трансформациялық әлеуетін қайта зерделейтін жоғары білім беру мекемесін қалыптастыруы мүмкін.

Ubuntu-дың айрықша ерекшелігі оның адамның іс-әрекетімен ішкі байланысы және басқа адамдармен, контекстермен және компьютерлер және басқа да технологиялық құрылғылар сияқты адам емес объектілермен қарым-қатынастарды сыртқы жаңғыртуында жатыр. «Мен бармын, сондықтан біз бармыз» деген сөзбен баса айтылған ubuntu өзімен және басқалармен, соның ішінде басқа нәрселермен ішкі және сыртқы қарым-қатынастарды білдіреді. Осылайша, ubuntu білдіретін әрекеттер – басқаларға бағытталатын әрекеттер емес, басқалармен бірлесіп жасалатын әрекеттер. Мен ubuntu этикасына негізделген университет мекемеге өз әрекеттері үшін көпшілік алдында есеп бере отырып, автономды болып қалу мүмкіндігін ұсына алады деп сенемін. Жалпы, мұндай университет институтты қайта құру күн тәртібін бекітіп қана қоймай, біріншіден, оны қоғамдық қызығушылық тудыратын мәселелерге кеңейтер еді. Бұл жерде мен оны білім талаптарына байланысты өзгертуге, сондай-ақ бұрын ойланбаған зерттеу бағыттарына қатысты сұрақтарды айтып отырмын. Екіншіден, мұндай университет өзінің кең қоғамдастықпен өзара әрекеттесуін қызмет көрсету немесе ықпал ету қызметі ретінде емес, оқу орнының да, жалпы қоғамның да мүддесі үшін шынайы ынтымақтастық актісі ретінде қарастырады. Үшіншіден, университет адамның қадір-қасиетін, әлеуметтік және реституциялық әділдікті және адамдардың бейбіт қатар өмір сүруін нығайтатын мәселелердегі жергілікті және әлемдік түйткілдерге адамгершілік ілтипатын дәріптеуге үміткер болады.

> Деколонизация/деколониалдылық және ubuntu университеті

Әрине, мемлекеттік университет дереу шешуі тиіс жоғары оқу орнын қайта құрудың маңызды аспектісі – «деколонизация» ұғымы. Жоғары білімді деколонизациялау туралы айтатын болсақ, жоғары білім беру практикасының негізін құрайтын биліктің бөлінуі туралы бұрмаланған түсініктерді жоюға арналған қарсылық тәжірибелеріне жүгінеміз. Деколонизациямен

>>

“Ubuntu жүйесі институттың трансформациялық әлеуетін қайта зерделейтін жоғары білім беру мекемесін қалыптастыруы мүмкін.”

бірге деколониализм ұғымын мәдени құндылықтарды, экономикалық ұмтылыстар мен (бұрын) отарланған қауымдастықтардың білім мүдделерін қалпына келтіру ретінде қарастыруға болады. Мемлекеттік университеттің деколонизациясы — империалистік мұраға және маргиналды қоғамдастықтардың білім саласындағы мәдениеті мен мүдделерінің құнсыздануына қарсы тұру және бұзу әрекеті. Осылайша, жоғары білімнің деколонизациясы оқшауланған қауымдастықтардың негізгі құндылық жүйелерін қайта қарастыру ретінде ұсынылуы мүмкін. Дәл осы жерде деколонизация жобасы ubuntu-мен байланысады, өйткені соңғысы басқалардың құндылықтарына олардың өзгешелігіне назар аударуды талап етеді. Сондықтан жоғары білімнің деколонизациясы — оның ubuntu моральдық құндылықтарына сәйкес өзгеруінің синонимі.

Бұл жерде заңды сұрақ қоюға болады: ubuntu университеті кәсіпкерлік, ойлау және экологиялық университеттерден өзгеше ме? Бұл әр түрлі түсініктер университеттің өзіне және қоғамдарға қатысты бағытталған эпистемологиялық және моральдық императивтеріне баса назар аударғанымен, мен ubuntu университетінің арқасында эмотивизм қадір-қасиет пен адамгершілік формаларында университеттің тәуелсіздік, жауапкершілік және сыни қабілетін арттырады деп санаймын.

Ubuntu университетінің өзгешелігін не құрайды? Біріншіден, «мен бармын, сондықтан біз бармыз» нақыл сөзін қолдану, атап айтқанда, «мен бармын» деген тіркес университеттің автономды әрекетке деген талабын көрсетеді. Университетті ең алдымен университетке айналдыратын нәрсе — оның жеке тұлғаның дербес әрекетін дамытуға және мүмкіндік беруге ұмтылуы, бұл идея «мен бармын» деген тіркеспен үндеседі.

Екіншіден, ubuntu-дағы «біз бармыз» тіркесі адамның ұжымдық әрекетіне сәйкес. Дегенмен, ubuntu жариялаған бұл ұжымдық кеңестік қатысуға негізделген. Яғни, ubuntu

университеті оның құрамдас мүшелері — оның зияткерлік зерттеушілері тарапынан кеңес беру әрекеттерін алға тартады. Кеңеске қатысудың бұл түрі білім беру және саяси сипатта болады. Жоғары білім беру актісі ретінде жиналысқа қатысу автономды зерттеушілерге байланысты, олар университет ішінде де, одан тыс жерлерде де шешім қабылдауға итермелей алады. Жоғары білімнің шарты — адамдар ашықтық, рефлексивтілік және өзара байланыс рухында бірге жұмыс істейді және әрекет етеді, осылайша олар мәселелерді ішкі және сыртқы құндылықтар тұрғысынан бірге шешеді. Ubuntu тек ішкі мақсаттар үшін жоғары біліммен шектелмейді, өйткені бұл университеттің қоғам, қоғам және жаһандық әлем алдындағы жауапкершілігіне қарама-қайшы келеді.

Үшіншіден, ubuntu университеті болашаққа бағдарланған болуы тиіс, сонымен бірге жергілікті және жаһандық мүдделерді ескеруі керек. Африка университетінің бұл түсінігін қолдаудың мағынасы бар, өйткені ubuntu-шабытталған университет әлі де қалыптасу үстінде. Мұндай университет тек жергілікті және әлеуметтік мәселелерді зерттеп қана қоймай, бейбіт ынтымақтастық пен алға жылжу үшін өмір сүру, пікірлердің көптігі мен басқалардың өзара тәуелділігін тану үшін жаһандық мәселелерді шешуі керек. Бұл университет жаһандық мәселелер мен антиутопияны шешуге көмектеседі.

Соңында, ubuntu «мен бармын, сондықтан біз бармыз» нақыл сөзін «мен бармын, сондықтан біз бармыз және бола береміз» деп қайта айту орынды болар еді. Бұл ubuntu университетін әрдайым түпкілікті мүмкіндіктер жиынтығы емес, әлі де қалыптасу үстінде және шектеулі емес деп санау керек дегенді білдіреді. ■

Хаттарды Юсеф Уахидқа <yw@sun.ac.za> жолдауға болады.

> Шынайы утопияға қажеттілік

Майкл Буравой, Калифорния университеті, Беркли, АҚШ

Эрик Олин Райт марксизмді қайта құрудың пионері болды. Оның қарама-қайшы таптық локациялар туралы жұмысы – Маркстің іргелі таптары арасындағы аралық қатынастар – жаһандық жобаға айналды және әлемдегі таптық талдауды шабыттандырды. Ол өмірінің соңына дейін таптың логикалық негіздерімен және эмпириялық корреляциясымен күресті. Ең маңызды еңбектері – *Classes* [Таптар] (1985), *Class Counts* [Таптар шоғыры] (1997) және соңғы ойларынан тұратын *Understanding Class* [Таптарды пайымдау] (2015). Адамдардың көпшілігі осындай ірі жаһандық жобаға қанағат етер еді, бірақ 1990-шы жылдардың басынан бастап Райт екінші жаһандық жобаға, «Шынайы утопиялар» жобасына кірісті. Бұл Кеңес Одағы мен оның серіктерінде іс жүзінде болған социализмнің күйреуі, Қытайдың мемлекеттік капитализмге өтуі, сондай-ақ неолиберализмнің нығайған уақытында болды.

Осы тарихи оқиғалардың салдарынан өздерін марксист деп жариялағандардың көбі шығармашылығын тоқтатты. Алайда, Райт керісінше пікірде болды. Райт Кеңес Одағы мен Қытайдағы партиялық мемлекеттердің ассоциациясынан арылып, бұдан капитализмнің тереңінде жатқан немесе еңбекке тәуелді капитализмнен туындайтын шынайы қалыптасқан институттарға негізделген шынайы социалистік болашақ туралы пайымдаулардан тұратын марксизмді жаңғырту мүмкіндігін көрді. Ол өзінің *Envisioning Real Utopias* [Нақты утопияны болжау] (2010) атты үздік еңбегінде шынайы утопиялардың жете ойластырылған теориялық архитектурасын құрастырды және кейінірек өз идеяларын қайтыс болғаннан кейін 13 тілде жарияланған *How to be an Anticapitalist in the 21st Century* [21 ғасырда қалай антикапиталист боламыз] (2019) атты манифесінде ұсынды.

Бірақ Райт шынайы утопиялардың теоретигі ғана емес, ол сонымен бірге қайдан кездестірсе де өз жоспарларын іске асыруға тырысқан белсенділермен пікірлесе жүріп капитализмді іздеу барысында әлемді шарлаған шынайы утопияларды тәжірибелеуші. Ол тек академиктерге ғана емес, әлеуметтік әділеттілік үшін күрескен қауымға да шабыт берді. Осы шынайы утопиялардың кейіпкерлерімен диалогқа түсе отырып, Райт олардың негізгі принциптерін, ішкі қайшылықтарын және олардың өмір сүру және таралу шарттарын анықтады. Ол Висконсин университетіндегі өзінің факультетінде, сонымен қатар әлемнің ең шалғай жерлерінде шынайы утопиялардың мүмкіндіктері мен

шектеулерін талқылау үшін семинарлар өткізді және осы шығармашылығының қорытындысы – Verso-да жарияланған кітаптар сериясы.

Қол жеткізген барлық жетістіктеріне қарамастан, Эрик Райт бізге антикапиталистік жоба ретінде шынайы утопияларды бірегейлендіруді тапсырып кетті. *Envisioning Real Utopias* [Нақты утопияны болжау] еңбегінде Райт шынайы утопияларды жоятын капитализмнің деструктивті ерекшеліктерін тізіп, олардың тамыры азаматтық қоғамда болуы керек деп мәлімдейді. Ол социализмді әлеуметтік қалпына келтіруге ұмтылды. *How to be an Anticapitalist in the 21st Century* [21 ғасырда қалай антикапиталист боламыз] атты еңбегінде капитализмнің заңдылықтарында жазылған, бірақ капитализм жағдайында ішінара ғана жүзеге асырылуы мүмкін шынайы утопияны қолдайтын құндылықтарды негіздеді – теңдік, демократия, әлеуметтік әділеттілік және ынтымақтастық. Дегенмен, шынайы утопиялардың қозғаушы күші және олардың қай мағынада антикапиталистік екені белгісіз. Мен осы қысқа мақалада бұл сұрақтардың бір жауабын Карл Поланидің *The Great Transformation* [Ұлы трансформация] (1944) кітабынан табуға болатынын болжаймын. Дәлелдеуімше, Поланидің идеяларының өзі шектеулі; оларға капитализм динамикасы туралы маркстік теорияны сіңіру қажет. Маркстік теорияға Райттың қиялдан шынайы утопияға бетбұрысы қажет екенін мойындаған кезде шеңбер тұйықталады.

> Шынайы утопиялардың бірлігін іздеу

Райттың *Envisioning Real Utopias* [Нақты утопияны болжау] архитектурасы өте қарапайым: капитализмді сынға алу (диагностика); капитализмге баламалар (шешімдер); трансформация мәселесі (емдеу). Райттың капитализмге қатысты 11 сыни ескертуі бар. Мәселен, капитализм адамның қажетсіз қасіретін мәңгілік етеді; адамның дамуына жағдайларды бұғаттайды; жеке бас бостандығын шектейді; теңдік принциптерін бұзады; шешуші аспектілерде тиімсіз; тұтынушылыққа бейімділігі бар; қоршаған ортаны бұзады; көпшілік мақұлдаған құндылықтарға қауіп төндіреді; милитаризм мен империализмге негіз болады; қоғамды тоздырады; және демократияны шектейді. Бұл – нағыз айыптау! Элементтер бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ олар біртұтас тақырыпты немесе негізгі сынды қамтамасыз етпейді.

>>

“Адамзатты капитализмнен құтқаратын ұжымдық әрекеттерді кім қалыптастырады? Бұл – Маркс, Полани және Райт бізге шешуге қалдырған мәселе”

Бірлік болса, ол капитализмді сынауда емес, шешуде, яғни азаматтық қоғамның экономика мен мемлекетке қатысты мүмкіндіктерін кеңейту, социализмдегі әлеуметтік қалпына келтіру. Социализм тарихынан сүрінбей өткен ойдан шығарылған утопиялар идеясынан бас тартып, ол «шынайы утопияларды»: капитализмнің аралықтарында немесе капитализмнің дамуымен симбиозда өсіп-өнетін антикапиталистік сипаттағы іс жүзінде бар формацияларды – мекемелерді, ұйымдарды ашуға кірісті.

Оның сүйікті шынайы утопияларының кейбірі: негізгі табыс гранты, кооперативтер, Википедия, бірлескен бюджеттеу, әлеуметтік экономика еді. Оның жобасы тәжірибемен жұмыс істеу, шынайы утопияны абстрактілі түрде тұжырымдау және өмір сүру және таралу жағдайларын, сондай-ақ ішкі қайшылықтарын зерттеу болды. Нағыз утопиялар капитализмнің бір немесе бірнеше деструктивті ерекшеліктеріне қаншалықты қарсы шықса, соншалықты антикапиталистік сипатта. Райт өтпелі стратегиялардың жиынтығын тұжырымдады – симбиотикалық, интерстициалды, шығу және үзілу – бірақ мұндай трансформация агенттері жөнінде пікірін айтуға асықпады. Ол осы шынайы утопияларды капитализм динамикасы теориясымен байланыстыра алмағанын айта кету керек, бұл олардың сыртқы түрін, сондай-ақ капитализмге қарсы шығуын түсіндіре алатын теория еді. Мен Райттың жобасын құтқару үшін Карл Полани мен Маркске жүгінемін.

> Райттан Поланиге дейін

Полани де шынайы утопияларға – Роберт Оуэннің қауымшылдығына, кооперативтердің өсуіне және гильдиялық социализмнің эмбриондарына сүйсінген еді. Олардың барлығы XIX ғасырдағы еңбектің реттелмейтін тауарлануына қарсы шыққан ағылшын қоғамдық қозғалыстарына енген. Райттың шынайы утопияларын тауарландыруға қарсы қозғалыстар ретінде де қарастыруын көретін боламыз. Бұл жерде олардың капитализммен байланысын анықтау қиынырақ.

Полани фашизмді, сталинизмді, социал-демократияны реттелмейтін нарықтанған процеске мемлекеттің реакциясы ретінде қарастырды. Бірақ нарықтық фундаментализм мен капитализмнің мерзімді тұжырымдамаларының арасында қандай логикалық байланыс бар? Жауаптың қызықты түйіні атақты Полани парадоксында жатыр – оның 1970-ші жылдардан басталатын біз неолиберализм деп атайтын нарықтандырудың үшінші серпінін болжамауы. Мен оны нарықтандырудың үшінші толқыны деп атаймын – өйткені Поланидің тарихи есебінде нарықтандырудың бір емес, екі толқыны бар – бірі XIX ғасырдағы еңбекті тауарландыруға

қатысты реакцияларда шоғырланса, екіншісі XX ғасырдағы ақшаның тауарлануы (қаржылай капитал) барысында болды. Біріншісі қоғамдық қозғалыстардың реакциясына, екіншісі мемлекеттің прогрессшіл және патологиялық реакциясына әкелді.

Полани адамзат енді ешқашан нарықтық фундаментализммен тәжірибе жасауға батылы бармайды деп ойлады. Полани өзі «жалған тауарлар» деп атаған - еңбек, ақша және табиғат – реттелмейтін айырбас кезінде пайдалану құны жойылатын тауарларды жасау арқылы адамзат ешқашан реттелмейтін нарықтардың деструктивтілігіне ұшырауға тәуекел етпейді деп пайымдады. Ол қателесті. 1970 жылдары нарықтандырудың тағы бір кезеңі басталды. Неліктен ол осы ықтималдықты болжамады? Менің ойымша, оның нарықтық фундаментализм туралы идеалистік түсінігі болды – қате бағыттағы либералдық экономистерде пайда болған қауіпті утопия.

Поланидің идеализмі оның капитализмнің марксистік талдауына – капитализмнің даму заңдарына және одан туындайтын таптық күреске қарсылығынан да көрінеді. Поланидің пікірінше, Маркс қанаумен туындаған таптық күрестің мүмкіндіктерін асыра бағалады. Шынында да, Маркстің тұжырымдамасында бір парадокс бар: қанау көзге анық көрінбесе, оның орын алып отырғаны туралы миф қана болса және жұмысшылар капитализмнің барынша кеңеюіне материалдық тұрғыда мүдделі болса, таптық күрес қалай орын алуы мүмкін?

Бұл маркстік парадокстармен күресудің орнына, Полани капитализм кезіндегі оқшаулануды өндіріс призмасы арқылы емес, тауарландыру призмасы арқылы түсінген дұрыс деген көзқарасты ұстанады. Маркстің пікірінше, коммодификация өндірістегі қанауды мистификациялау үшін қызмет етеді, ал Поланидің пайымдауынша, коммодификацияның, әсіресе «жалған тауарлардың» деструктивтілігі иеліктен айыру мен наразылықты тудырады. Бірақ маркстік динамикадан бас тарта отырып және қанау есебінен болатын тауарландыруға, өндіріс есебінен болатын нарыққа баса назар аударған Полани капиталистік динамика теориясынан, (де)жинақтау теориясынан айырылды. Сондықтан ол нарықтандырудың тамырын капитализмнің өзінің қарама-қайшы экспансиясынан көре алмады. Бұл біздің Маркске қайта оралуымызды талап етеді.

> Поланиден қайта Маркске

Коммодификация – қателескен либералдық экономистер жасаған капитализмнің кездейсоқ тұсы емес. Керісінше, бұл капитализмнің артық өндіріс пен табыстылықтың

>>

жүйелі дағдарыстарын шешу жолы. Артық өндіріс жаңа нарықтарды іздеу арқылы өтеледі және бұл капитализмнің басында ғана емес, сонымен бірге бүкіл капитализмде жалғасады және оған зорлық-зомбылықтың едәуір салқыны тиеді. Империализмді колониялардағы арзан жұмыс күшінің арқасында мүмкін болған шикізатты өндіру деп қарастыруға болады, осылайша жаңа тұтыну нарықтары пайда болды. Басқаша айтқанда, капитализм нарықтану толқындары және тауарландыруды экспансиялау арқылы өзі туындатқан дағдарыстарды жеңеді. Бұл жағдайда тауарландыруға қарсы қозғалыстар капитализмге қиындық тудыруы мүмкін: антикомодификация антикапиталистік болуы мүмкін. Осылайша, егер біз қайталанатын тауарландыру толқындары арқылы капитализмнің деструктивтілігін сынасақ, онда тауарландыру антикапиталистік стратегияның территориясына айналуы мүмкін.

Маркс бізге капитализм динамикасының теориясын ұсынады, бұл шын мәнінде капитализмнің өмір сүруі үшін үнемі тереңдеп бара жатқан тауарлануды қажет етеді. Алайда, Маркс капитализмге қарсылықты тек өндірістегі күрестен туындайды деп санайды, ол нарықтандырудың өзін, барлық нәрсені тауарға айналдыруды ұжымдық қарсылықтың неғұрлым күшті көзі ретінде қарастырмайды. Маркс бізге капитализм кезіндегі нарықтандыру толқындарының қажеттілігі туралы материалистік теорияны ұсынса, Полани нарықтандырудан туындайтын капитализмге қарсылық теориясын береді.

Полани мен Маркстің пайымдауларын талқылап алдық, енді Райтқа оралуға болады. Біз оның шынайы утопияларын тауарға қарсы жобалар ретінде қарастыра аламыз. Негізгі табыс гранты еңбекті тауарландыруға, бірлескен бюджеттеу және мемлекеттік банктік қызмет капиталдың тауарлануына, Википедия білімнің тауарлануына қарсы, ауылдық кооперативтер жердің, сондай-ақ еңбектің тауарлануына қауіп төндіреді. Сондықтан, менің пайымдауымша, антикомодификация – оның әртүрлі шынайы утопиялары үшін біріктіруші шеңбер. Олар Поланидің қарсы қозғалысының бір бөлігіне айналады.

> Агент мәселесі

Маркс коммунизмді институттық мазмұнмен толтырудан бас тартып, марксизмге үлкен зиян келтірді, осылайша кез келген режимге немесе кез келген қозғалысқа өзін «коммунистік» деп атауға мүмкіндік берді. Райт өзінің шынайы утопияларымен маңызды түзетуді ұсынады, бірақ оларға біріктіруші тақырып қажет. Поланидің тауарландыруды сынауы осы бірлікті қамтамасыз етті,

бірақ ол капитализм динамикасы мен нарықтандырудың бір ретпен жүзеге асатын толқындары арасындағы байланысты көре алмады. Маркс тауарландырудың деструктивтілігін жете бағаламаса да, ол жинақтауды нарықтандыруға байлау арқылы соңғы нүктені қояды. Бірақ бұл теориялық синтез басқа мәселелерді тудырады.

Біріншіден, Полани атап өткендей, антикомодификация, яғни қарсы қозғалыстар авторитаризмді, фашизмді тудыруы мүмкін, осылайша Райттың утопияларының демократиялық сипаты жойылады. Нарықтық қатынастардың авторитарлық емес, демократиялық шешімі қандай кепілдік бере алады?

Екіншіден, Полани комодификация қоғамға қауіп төндірген кезде қоғам оған жауап қайтарады деп болжады. Біз бұдан былай мұны әдеттегідей қабылдай алмаймыз. Басқаша айтқанда, біз тек қана қарсы қозғалыстың қалпы – авторитарлық немесе демократиялық – туралы ғана емес, сонымен бірге қарсы қозғалыстың мүмкін, мүмкін еместігіне де алаңдауымыз керек.

Үшіншіден, антикомодификация декомодификация нысанына айналғанда, ол тиімді сіңіру стратегиясы бола алады. Осылайша, жалпыға игілікті мемлекетін құру капитализмнің ығысуын емес, оның келісімін тудыруы мүмкін. Қандай жағдайларда антикомодификация антикапиталистке айналады?

Төртіншіден, нарықтандыру тауарландырудан әлдеқайда алысқа баруы мүмкін, ол жалған тауарларды, өндіріс факторларын нарықтан толығымен ығыстыруы мүмкін, яғни қалдықтар өндірісін, мен оны экс-комодификация деп атаймын. Тауарлану еңбектің, жердің, ақшаның, білімнің, қоршаған ортаның жойылуына әкелуі мүмкін. Бұл, әсіресе, соңғы елу жылдағы үшінші нарықтық толқынға қатысты.

Бесіншіден, бүгінгі күннің міндеті – қарсы қозғалыстарды жаһандық деңгейге дейін кеңейту. Қарсы қозғалыстар әлі күнге дейін тауарландырудың жаһандық шеңберімен күреспестен жергілікті және ұлттық деңгейде жүргізілуде. Біз нарықтандырудың үшінші толқынының нағыз өршіген кезінде әлі де нарықтандырудың екінші толқынына қатысты реакцияларға байланып отырмыз.

Осы мәселелердің барлығы агентке қатысты толғандыратын сұраққа байланысты: адамзатты капитализмнен құтқаратын ұжымдық әрекеттерді кім қалыптастырады? Бұл – Маркс, Полани және Райт бізге шешуге қалдырған мәселе. ■

Хаттарды Майкл Буравойға <burawoy@berkeley.edu> жолдауға болады.

> Түрік әлеуметтануы: қиындықтар мен мүмкіндіктер

Н.Берил Өзер Текин, Doğuş University, Түркия, ЕӨҚ денсаулық сақтау және медицина әлеуметтануы бойынша зерттеу желісі мүшесі (ЗЖ16)

Түркиядағы әлеуметтану өте динамикалық сипатта, сонымен қатар кейбір нақты мәселелер мен талқыланатын бағыттар бар. Осыған байланысты азаматтық қоғам, саясат, саяси өмір, экологиялық түйткілдер, күнделікті өмір және тұтыну – ең жиі талқыланатын мәселелер. Әлемнің басқа елдерімен салыстырғанда, Түркияның ерекше мәдениеті, әлеуметтік-экономикалық сипаттамалары, саяси динамикасы және институттық ерекшеліктері бойынша айырмашылықтармен қатар, әлеуметтану практикасына пандемия да ықпал етті. Пандемияға байланысты қоғамның әртүрлі топтарындағы әлеуметтік-экономикалық қиындықтар, сондай-ақ бизнесті жүргізу мен күнделікті өмірдің өзгеріп отыратын тәсілдері қазіргі кезде зерттелген мәселелерді пандемия тұрғысынан қарастыруға және теңсіздікке көбірек көңіл бөлуге итермелейді.

Осы бөлімдегі мақалалар Түркияның әлеуметтік болмысы мен әлеуметтану практикасы туралы едәуір жақсы түсінік береді.

Аслы Телсерен «Түркиядағы гендерлік теңдік/теңсіздік және феминизм» атты мақаласында феминистік қозғалыстың өткені мен бүгінін талқылайды. Тарихи перспективамен қатар, қазіргі мәселелерді көрсетіп, пандемиямен байланысты процестердің гендерлік алшақтықты күшейтіп, гендерлік зорлық-зомбылық пен әйелдерді өлтірудің өсе түскенін атап өтті. Сондай-ақ, мақалада пандемия әйелдердің ақылы және төленбейтін еңбегінің маңызы көрсетіледі.

Дижле Қойлан пандемиядан кейінгі ақ жағалылардың жаңа үлгісін «Түркиядағы Covid-19 және орта таптың тұтынуы» мақаласында баяндайды. Мақалада негізгі назар жұмыс атмосферасы мен әдеттері тұрғысынан үйде жұмыс істеудің өзгеруіне, менеджерлердің жұмыс күні ұзарғанына, қызметкерлерге қысым мен стресстің артуына және тұтыну әдеттерінің өзгерістеріне аударылады.

«Түркиядағы қоршаған ортаны қорғау әлеуметтануы» мақаласында Өзхан Өзтүрік елдегі экологиялық мәселелерге әлеуметтік реакцияның тарихи процесін талқылайды. Ол Түркияның жетекші саяси партиясы АҚР (әділеттілік пен даму партиясы) әкімшілігінің саясаты су электр станциялары жобалары сияқты энергетикалық жобалардан көрінетін экологиялық проблемаларды күшейтіп, халықтың көп бөлігіне әсер етті деп болжайды. Бұл қоршаған ортаны қорғаушылар дискурсына, көбінесе, интернеттің көмегімен кең аудиторияға шығуға мүмкіндік берді.

Ілknұр Қажысофтоағлы «Түркиялық идеология қактығысындағы әйелдер» атты мақаласында гендерлік теңсіздік ахуалын қарастырады. Ол спорт аренасындағы гендер мен дене құрылымына назар аударады. Қорытындылай келе, мақалада әйелдердің денесі саяси пікірталастарда қолданыла берсе де, әйелдер өз тағдырын өздері анықтауға тырысатыны көрсетіледі.

«Түркиядағы пандемия және «цифрлық иммигранттар» мақаласында Н.Берил Өзер Текин пандемия кезінде арта түскен әйджизмді талқылайды және «цифрлық иммигранттар» (қарт адамдар) үшін интернет пен зияткерлік цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін көрсетеді. Ол Түркиядағы оқшаулану, әлеуметтік оқшаулау және теңсіздікті интернет көмегімен азайтуға болатындығын көрсетеді және өз ұсыныстарымен таныстырады.

Сіздерге осы бөлім ұнайды деген үміттемін! ■

Хаттарды Н.Берил Өзер Текинге <btekin@dogus.edu.tr> жолдауға болады.

> Түркиядағы гендерлік теңдік/теңсіздік және феминизм

Аслы Телсерен, Doğu University, Түркия, Әлеуметтік және саяси өзгерістер зертханасы –
Әйелдерді зерттеу саласындағы құжаттама мен зерттеулерді басқару орталығы (LCSP-CEDREF),
Université Paris-Cité, Франция



8 наурыздағы шеру, Түркия. Пандемия кезінде көшеде феминистік наразылықты өткізу бұрынғыдан да маңыздырақ бола түсті.

Әлеуметтік құрылым ретінде гендер уақыт пен кеңістікте өзгертін әлеуметтік рөлдердің мәдени, әлеуметтік, саяси және экономикалық айырмашылығын білдіреді. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси қажеттіліктеріне сәйкес әлеуметтік институттардың көмегімен құрылған гендерлік тәртіп әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымдардағы гендерлік теңсіздік пен иерархияны анықтайды. Демек, теңсіздік табиғи да, биологиялық тұрғыдан да берілмейді, керісінше әлеуметтік тұрғыдан жасақталған.

Адамның негізгі құқықтарының бірі ретінде гендерлік теңдік қоғамдық, экономикалық, саяси және әлеуметтік ресурстарға, сондай-ақ жынысына қарамастан мүмкіндіктерге қол жеткізудің теңдігін білдіреді. Әлеуметтанушы Нилай Шабук Кая бұны қоғамдық өмірдің барлық салаларында әйелдер мен ерлердің тең қатысуы ретінде анықтайды. Бұл тұрғыда гендерлік теңдік барлық адамдарға, яғни cis пен транс-әйелдер мен ерлерді; ересектер немесе балаларды; жұмыс істейтін немесе жұмыссызды және т.б. қамтиды. Осылайша, бұл саяси өмірдегі тең өкілдіктен де кеңірек, сондай-ақ феминистік және ЛГБТ+ қозғалыстарымен тығыз байланысты. Түркияның осы жағдайында және әлеуметтік

құрылымында гендерлік теңдікке қол жеткізу әйелдер мен ЛГБТ+ тұлғаларға қатысты барлық зиянды тәжірибелерді, соның ішінде тәндік, психологиялық, экономикалық және жыныстық зорлық-зомбылық, феминизм, жалақыдағы айырмашылық пен жынысына қарай кемсітушілікті жоюды талап етеді. Бұл мақалада 2021 жылдың соңындағы жағдай бойынша Түркиядағы гендерлік теңдік/теңсіздіктің ағымдағы ахуалы талқыланады.

> Түркиядағы гендерлік теңдіктің/теңсіздіктің қысқаша тарихы

Гендерлік теңдік туралы дау мен пікірталас (негізінен гендерлік теңдік тұрғысынан) Осман империясының жаңғыруы мен Түркия Республикасының құрылу кезеңінен басталады. Серпил Санкар мен Айша Булут 1920-1930 жылдардағы республикалық реформалар әйелдерді жаңғырту символы және түрік қоғамының қазіргі заманғы бейнесі ретінде талқылайды². Осылайша, гендерлік теңдік саясаты экономикалық және әлеуметтік дамудың ажырамас элементі ретінде емес, жаңғырту немесе мәдени сипатталған трансформация процестерінің бөлігі ретінде әзірленді. Осы кезеңде отбасына құрылым ретінде басымдық берілсе де, ерлер мен әйелдердің теңдігі туралы бірқатар заңдар, соның ішінде дауыс беру құқығы мен азаматтық кодекс қабылданды. Аталмыш реформаларға қарамастан, гендерлік теңдікке қоғам деңгейінде қол жеткізілмеді және гендерлік асимметрия жалғасуда.

1980 жылдардың аяғынан бастап әйелдер ұйымдары мен феминистік қозғалыс гендерлік теңдікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқара бастады. Олардың белсенді саяси күш-жігері мен саяси және әлеуметтік ландшафтыны қалыптастыруға көбірек қатысуы байқалады. 1990 жылдары феминистердің күш-жігерінің нәтижесінде әйелдер заңды және әлеуметтік жеңілдіктерді ала бастады. Қоғамдық, экономикалық және саяси ресурстарға тең қолжетімділік, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою және жиналыста әйелдердің саяси өкілдігін арттыру сияқты әйелдердің құқықтарын жүзеге асыру үшін

феминистік күрес жалғасты. Осы кезеңде феминистер әйелдің отбасындағы орны мен патриархаттық құрылымға күмән келтіре бастады. Сонымен қатар сексизм, ерлердің үстемдігі, тұрмыстық зорлық-зомбылық және үй шаруасы секілді мәселелерге назар аударды. Осыған байланысты патриархаттың және патриархаттық әлеуметтік, саяси және экономикалық жүйенің рөлін талдауға ерекше назар аударды. Олардың күш-жігерінің арқасында гендерлік теңсіздікке негізделген мәселелер туралы қоғамның хабардарлығы, сондай-ақ ресурстар мен оларды шешу тетіктері туралы ақпарат көбейді.

> Заманауи сын-қатерлер

1980-1990 жылдардағы феминистердің күш-жігерінің арқасында феминистік қозғалыс әлеуметтік және саяси тұрғыдан күшейе түсті. 2000 жылдары және одан кейін барлық әйелдер дініне, этникалық құрамына, табына, жыныстық бағдарына және жасына қарамастан, патриархат пен патриархаттық әлеуметтік құрылымды мәселе деп санайтын феминистік қозғалыстың басты кейіпкерлері болып көрінді. Хилл Коллинздің (1990) айтуынша, гендер, тап және этникалық сәйкестілік – қазіргі әлемдегі ең даулы және саясаттандырылған әлеуметтік қатынастардың бірі. Тап, жыныстық бағдар, жас, дін, денсаулық жағдайы, азаматтық байланыстар және т.б. әйелдердің тәжірибесін ажырататындығын көрген феминистер биліктің өзара байланысы мен әйелдердің әлеуметтік-саяси тәжірибесі арасындағы байланысқа жүйелі түрде күмән келтіруін жалғастыруда. Түркиядағы феминистік қозғалыстың сектораралық сипатын қозғалыс күшінің негізгі себебі ретінде қарастыруға болады.

2000 жылдардағы саясатты әзірлеу процесіне қарасақ, гендерлік саясат 1999 жылы Хельсинки Саммитінен кейін басталған Еуропалық Одаққа кіру процесімен келісілгені анық. Осы кезеңде Түркияда әйелдер құқықтары саласындағы прогрестің бірқатар белгілері байқалды, соның ішінде Түркияның Қылмыстық Кодексі мен Азаматтық Кодексіне түзетулер енгізу, сондай-ақ Стамбул Конвенциясын қабылдау. Түркия жыныстық бағдарына қарамастан аймақты әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз және тұрмыстық зорлық-зомбылықсыз қамтамасыз етуге бағытталған Стамбул Конвенциясына, Еуропалық конвенцияға қол қойған алғашқы ел болды. Бұл құжатты ЛГБТ+ тұлғалары үшін кепілдік ретінде қарастыруға болады. Конвенцияны ратификациялағаннан кейін бірден Түркия 2012 жылы өзінің №6284 тиісті Заңын қабылдады.

Алайда, дееуропаландыру саясатының арқасында 2012 жылдан кейін бұл реформалар баяулады. Осы кезең эгалитарлық дискурстан консервативті кезеңге ауысумен сәйкес келеді. Кезеңнің неолибералды саясаты патриархаттық әлеуметтік құрылымды қалпына келтірудің маңызды құралы болатын отбасының маңыздылығы мен

әйелдердің отбасындағы рөлі туралы риторикамен қатар жүрді. 2021 жылы Түркия Стамбул Конвенциясынан шыққан алғашқы ел болды; бұл Түркияның Ұлы Ұлттық Жиналысының мақұлдауынсыз да жүзеге асты.

Соңғы онжылдықтардағы прогреске қарамастан, көптеген мәселелер шешілмеген күйінде қалып отыр, оның ішінде әйелдердің саясатта және еңбек нарығында аз қамтылуы, жұмыссыз әйелдердің жоғары көрсеткіші, гендерлік зорлық-зомбылық және әйелдерді өлтіру. Сонымен қатар, COVID-19 пандемиясы гендерлік теңдікке теріс әсер етті. Деректер пандемия әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың артуына әкелгенін көрсетеді. Көптеген әйелдер карантиндік шараларға байланысты қауіпті жағдайда қалуға мәжбүр болды, бұл олардың қызметтерге қол жеткізуін қиындатты.

Түркия сияқты елдерде дәстүрлі және стереотиптік еңбек бөлінісі жиі кездеседі және күтім жұмыстары негізінен әйелдерге жүктеледі, ал ерлер іс жүзінде болған маңызды өзгерістер мен оқиғаларға қарамастан үй шаруашылығын қамтамасыз етеді, COVID-19 эпидемиясы гендерлік алшақтықты тереңдетті және әйелдерге пропорционалды емес ауыртпалықты жүктеді. Дегенмен, жақында жүргізілген зерттеулер пандемия кезінде ер адамдар үй жұмыстарына көбірек уақыт жұмсағанын көрсетсе де, дәл осындай зерттеулер ерлердің үй жұмыстарына қатысуы әйелдерге түсетін ауыртпалықты азайтпағанын байқатты. Пандемия іс жүзінде әйелдер еңбегінің маңыздылығын көрсетті. Мелда Яман атап өткендей, үйден тыс өмір тоқтап қалса да, әйелдер жұмыс күшін ұдайы өндіру арқылы үйде балалар мен қарт адамдарға күтім жасау үшін ақы төленетін және ақы төленбейтін негізде жұмыс істеуді жалғастырды. Олар COVID-19 экономикалық әсерінен қатты зардап шекті, өйткені қауіпті еңбек нарықтарында пропорционалды түрде көп жұмыс істейді. Осы факторлардың барлығы қоғамдық және жеке кеңістікте әйелдерді әлсіз етіп, гендерлік теңдікке қол жеткізуге елеулі кедергі келтіреді. ■

Хаттарды Аслы Телсеренге <telserena@dogus.edu.tr> жолдауға болады.

1. BBC News Türkçe, Toplumsal cinsiyet eşitliği nedir, Türkiye’de neden tartışma yaratıyor? [Гендерлік теңдік дегеніміз не, Түркиядағы даулар неден туындайды?] <https://www.bbc.com/turkce/haber-turkiye-49679143> (Түрік тіліндегі сұқбат. 17 мамыр 2022).
2. SSancar, S. and Bulut, A. (2006) Turkey: Country Gender Profile, Final Report, [Түркия: Елдері гендерлік жағдайға шолу, Қорытынды есен.] https://www.jica.go.jp/english/our_work/thematic_issues/gender/background/pdf/e06tur.pdf (өтініш берген күні: 9 мамыр 2022 жыл).
3. Қараңыз: İlkcaracan, I. and Memiş, E. (2021) «Transformations in the gender gaps in paid and unpaid work during the COVID-19 pandemic: findings from Turkey» [«COVID-19 пандемиясы кезінде ақы төленетін және ақы төленбейтін жұмыстағы гендерлік алшақтықтың өзгеруі: Түркиядан алынған тұжырымдар»] Feminist Economics. 27 (1-2), 288-309. <https://doi.org/10.1080/13545701.2020.1849764>, және Hızroğlu-Aygün, A., Köksal, S. and Uysal, G. (2021) «Covid-19 pandemisinde toplumsal cinsiyet eşitsizliği: ev işlerini kim yapıyor? Çocuklara kim baktı?» [«COVID-19 пандемиясындағы гендерлік теңсіздік: үй шаруасын кім істеді? Кім балаларға қарады?»] İstanbul Politikalar Merkezi. Sabancı Üniversitesi. <https://ipc.sabanciuniv.edu/Content/Images/CKEditorImages/20210401-19040880.pdf> (Түрік тіліндегі мақала).
4. Yaman, M. (7 наурыз, 2021) «Pandeminin içinden: kadınların yeniden üretim emeği» [«Пандемиядан шығу: әйелдердің репродуктивті еңбегі»]. Birgün, <https://www.birgun.net/haber/pandeminin-icinden-kadinlari-yeniden-uretim-emeği-336621> (Түрік тіліндегі мақала).

> Түркиядағы COVID-19 және орта таптың тұтынуы

Дижле Қойлан, Doğu University, Түркия

Ұсынған: Тран Май Три Там, Creative Commons.



С OVID-19 пандемиясы қоғамды, институттарды және күнделікті өмірді кенеттен және өте тез өзгертті. Әлемдегі үкіметтердің әлеуметтік өмірді біртіндеп шектеуі әлеуметтік қашықтық және әлеуметтік оқшаулану ұғымдарын күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналдырды. Өмір біз қоғамда қарым-қатынас жасайтын барлық салаларда, бизнесті жүргізуден бастап бос уақытты өткізуге дейін өзгерді, бұл күнделікті өмірді, өмір салтын және тұтынушылық әдеттерді де өзгертті.

Осы жылдам өзгеріс, әсіресе пандемияға дейін үнемі жұмыс істейтін, жол кептелістерімен күресетін, жеке кездесулер өткізетін, кеңседе белгіленген сағаттарда жұмыс істейтін және қоғамдық орындарға үнемі баратын орта деңгейдегі ақ жағалылардың арасында байқалды. Әрине, COVID-19 пандемиясы қоғамның барлық салаларына және олардың күнделікті өміріне ықпал етті, бірақ үйде жұмыс істеуге ауысқан ақ жағалылардың өмірінде өзгеріс әлдеқайда айқын. Әрине, пандемия кезінде ірі фирмалар мен цифрландыру ұйымдарының күш-жігерінің арқасында мүмкін болған жұмыстың мұндай өзгеруі сән-салтанат ретінде

қабылданды. Төменгі таптармен салыстырғанда, бұл жағдай тек орта және жоғарғы таптағы ақ жағалыларға ғана тән.

Көк жағалылар мен медициналық қызметкерлер COVID-19 пандемиясы кезінде түрік қоғамындағы ең осал топтар болды. Олардың көпшілігі жалақысы төмен және еңбек жағдайлары нашар, кесел жұқтыру қаупі жоғары, біліктілігі төмен жұмысшылар, мысалы, тасымалдау қызметі жүргізушілері, ет өнеркәсібі жұмысшылары, супермаркет кассирлері және құрылысшылар. Олардың еңбек жағдайлары, әдетте, цифрландыруға, үйден жұмыс істеуге немесе икемдеуге келмейді; сондықтан COVID-19 пандемиясы олардың жұмыс өмірін айтарлықтай өзгерте қоймады. Екінші жағынан, пандемия, әрине, олардың әлеуметтік әдеттеріне, өмір салты мен тұтыну әдеттеріне, соның ішінде адамдармен қарым-қатынасқа, мысалы, кафеге жиналуға немесе адам көп жиналатын үйлену тойына қатысуға әсер етті. Капиталистік қоғамдағы басты назар еңбек тұрақтылығына аударылатындығын ұмытпау керек, сондықтан төменгі таптардың еңбек өмірі мүмкін болғанша бұрынғыдай жалғасты.

> Ақжағалыларға ықпал ету

Пандемия кесірінен әдеттегі сән-салтанатынан айырылған жоғары тап пен бай элитаның өкілдерінен айырмашылығы, төменгі және орта тап өкілдері жағымсыз салдардың куәсі болды. Мен орта тапқа, әсіресе оның «ақ жағалыларына» ерекше назар аударамын; олар пандемия кезінде жұмыссыз болған жоқ, бірақ басқалар сияқты қатты зардап шекті. Алайда, олардың азабы білінбейді және тіпті еленбейді. Олар жұмыс орындары цифрлыққа ауысқан кезде қиындықтарға тап болды. Еңбек жағдайлары мен осы жағдайларда жұмыс істеуге қажетті біліктіліктің өзгеруі бүкіл өміріне ықпал етті.

Ақжағалылардың жұмысы, әдетте, кеңсеге баруды және жеке кездесулерге қатысуды, адамның өзара ықпалдастығын қажет ететін әрекеттерді талап етеді. Дегенмен, пандемия бұл талаптарды тез өзгертті. Өмірдің барлық салаларында, соның ішінде еңбек өмірінде адамдармен (жеке) кездесуді қажет ететін әрекеттерге тыйым салынды немесе шектелді. Сондықтан кенеттен үйлеріне қамалып, үйде жұмыс істеуге бейімделуге тырысқан ақжағалылар тұтынушылық әдеттердің жаппай өзгеруіне әкеліп соқтыратын жаңа күнделікті өмір құруға мәжбүр болды.

Пандемиядан туындаған әлеуметтік оқшаулану жағдайында адамдар көбінесе үйлерінен шықпай қалады және аз тұтынуға бейім. Оқшаулау, шектеулер мен карантин адамның қоғамдық салада көрінуін төмендетеді. Адамдар түскі немесе кешкі асқа сирек барады, үйлену тойына қатыспайды, достарына бармайды немесе үлкен сауда орталығында сауда жасамайды. Бұл дегеніміз, сән-салтанат пен демонстрациялық тұтынуды (сән-салтанат пен қызметтерге ақша жұмсау және оларды экономикалық байлықтың қоғамдық көрінісі ретінде сатып алу) азайды. Адамдар, әдетте, сыртқа шықпаса,

қымбат киім, биік өкшелі аяқ киім, сәнді парфюмерия немесе косметика сатып алмайды. Егер басқалар оларды қоғамдық жерде, мысалы, сауда көшесінде немесе алаңдағы кеңседе көрмесе, олар демонстрациялық тұтынумен айналыспайды. Егер көпшілікке көрсету мүмкіндігі болмаса, ешқандай тұтыну болмайды.

Күнделікті өмір мен тұтынушылық әдеттердің өзгеруіне қатысты тағы бір қорытынды жұмыс орны мен үйдің айырмашылығына байланысты. Пандемия кесірінен үйдегі бөлме жұмыс орнына айналды. Жұмыс уақыты мен бос уақыт бұрынғыға қарағанда бір-біріне жақындай түседі – кеңсе орны мен жұмыс уақыты, сондай-ақ, үй мен бос уақыт арасындағы шекаралар бұлыңғыр. Үй толыққанды өмірді қамтитын эпицентрге айналды. Жұмыс пен үй өмірінің арта түскен араласуының нәтижесінде орта таптағы «ақжағалылардың» отбасындағы қарым-қатынасы нашарлады. Кеңседе жұмыс істеуден үйде жұмыс істеуге ауысу адамның кез-келген уақытта жұмыс істеуге дайын болуы керек дегенді білдіреді. «Ақ жағалылар» өз басшылары мен менеджерлері пандемиядан кейін де олардан жедел жауап күтіп, тіпті түнде де электронды хат жібереді деп мәлімдеді. Менеджерлердің үміті өзгерді – олар «ақ жағалылардың» кез-келген уақытта кездесулер, маркетинг жоспарларын құру, электрондық поштаға хат жазу, есептерді шығару және т.б. сияқты кез-келген тапсырманы орындауға дайын болатынын күтеді. Жұмысшылар отбасымен немесе достарымен жоспар құра алмайды немесе тікелей эфирді көруді жоспарлай алмайды. Бұл мотивацияның болмауына және стресс пен депрессия деңгейінің жоғарылауына түрткі болды.

Осылайша, COVID-19 пандемиясы Стамбулдағы орта деңгейдегі «ақ жағалылардың» күнделікті өмірі мен тұтынушылық әдеттеріне тікелей ықпал етті және өзгертті. ■

Хаттарды Дижле Қойланға <dkoylan@dogus.edu.tr> жіберуге болады.

> Түркиядағы қоршаған ортаны қорғау әлеуметтануы

Өзхан Өзтүрік, Karabük University, Түркия



Қоршаған ортаны қорғау экологиялық активизм мен азаматтық қоғамды мобилизациялау арасындағы алшақтықты еңсеруі мүмкін. Ұсынған: congerdesign/Pixabay, Creative Commons.

Түркиядағы қоршаған ортаны қорғаудың барысы мен формалары елдің әлеуметтік өзгерістерімен, сонымен қатар оның саясатымен қатар дамыды. Экологизмнің трансформациясы кезінде саяси пікірталастардан басқа азаматтық қоғамның дамуы үшін күресті, неолиберализмнің идеологиялық формаларын және таптық саралау нәтижесінде пайда болған әлеуметтік жіктелуді байқау қиын емес.

Түркиядағы экологиялық мәселелерге қоғамдық көзқарастың пайда болу тарихы 1970 жылдардың аяғына дейін созылады, бірақ ұйымдасқан қоршаған ортаны қорғау жүзеге асты. Ұйымдастырылған инвайронментализмнің алғашқы кезеңі 1980 жылғы әскери төңкерістен кейін құрылған, әлеуметтік ұйым үшін психологиялық кедергілердің жойылуына және 1970 жылдары экологиялық проблемаларды саясат пен экономикамен байланыстыратын, наразылық тілін қайтару арқылы жаңа саяси негіздің пайда болуына ықпал етті. Сол кезеңдегі саяси тіл шеңберінен шыққан тұтастыққа баса назар аударатын, экологиялық дискурсты Жасылдар партиясы саясатта тікелей көрсетуге тырысты. Алайда, бұл әрекет қысқа уақытқа созылды, өйткені ерте инвайронментализм инновациялық көзқарасқа ие болса да, орта таптың тар тәжірибесіне еніп, көпшілікке жете

алмады. Осы сәтсіз саяси әрекеттен кейін экологиялық дискурс экологиялық үкіметтік емес ұйымдар арқылы әртүрлі нысандарда құрылуды жалғастырды.

> 1990 жылдар: инвайронментализмді институттау

1990 жылдар, экологизм азаматтық қоғамның құрамдас бөлігіне айналған кезде, экологиялық құндылықтар орта таптың құндылықтарымен біріктірілген және экологизм қоғамдық салада танымал болған жылдар еді. Осы кезеңде, экологиялық ұйымдар экологиялық мәселелерге қатысты саяси талаптар қоятын қоғамдық ұйымдардың шеңберінен шықты. Мемлекеттік билікке қарсы азаматтық қоғамның өсіп келе жатқан динамикасына сәйкес, экологизм азаматтық қоғамның күшті құрамдас бөлігіне айналды. Экологизмнің азаматтық қоғамға қатты әсер етуінің екі негізгі себебі бар. Біріншіден, инвайронментализмнің саяси емес әлеуметтік бейнесі төңкеріс кезінде саясатсызданған адамдарға қоғамдық ұйымға қайта кіруге мүмкіндік берді. Екіншіден, жоспарланған атом электр станциясының ықтимал қауіптері туралы дискурс бүкіл ел бойынша өнеркәсіп пен жылу электр станцияларының ластануымен бірге экологиялық проблемалар аймақтық емес, ұлттық сипатқа ие екенін және қоршаған ортаны қорғаушылар дискурсының қоғамдық таралуын тездететінін анықтады.

>>



Түркиядағы экологиялық наразылық. Суретті түсірген: Өзхан Өзтүрк.

Мысалы, Бергама алтын кенішіне қарсы наразылықтар сол кезеңдегі ең танымал экологиялық қарсылық ретінде орта тап арасында экологиялық дискурстың таралуына ықпал етті. Экологтар осы кезеңде, бүгінгі күнге дейін сақталып келген орта тапқа негізделген тірек қалыптастыра алды.

Азаматтық қоғамға баса назар аудару әртүрлі экологиялық ұйымдар мен экологияға әртүрлі көзқарастар қалыптастыруға мүмкіндік берді. Институттану кезеңі деп атауға болатын осы кезең экологиялық ұйымдарға ерекше мүдделерді дамытуға және әртүрлі әлеуметтік процестерге қатысуға жол ашты. Ауылшаруашылық мәселелері, жабайы табиғатты қорғау және эрозияға қарсы күрес сияқты әртүрлі және нақты мәселелермен айналысатын экологиялық, үкіметтік емес ұйымдар білім беру іс-шаралары арқылы қоғамның хабардарлығын және қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттыру, сондай-ақ өз мүдделеріне қатысу үшін әрекет етті. Хабардар болуды арттыру іс-шараларына ерекше назар аударылды: балалар мен жастарға экологиялық білім беру іс-шаралары, кейінгі жылдары жоғары білімді әлеуметтік топ құруға бағытталған күш-жігердің бір бөлігіне айналды.

Сонымен қатар, сол кезеңде институттық әрекет ететін экологиялық үкіметтік емес ұйымдар ғана емес, сонымен бірге тікелей саясатқа бағытталған экологиялық қозғалыстар да күшейді. Қаржылық ресурстары жоқ экологиялық қозғалыстар, демек, институттандырылған экологизмге қолжетімді насихат құралдары, әсіресе бірлескен жұмыс топтарын құру және жергілікті алаңдаушылықтарды білдіру үшін жергілікті наразылық шерулері арқылы экологиялық мәселелердің саяси өлшеміне баса назар аударуды жалғастыруда. Экологиялық қозғалыстардың саяси наразылық ұстанымы мен экологияны оның саяси мазмұнынан бөлуге тырысқан институттандырылған экологизм арасындағы ортақ нәрсе қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне кеңірек аудиторияның назарын аударуға ұмтылу болды.

> 2000 жылдар: инвайронментализмді кәсібилендіру

1990 жылдары қарқын алған институттану процесі 2000 жылдары инвайронментализмнің жаңа перспективасын ашты. Қоршаған ортаны қорғау ұйымдарының күн тәртібінде 1990 жылдарға қарағанда егжей-тегжейлі мақсаттар болды, сонымен қатар осы мақсаттарға жету үшін қолданылатын құралдар анықталды. Кәсібилендіру деп анықталатын осы процестің нәтижесінде экологиялық ұйымдар өздерінің саяси және экономикалық бағдарламаларын, сондай-ақ олардың идеологиялық ұстанымдарының интеллектуалдық құрылымын нақтылады. Алайда, ірі компаниялардың көлеңкесінде құрылған көптеген жаңа «экологиялық» ұйымдар капиталдың қазіргі экономикалық және саяси тәжірибелерімен үйлесетін отандық инвайронментализмді насихаттады. Инвайронментализмге деген қызығушылық ірі компаниялардың бақылауымен құрылған ұйымдармен ғана шектелмеді. Әсіресе, 2000 жылдардың ортасында Өділет және даму партиясы (АҚП) саяси билігін нығайтқан кезде, өздерінің әлеуметтік ықпалын кеңейткісі келетін консерваторлар мен діни ұйымдар діни-экологиялық дискурсы бар экологиялық ұйымдар құрды. Діни дискурста сілтеме жасау экологиялық проблемаларды ортақ игіліктер шеңберінде шешуді емес, қазіргі конъюнктура шеңберіндегі келісімді ұсынады.

2000 жылдар – сонымен қатар экология және қоршаған орта мәселелеріне деген әлеуметтік қызығушылықтар орта таптан төменгі таптарға тараған жылдар. Интернет сияқты коммуникациялық технологиялар экологиялық дискурстарды бұрынғыдан да кеңірек әлеуметтік негізге жеткізуде маңызды рөл атқарды. Алайда, одан да маңыздысы - бітімгершіліктен алшақ, әміршілдігі күшейе түскен АҚП-ның экологиялық саясаты осы мәселелерді ұдайы тереңдетіп отырғандықтан, үлкен әлеуметтік топтың экология мәселесіне тікелей қатысуы болуы. Өзен бойында салынған су электр стансалары бар аймақтарға келтірген зияны немесе пайдалы қазбаларды барлау жұмыстарының нәтижесінде ұлттық саябақтардың тоналуы сияқты көптеген мысалдар жергілікті халықты саяси авторитаризммен қатар тікелей экологиялық қиындықтарға да душар етті.

Бүгінгі таңда адамдардың экологиялық қиындықтарға көбірек тап болуы азаматтық қоғамда да, саясатта да экологиялық дискурстарды алға тартады. Осы тұрғыдан алғанда инвайронментализм авторитарлық саясатпен күресуде де, экологиялық мәселемен күресуде де өз рөлін атқарды. Бұл рөлді өзінің саяси сипатына дейін төмендету Түркияның қысқа тарихында қоршаған ортаны қорғау жолын елеулі дегенді білдіреді. Тікелей саяси күреспен қатар, демократиялық құндылықтарға бағытталған азаматтық бастамаларды дамыту және экологиялық білім беру арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын бастау қоршаған ортаны қорғаудың әлеуметтік сапасын да күшейтті. ■

Хаттарды Өзхан Өзтүрікке <ozkanozturk@karabuk.edu.tr> жолдауға болады.

> Түркиялық идеология

қақтығысындағы әйелдер

Ілknұр Қажысофтоағлы, İstanbul Bilgi University, Түркия



Әйел денесін реттейтін саясатқа қарсы наразылық плакаты Франкфурттегі әйелдер шеруінде, 2017 ж. Ұсынған: Wikimedia Commons.

Әйелдер көптеген басқа елдердегі секілді Түркия тарихында әртүрлі саяси пікірталастардың орталығында болды. Бұл мақалада мен әйелдердің саналуан саяси қақтығыс негізіне айналуының әртүрлі мысалын қарастыруға тырысамын.

Жиырманшы ғасырдың басында, Түркияның бастапқы республикалық құрылымы кезіндегі тәртіп Республиканың «жаңа әйелін» анықтады. Әйелдердің әлеуметтік мәртебесі және олардың дене тәжірибесі (мысалы, киім таңдау, спорт және жаттығу) ортақ формула аясында біріктірілді. Әйелдер өз денесі мен тәжірибесі арқылы Түрік ұлтының алдындағы міндеттері мен жауапкершіліктерін орындайды.

Осы кезеңде жаңадан құрылған Республиканың құндылықтарын талқылаудағы басты мәселенің бірі өркениет пен мәдениет арасындағы алшақтық болды. Зиялы қауым мен жаңа тәртіптің негізін қалаушылар Батыс өркениеті елге жаңғыру арқылы келеді деп сендірді. Алайда, елдің айырмашылығы мен ерекшелігін көрсететін мәдениетті қалай сақтау керектігі туралы мәселе де үлкен алаңдаушылық тудырды. Бұл антагонистік позицияда әйелдер бір уақытта батыстан айырмашылығы мен батысқа ұқсастығын білдірді. Қоғамдық кеңістікке қолжетімділігі қатаң ережелермен басқарылатын «ескі» әйелдерді «жаңа» әйелдер алмастырды, олар заң алдында ер адамдармен теңдікке қол жеткізді, бірақ әлі де өздерінің дәстүрлі үйдегі рөлін сақтап қалды.

«Түркиядағы секуляризм пен исламизм арасындағы азаматтық» деген мақаласында Шолақ атап өткендей, әрбір түрік әйелі жаңа азамат ретінде өз бойында көрініс тапқан бірқатар «идеализацияланған» және «өркениетті» рәміздерді, бейнелер мен рәсімдерді сақтауы керек еді. Спорт жаңа әйелдерді көрсететін кеңістік ретінде қарастырылды. Ралли ойнаған алғашқы әйел Самийе Кахид Моркая, сондай-ақ 1936 жылы Берлинде өткен Олимпиада ойындарына мұсылман елінен келген алғашқы әйелдер Халет Шамбел мен Суат Фетгери осы кезеңнің символдық тұлғасына айналды.

> Исламизм, секуляризм және әйелдер үшін күрес

1950-1980 жылдар аралығында әйелдердің қоғамдағы жағдайы үлкен мәселе болған жоқ. Алайда, 1980 жылғы әскери төңкерістен кейінгі кезең, нәтижесінде Түркиядағы тәртіп қайта құрылды, әйелдер қозғалысы орын алды. Насиде Бербер мәлімдегендей, «пайда болған тәуелсіз феминистік қозғалыс Севги Шубукшудың айтуынша, заңды құқықтарға қанағаттанбаған «көтеріліс» қозғалысы Кемализм құрған гендерлік теңдік жүзеге асырылып, радикалды және фундаменталистік талаптарға жауап берді деген иллюзияға қарсы болды».

1980 жылдан кейін пайда болған тағы бір қозғалыс – Ислам қозғалысы. Бұл қозғалыс әскери тәртіп орнаған алаңда кеңейіп, 1990 жылдары ықпалын күшейтті. 1990 жылдардан кейін ол саяси күн тәртібінде статикалық ұстанымы бар танымал оппозициялық қозғалысқа айналды. Тағы да орамал тағу мәселесіне байланысты

>>

әйелдер қоғамдық аренадағы шиеленістердің орталығында болды. Орамал исламистік риториканың маңызды бөлігіне айналды және сол кездегі гегемондар орамалды исламның символы ретінде қабылдады; олар оны контрсекуляризмнің бейнесі ретінде көрсетті. Осылайша, әйелдерге мектептер мен министрліктер сияқты қоғамдық ғимараттарда орамал тартып, жұмысқа келуге рұқсат етілмеді.

Кең өріс алып келе жатқан әйелдер қозғалысы ислам қозғалысына да ықпал етті. Өсіп келе жатқан әйелдер қозғалысының және әйелдердің қоғамдық кеңістікке орамал тағуы туралы қызу пікірталас ықпалымен әйелдер ислам қозғалысында, әсіресе жергілікті саясатта өте белсенді рөл атқара бастады. 2002 жылы билікке Исламға бағытталған партия АҚР келді. Орамалмен қоғам алдында өз орнын орнықтыру үшін әйелдердің күресі олардың риторикасының ажырамас бөлігіне айналды. Олар өз дискурсын әйелдің орамал тағу бостандығына арнап, әйел өз денесіне өзі қалаған нәрсені жасау құқығы туралы ойларын тұжырымдады. Ерте республикалық кезеңде риторика өркениет пен мәдениеттің бөлінуіне негізделген, ал қазіргі шиеленісте ол секуляризм пен исламға негізделген, екі жағдайда да әйелдің денесі осы шиеленісті сипаттайтын бейне ретінде қолданылады.

Кейінгі жылдары Ислам қозғалысының өсуімен әйел туралы пікірталас жаңа деңгейге көтерілді. Орамалдағы әйелдер енді әйел туралы пікірталастың жалғыз тақырыбы емес. Кейбір исламдық пікір көшбасшылары әйелдерді исламдық құндылықтарды сақтауға және орындауға шақырды. Әйелдер қозғалысына кепілдік берілген құқықтар қайтадан дау тудырды. Осындай жетістіктің бірі әйелдерді зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен қорғауға, сондай-ақ әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық пен жыныстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға, сотпен қудалауға және жоюға бағытталған 2011 жылғы Стамбул Конвенциясы болды. Бірнеше ай бойы үкіметтік болып көрінетін газеттердің науқанынан кейін, 2012 жылы Конвенцияға қол қоюдан тартынбаған Түркия, бұл туралы ескертулері бар екенін мәлімдеп, 2021 жылы одан шықты. Шын мәнінде, Стамбул Конвенциясындағы пікірталас Түркиядағы әйелдердің түрлі саладағы құқықтары шиеленісін көрсетті. Гомофобия пікірталастардың ең маңызды тақырыбы болғанына қарамастан, әйелдердің дәстүрлі жағдайының өзгеруіне байланысты туындаған саяси дискурс бостандық алған әйелдерді үйлеріне оралуға шақырды.

> Спортшы әйелдер – символ

Стамбул конвенциясынан шығу салдарынан туған есенгіреу толқыны буырқанып жатқанда, Токиода жазғы Олимпиада ойындары басталды. Олимпиада ойындарына Түркиядан келген ерлер мен әйелдердің саны тең еді. Олар бірде-бір медаль жеңе алмағанына қарамастан, Түркияда Filenin Sultanları («Топ сұлтандары») деген атпен танымал волейбол командасы өзіне назар аударғаны. Мұның маңызды себебінің бірі – халықаралық спорт аренасындағы команданың жетістігі әлеуметтік желілерде исламдық қоғамдық пікір жетекшілерінің бірі жариялаған твиттің арқасында басқа мәнге ие болуы. Твитте ислам қыздарына танымал мәдениеттің өкілі ретінде сипатталған волейболшыларға ұқсамауға, қарапайымдылық пен әдептіліктің сұлтаны болуға үндейді. Сол әйелдер зайырлы адамдар үшін қазіргі Түркияның символына айналды. Осылайша, әйелдер волейбол командасы тез арада маңызды символдық мәнге ие болды, ал әйел денесі қайтадан құралға және исламдық зайырлы пікірталастарда символға айналды.

Осы пікірталастар қызу жүріп жатқанда, команданың ең мықты ойыншысының бірі Instagram желісінде өзінің қызымен түскен суретін жариялады. Бұл жолы гомофобиялық шабуыл жиілеп, оны кемсітушілікке қарсы дискурстың көмегімен қорғағандар және моралдық ыдыраудың символы ретінде көргендер болып екіге бөлінді. Алайда, олимпиададан кейін бірден әйелдер арасында волейболдан Еуропа чемпионаты өтті, ал Түркия құрамасы фавориттер қатарына қосылды. Осы оқиғалардың нәтижесінде Түркия волейбол федерациясы, үкіметпен байланысқан мекеме ойыншыны қолдау туралы мәлімдеме жасап, адамның жеке өмірі жеке екенін және спортшының жетістігі мен командаға қосқан үлесінен басқа ешқандай тақырып күн тәртібінде болмауы керектігін айтты. Көп ұзамай спортшы Италиядағы командаға қосылды. Әйелдер спортшыларының жыныстық сәйкестілігі туралы басқа пікірталастар сияқты және Пэт Гриффин «Ойынның Өзгеруі: гомофобия, спорттағы сексизм және лесбийлер» атты мақаласында түсіндіргендей, үнсіздік пактісі тез қабылданды және бұл мәселе жабылды.

Осы шығарылымдағы Аслы Телсереннің мақаласында айтылғандай, әйелдер саяси пікірталаста қолданыла бастаған кезде, әйелдер өз тағдырын құру үшін күресуді жалғастыруда. ■

Хаттарды Ілknұр Қажысофтоағлына <ilknur.hacisoftaoglu@bilgi.edu.tr> жолдауға болады

1. (Түрік тілінде) <https://twitter.com/ihsansenocak/status/1419296320267997187>

> Пандемия және Түркиядағы «цифрлық иммигранттар»

Н.Берил Өзер Текин, Doğu университеті, Түркия, ЕОҚ Денсаулық және медицина әлеуметтануын зерттеу желісінің мүшесі (ЗЖ16)



Пандемия кезіндегі цифрлық иммигранттар цифрлық құрылғылармен.
Ұсынған: Олег Воловик, Creative Commons.

Түркия да әлемнің басқа елдері сияқты COVID-19 пандемиясынан зардап шекті. Пандемия салдары ондағы әртүрлі әлеуметтік топтарға экономикалық және әлеуметтік жағынан қатты ықпал етіп отыр. Атап айтқанда, осал топтар санатына жататын егде жастағы адамдарға (65 жастағы және одан одан жоғары) басқа әлеуметтік топтарға қарағанда айтарлықтай әсерін тигізді. Пандемияның әсері күшейген сайын, Батлер (1969) атап өткендей, қорқыныш климатына сәйкес «эйджизм» де арта түсті. Эйджизм дегеніміз – адамдарды жасына қарай кемсіту немесе алау. Бұл терминнің нәсілшілдікпен ұқсас болғанымен, айырмашылығы да жоқ емес. Ең басты айырмашылық – әрқайсысымыздың қартайтаынымызда! Мақалада пандемияға байланысты шектеулер кезіндегі қарт адамдардың тәжірибесі, нақтырақ айтсақ, цифрландыруға деген тәуелділіктің артуына байланысты егде жастағылардың тәжірибесі қарастырылады.

БҰҰ-ның 2019 жылғы мәліметіне сәйкес, әлемде 703 миллион қарт адам (65 жастағы және одан жоғары) бар; болжамдарға сүйенсек, 2050 жылға қарай халық саны екі есеге артып, 1,5 миллиардқа жетеді. Түркияда жұмыспен қамту және әлеуметтік қызмет көрсету дұрыс жолға

қойылмағандықтан, Еуропа елдеріне қарағанда екі есе жылдам қартаюда. Халықтың «қартаюын» ескере отырып, әлемде де, Түркияда да қартаю мәселелері бойынша көбірек зерттеулер жүргізу керек.

> Қарт адамдар – «цифрлық иммигранттар»

XXI ғасырда цифрландыру процесі жедел жүріп жатыр, интернетті пайдаланушылар саны да артып, көптеген мемлекеттік қызмет онлайн режимде қолжетімді. Бірақ барлық адамның цифрлық технологияларға қол жеткізу мүмкіндігі бірдей емес. Экономикалық және білім алу факторларымен қатар адамның жасы да – қолайсыз факторлардың бірі. «Цифрлық иммигранттар» термині (Пренски, 2001) егде жастағы адамдардың цифрлық алаңға қосылуындағы қиындықтарын білдіреді. Бұл компьютерлік технология кеңінен тарағанға дейін дүниеге келіп, олармен кеш танысқан ұрпаққа жататынын білдіреді. Бұл «цифрлық native»-ке қарама-қарсы ұғым, яғни жаңа технологиялар пайда болған кезде дүниеге келген цифрлық иммигранттардың кішкентай балалары немесе немерелері дегенді білдіреді. Цифрлық иммигранттар natives арқылы технологияларды қолдану дағдыларын жетілдіре бастады.

TURKSTAT (Түркия Статистика Институты, 2020) дерегіне сәйкес, 2015-2020 жылдар аралығында Түркияда 65-74 жас аралығындағы адамдардың ақпараттық технологияларды пайдалану көрсеткіші артқан. Егде жастағы пайдаланушылар саны 6%-дан 27% дейін өскен. Ең көп қолданылатын құрылғы – смартфон: осы зерттеуге сәйкес (Binark және т.б., 2020), Түркиядағы әйелдердің 57% және ерлердің 60% интернетке кіру үшін осы құрылғыны пайдаланады.

Қарт адамдар газет пен радиодан бастап, смарт ұялы телефондар, смарт теледидарлар мен сенсорлы экрандар сияқты бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникация құралдарының жаппай өзгергеніне куә болды. Бұрындары хат жолдап, қоңырау күтетін бұл ұрпақ ақпарат ағыны, байланыс және оның жылдамдығы артқан жаңа дәуірге бейімделуге тырысып жатыр. Цифрландырудың арқасында егде адамдар пандемия кезеңіндегі шектеулер кезінде өздерін еркін әрі бақытты сезіне алды. Дегенмен, оның екінші жағымсыз жағы да бар, яғни цифрлы платформаларда негативті және жалған ақпарат, алаяқтық және қате тілді қолдану секілді кемшіліктері бар.

> Пандемия кезінде егде жастағы адамдардың цифрлық технологияларды пайдалануы

Пандемия кезінде қарт адамдардың цифрландыру процесіне қатысу көрсеткіші артты. Оларға тұрғылықты жерінен шығуға тыйым салатын коменданттық сағат (2020 жылдың 22 наурызы) және қоғамдық көлікті пайдалануға тыйым салу (2020 жылдың қарашасы) сияқты қатаң шектеулер қойылды. Қарттарға қоғамдық көлікпен жүруіне шектеу қойылуы олардың күнделікті өмірде, әсіресе, таксиге немесе жеке көлік алуға қалтасы көтермейтіндерге көптеген қиындық туғызды. Пандемия олардың психологиялық және физиологиялық әлсіздігін одан әрі күшейтті. Жоғары қан қысымы, жүрек ауруы, қант диабеті, бүйрек проблемалары және қан айналымының бұзылуы секілді ауруларға дәрі-дәрмек қажет болғанына қарамастан, олар тексерілу немесе дәрі мөлшерін реттеу үшін дәрігерлерге бара алған жоқ.

Өкінішке қарай, қарт адамдар қоғамда мазақтау, стигматтау және кемсітушілікке ұшырап жүр. Денсаулығындағы және психологиясындағы проблемалардан бөлек, бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылатын кемсітушілік егде жастағы адамдарды өздерін қоғамнан оқшауланған адам ретінде сезінуге мәжбүрлейді. Осы қиын кезеңде олар ең үлкен әлеуметтік-

психологиялық қолдауды отбасы мен балаларынан тапты; оның теріс әсерлері егде жастағы адамдар үшін бірнеше жылға жылға созылуы мүмкін. Үкімет қойған шектеулерден басқа, қарт адамдарға балалары тарапынан дүкенге бару, көршілерімен кездесу немесе достарымен жүздесу сияқты күнделікті іс-әрекеттеріне шектеулер қойылды. Мұндай қысым мен бақылау олардың қорқынышы мен алаңдаушылығын күшейтті. Олар көршілерімен және достарымен кездесуді, дүкен аралауды қойды. Олар үшін сауданы балалары жасады немесе өздері интернет арқылы сауда жасай бастады. Бұл оларға интернетті тек сатып алу үшін ғана емес, сонымен қатар онлайн бейнеқоңырау бағдарламалары арқылы достарымен сөйлесу сияқты басқа мақсаттарда да жиі пайдалануына мүмкіндік берді. Facebook, Instagram, Twitter, YouTube және WhatsApp сияқты бағдарламаларды пандемия кезінде егде жастағы адамдар көбірек қолданды.

Қарт адамдар пандемия кезіндегі мүмкіндіктерге сәйкес дене белсенділігі, яғни серуендеу, интернетті ақтару, фильм көру және хоббимен айналысу (оқу, тігін тігу, медитация, онлайн курстарға қатысу) сияқты күресу стратегияларын дамытты. Бұл іс-шаралар олардың психикалық және тән денсаулығын сақтауға көмектесті. Бұрын қарт адамдардың көпшілігінде жаяу жүру әдеті болмаса да, шектеулер кезінде олар жаяу жүру тәжірибесін қабылдап, оны іске асырды.

Қорыта айтсақ, интернет пен жаңа медианың технологиялары пандемия кезінде маңызды буффер тетікке айналды. Интернет пен әлеуметтік желілер егде жастағы адамдарға өз мәселелерін шешуге көмектесуде және қарым-қатынас пен көңіл көтеруге мүмкіндік беруде маңызды рөл атқарады. Қарт адамдар біліміне, экономикалық және әлеуметтік факторларына байланысты интернетті айтарлықтай тиімді пайдаланатыны анықталды. Жаңа технологиялар белсенді қартаю процесі, күнделікті үй жұмыстарын жеңілдету, салауатты және тәуелсіз өмір сүру үшін де маңызды рөл атқарып отыр. Пандемия кезінде қарттар, әйелдер және кедейлер сияқты халықтың осал топтары арасында теңсіздіктің артқанын ескерсек, мұндай тұрғындарға интернетке жазылу, смарт құрылғыларды сатып алуға қаржылай көмек көрсетіп, оны үйретуде тиісті мекемелер тарапынан жәрдем беріліп, қамтамасыз етілгені маңызды. ■

Хаттарды Назлы Берил Өзер Текинге <btekin@dogus.edu.tr> жолдауға болады.

> Гипержаһанданудан тұрақты ынтымақтастыққа жету жолдары қандай?

Ханс-Юрген Урбан, IG Metall және Фридрих Шиллер атындағы Йен университеті, Германия

Капиталистік «гипержаһанданудың» (Дани Родрик) әлеуметтік және экологиялық бұрмалануы көптеген жаһандық әлеуметтанулық зерттеулердің пәні болды, оның ішінде жаһандық тасымалдау және құн тізбегінде әртүрлі жұмыс жағдайларын ұсынатын капиталистік өндіріс әдісін зерттеу. Бұл тізбектерде, әдетте, трансұлттық корпорациялар доминантты, олардың штаб-пәтерлері капиталистік Солтүстік мемлекеттерінде, ал тасымалдаушы компаниялары Жаһандық Оңтүстікте орналасқан.

> Жаһандық тасымалдау тізбегіндегі асимметрия

Сондай-ақ, жаһандық зерттеулер Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) негізгі еңбек стандарттарының және осы тізбектердегі еңбек жағдайларында адам негізгі құқықтарының жаппай бұзылатындығын көрсетті. Капиталистік Солтүстікте түпнұсқа жабдық өндірушілерден (ТЖӨ) бастап, Жаһандық Оңтүстікте аралық өнім өндірушілерге (тасымалдаушыларға) дейінгі тізбек бойымен еңбек жағдайының нашарлау және денсаулыққа төнген қауіптің арту тенденциясы байқалады. Осы географиялық теңсіздік денсаулыққа қауіпті әртүрлі экологиялық факторлармен толықтырылады.

Нақты жұмыс пен қолданыстағы құқықтық және этикалық нормалар арасындағы айқын сәйкессіздікті жоймай, гипержаһанданудан тұрақты ынтымақтастыққа көшу мүмкін болмайды. Демек, жұмыс жүктемесі мен денсаулық мүмкіндіктерін бөлудің асимметриялық құрылымы – жағдайды жақсартуға қатысты жұмысшылар наразылығы мен кәсіподақ бастамаларының үнемі қайталанатын тұрақты бастауы. Дегенмен, өзгерістерге қол жеткізу қиын, себебі жүктеменің асимметриялық бөлінуі кірістер мен шығындардың тең бөлінбеуімен сәйкес. Үздіксіз жеткізу мен өндіру қатынастарының экономикалық артықшылықтары капиталистік Солтүстік елдеріндегі ТЖӨ иелерінде шоғырланған, ал бұл жаһандық билік пен артықшылық иелеріне пайдалы. Осы уақытқа дейін бірнеше жағдайда ғана жеткізілім тізбегі бойында кәсіподақ билік құрылымдарын құруға

немесе метрополия үкіметтерін тиімді әлеуметтік және экологиялық нормаларды енгізуге көндіруге мүмкіндік туды.

> Капиталистік жаһандану сыни межеде ме?

2008 жылғы Ұлы қаржы дағдарысы, сондай-ақ жаһандық COVID-19 пандемиясы капиталистік гипержаһанданудың жасырын келбетін тіпті осы шоқжұлдыз алыпсатарларына да айқын етті. Ұйымдастырылмаған «жабайы протекционизмнің» қайта жандануы жаһандық тасымал тізбегі мен құн қалыптастыру процестерін бұзды. Өткізу нарығы кенеттен жабылып, ал шикізаттың жетіспеушілігі өндірістің тоқтап қалуына алып келді. Кей жағдайларда жаңа тасымалдаушылардың табылғандығына және балама өткізу аймақтарының ашылуына қарамастан, сатып алу шығындары мен нарықты дамытуға жұмсалған қосымша шығындардың артуы табысқа «жүк» болды.

Екінші жәйт та орын алды. Капиталистік мегаполистерде тәуелді ақылы жұмыспен қамтуды сегменттеу және прекариаттау беделі төмен жұмыс аймақтарының пайда болуына алып келді. Олар жұмыс, денсаулық және қоршаған орта түйткілдері тұрғысынан әртүрлі деңгейдегі қолайсыз жалдамалы еңбектің әлеуметтік формасында немесе тәуелді өзін-өзі жұмыспен қамту түрінде қызмет етеді. Бұл коронавирус пандемиясы кезінде Германияда ет өнеркәсібіндегі Оңтүстік-Шығыс Еуропа жұмысшыларының шиеленісті еңбек жағдайларынан анық көрінді. Мұнда неміс кәсіподақтары тарапынан көрсетілген қысым негізінде неміс заң шығарушылары қабылдаған заңмен белгіленген тазалық сақтаудың және инфекциялардан қорғанудың ең қарапайым шаралары да жүзеге асырылмады. Бұқаралық ақпарат құралдарында осы заңсыз және адамгершілікке жатпайтын жағдайларды жариялау жауапты корпоративті және саяси қайраткерлерге айтарлықтай қысым жасады.

Үшінші жәйт – штаб-пәтерлері Еуропа елдерінде орналасқан корпорацияларға міндетті жинақылықтың жаңа міндеттемелерін жүктейтін Еуропадағы заңнамалық шаралар. Бұл Оңтүстіктегі тасымалдаушылардың жұмыс

“Осы уақытқа дейін бірнеше жағдайда ғана жеткізілім тізбегі бойында кәсіподақ билік құрылымдарын құруға немесе метрополия үкіметтерін тиімді әлеуметтік және экологиялық нормаларды енгізуге көндіруге мүмкіндік туды”

жағдайына оң ықпал ету үшін мүмкіндіктер ашуы ықтимал. Мысалы, Германияда әлеуметтік одақтың қысымымен Тасымал тізбегі туралы заң («Lieferketten-sorgfaltspflicht-Gesetz») деп атауға болатын құжат қабылданды. Ал 2021 жылы Еуропалық парламент Directive on Corporate Due Diligence and Corporate Accountability [Корпоративтік міндетті жинақылық пен корпоративтік есеп беру туралы директива] жобасын мақұлдады. Осы ережелердің тиімділігі нақты анықталмаса да, олар компаниялар мен кәсіподақтар бастамаларының алғашқы қадамына айналуы әбден мүмкін.

Пандемия кезінде қайта пайда болған жаһандық тасымал тізбегінің осалдығы шамадан тыс жаһанданудың сын-қатерлері мен рационалдығы туралы пікірталасты жандандырды. Мысалы, неміс экономисі Себастиан Дуллиен өндірістік экономиканың жаһандануы өзінің оңтайлы нүктесінен өтті ме және одан әрі жаһанданудың шекті тиімділігі бұдан былай тәуекелдерді еңсере алады ма деген сұрақ қояды. Қаржы нарығының дағдарысы мен коронавирус пандемиясының ауқымды зияны мен ауыр зардаптары, әсіресе Жаһандық Оңтүстікте, кәсіподақтар мен басқа да акторлар алдында жаһандану жолындағы ықтимал өзгерістерді анықтау міндетін қойды. Уақыт өте әлсіреп жатқан жаһанданудың шығындары, жұмысшы-мигранттарды шамадан тыс қанауға аса сезімталдық және трансұлттық корпорациялардың міндетті жинақылығын нығайту жөніндегі бастамалар жаһандық экономиканы әлеуметтік және экологиялық реттеуге бағытталған қызмет үшін жаңа жағдайлар қалыптастырады.

> Жаһандық көпшілік әлеуметтануының зерттеу бағыттары

Бұл жаһандық әлеуметтанулық диалог үшін не білдіреді? Сыни әлеуметтік ғылым осы тарихи шокжұлдыздағы еңбек жағдайларын жақсартуға қалай ықпал ете алады? Біріншіден, жаһандық құн тізбегі орналасқан елдердегі зерттеушілер жалпы әлеуметтанулық өзін-өзі түсіну және зерттеудің ортақ бағыттары туралы келісімге келуі тиіс. Майкл Буравойдың ұсынған және мықты зерттеу нәтижелерін көрсетіп отырған жаһандық көпшілік әлеуметтануы лайықты іргетас болар еді. Еңбек әлеуметтануы тұрғысынан еңбек экологиясына

бағдарланған зерттеу бағыты пайдалы болады. Жаһандық құн тізбектерінде әлеуметтік-экологиялық ережелер мен минимум стандарттарды іске асыру жолындағы мүдделерді, стратегиялар мен кедергілерді қосымша зерттеу қажет.

Экономикалық, экологиялық және құқықтық түйткілдердің өзара байланысы саяси-экономикалық, әлеуметтік-экономикалық және адам құқығы әдістерімен ұштасатын зерттеулерді талап етеді. Еңбек, қоғам және табиғаттың тұрақты ұдайы өндірілуі аспектілері ортақ зерттеу сұрақтарына біріктірілуі қажет. Жұмысшы тап энвайронментализмі немесе энвайронментал еңбек зерттеулері тақырыбындағы зерттеулер бастау бола алады.

Сондай-ақ, ұйымдық әлеуметтануға бағытталған зерттеу бағыты да керек. Әзірге трансұлттық бірлескен ұйымдарын құру арқылы ұлттық кәсіподақтардың билік ресурстарын біріктіру әрекеттері сәтсіз. Жаһандық құн тізбектерінде кәсіподақтар билік құрылымдарын құруға бағытталған әрекет қаржылық және адами ресурстардың жетіспеушілігі, әсіресе оңтүстік кәсіподақтар мен компаниялардың мүдделі топтарында, сондай-ақ ұлттық және кәсіподақ дәстүрлері ықпал ететін мәдени айырмашылықтар сияқты алып кедергілерге тап болуда. Енді, зерттеулер гипержаһандану салдарының жаппай ықпал ету тәжірибесі стратегия әзірлеудің бірлескен процестеріне ықпал ету мүмкіндіктерін анықтауы тиіс.

> Болжам

Гипержаһанданудан тұрақты ынтымақтастық режиміне көшу білімнің жетіспеушілігімен ғана емес, мүдделер мен билік құрылымдарымен де бұғатталатынын әлеуметтанулық зерттеулер көрсетті. Оларды тек жаңа зерттеу талпыныстарымен жою мүмкін емес. Бірақ жаһандық капитализмдегі өндіріс рационалдығы мен қосымша құн арасындағы байланысқа қатысты артып жатқан скептицизм мүмкіндіктер есігін ашқан болуы мүмкін. Егер жаһандық әлеуметтану осы жаңа ұғынуды сыни зерттеулермен қоса алып жүрсе, жаһандық көпшілік әлеуметтану үшін ынтымақтастықтың жаңа алаңдары мен жаңа мүмкіндіктері құрылуы ықтимал. ■

Хаттарды Ханс-Юрген Урбанға <Hans-Juergen.Urban@igmetall.de> жолдауға болады.


> Табиғаттың оралуы: ЮНЕСКО Әлемдік Мұра тізіміндегі Völklinger Hütte

Вёлклинген темір зауыты <https://voelklinger-huette.org/en/> — өнеркәсіптік дәуірдің және ЮНЕСКО Әлемдік Мұра тізіміндегі толығымен сақталған жалғыз металлургиялық зауыт өндіріс орны мен табиғаттың қалай оралатынын көрсетеді.

Ұсынған: Макс Ауленбахер. Жаһандық Диалогқа фотосуреттерді жариялауға шын ниетімен рұқсат берген ЮНЕСКО Әлемдік Мұра тізіміндегі Völklinger Hütte-нің коммуникациялар, БАҚ мен баспасөз бөлімі. ■

Хаттарды Макс Ауленбахер <max.aulenbacher@t-online.de> жолдауға болады.







> Неге жоғары қараймыз?

Карл Полани оңшыл «популизм» туралы

Саң Хун Лим, Kyung Hee University, Оңтүстік Корея



Ұсынған: Иван Радич/[flickr](#).

Жақында ғана кең тарала бастаған радикалды оңшыл саясат, әдетте, неолибералдық жаһанданудан тыс қалып қойғандарды әлеуметтік қорғауға бағытталған популистік қозғалыс ретінде түсіндіріледі. Әлеуметтік сыншылар нарықтық экономиканы «үшінші жол» деп қабылдаған және әлеуметтік-экономикалық таптық теңсіздікті елемей, керісінше гендер және этникалық тиістілік сияқты сәйкестену саясатына бет бұрған прогресшіл саясаткерлер мен интеллектуалдарды сынайды. Олар ұсынған шешім – төменгі орта және жұмысшы таптарды радикалды оңшыл риторикадан ашық және эгалитарлық прогресшіл популизмге қайта бағыттау үшін «солшыл популизмді» алға жылжыту.

Мақаламның уәжі («[Look Up Rather Than Down](#),» [Төмен емес, жоғары қара], *Current Sociology*, 2021, онлайн), оңшыл саясаттың көтерілуіне мазасыз «халық» кінәлі деген осы идеяға күмәнданудан туындайды. Радикалды оңшыл саясатты популизммен сәйкестендіру жоғары және орта тап «элиталарының» көбі радикалды оңшыл партиялар мен саясатты, ал радикалды оңшыл партиялардың басым бөлігінің неолибералдық еңбек этикасын қолдайтындығын түсіндіре алмайды. Осылайша, олар, ұлтына қарамастан, әлеуметтік жәрдемақы алатындардың барлығын айыптайды. Карл Поланидің (1886-1964) соғысаралық кезеңдегі фашизм туралы еңбегі радикалды оңшыл саясаттың құпиясын түсінуде өте маңызды. Поланидің

заманауи капиталистік нарықтық экономиканы сынағаны белгілі. Ол заманауи капиталистік өркениеттің дамуын (және оның пікірінше, құлдырауын) «қос қозғалыс» идеясымен, яғни өзін-өзі реттейтін нарық прогресі мен әлеуметтік қорғау қозғалыстары арасындағы шиеленіспен түсіндіреді. Сәйкесінше, Полани избасарлары радикалды оңшыл саясатты бұқараны капитализм зардабынан әлеуметтік қорғау қозғалысы деп тәптіштейді. Алайда, Поланидің өзі фашизмді өзін-өзі реттейтін нарықтық экономиканы қорғаудағы капиталистік элиталардың экстремалды қозғалысы ретінде қарастырды.

> Карл Поланидің қос қозғалысы және фашизм

Полани либералды экономистер мен капиталистер «бұқараны» экономикаға араластырмауға тырысқанын пайымдайды. Өзін-өзі реттейтін нарық еңбекті, жер мен ақшаны тауарға айналдыру арқылы адамдардың адами мен әлеуметтік өмірі негіздеріне қол сұғады. Осы «жалған коммодификациядан» өмір сүруге қажетті нәрсе мен әлеуметтік байланыстарынан айрылған адамдар өзін-өзі реттейтін нарық қол сұғуынан өздерін қорғауды қалауы әбден ықтимал. Ал өзін-өзі реттейтін нарықты қорғағысы келетіндер үшін бұқараның экономикаға қорғану ықпалы нарықтың «табиғи» жұмысын бұзады да, өнімділіктің төмендеуіне және сайып келгенде, мальтустық апокалипсиске алып келеді.

Капиталистердің еркін нарықты қорғау мен демократиялық саясат арасында ымыраға келуі – тарихи қалыптасқан үрдіс. Дегенмен, экономиканың күрт құлдырауы демократиялық күштер тарапынан қысымды арттырады және екі тараптың қарым-қатынасын тығырыққа тірейді. 1930-шы жылдардағы Ұлы тоқырау кезіндегі жағдай осындай еді. Фашизм демократияны жою және адамдарды «ортақ игілікке» өнімді үлес қосуға тәрбиелей отырып, капитализмді индивидуалдықтан корпоративті жүйеге айналдыру арқылы капиталистік нарықтық экономиканы құтқаратын «оңай жол» ретінде пайда болды. Полани соғысаралық кезеңіндегі фашистік көшбасшылардың ешбірі, тіпті Гитлер де, саяси және экономикалық элиталардың қолдауынсыз саяси билікке ие болмағанын есімізге салады.

Әрине, 1930-шы жылдардағы фашизм қазіргі саяси жағдайға пара пар емес. Жиі айтылатын айырмашылық – радикалды оңшыл саясаткерлер, әдетте, демократиялық институттарды ашық қолдайды. Осыған қарамастан жаңа демократиялардағы радикалды оңшыл саясат демократияның «либералды емес демократияға» немесе, тіпті «сайланған диктатураға» өтумен өзгешеленетіндігін ескерткен жөн. Сондай-ақ, жақында АҚШ-та өткен президенттік сайлаудан кейінгі саяси толқулар, салыстырмалы түрде тұрақты демократияда да іргелі демократиялық институт – сайлауға қатысты түйткілдердің барын көрсетеді.

> Полани фашизмі және қазіргі оңшыл саясат

Мақаламның атауына жүгінсек, Полани радикалды оңшыл саясаткерлердің өкілеттігін диагностика жасау кезінде төменге емес, «жоғары қарауға» кеңес береді. Радикалды оңшыл саясаттың жеңуіне жол бермеу үшін төменгі және төменгі орта таптарды біріктіру негізінде, ең болмағанда, жоғары және орта таптарды бір-бірінен алшақтатуымыз қажет. Осылайша, капиталистік элита соғысаралық кезеңде демократия мен капитализм арасындағы тығырықты ушықтырған және фашистік шешімге жол ашатын прогресшіл үкіметтер жүргізіп жатқан әлеуметтік қорғау саясатын әлсірету мақсатында жұмылдыра алатын ресурстар мен ақпараттың шоғырлануын алдын аламыз. Жоғары және орта тап элиталарын қалай ажыратамыз? Сәйкестену саясатын қайта құрылымдау әлеуметтік тап

пен партиялық идеологиялар арасындағы байланысты жойды деуге болады. Бұл қайта құрылымдау жоғары және орта таптар ара-жігін ажыратып, олардың басым бөлігін прогресшілдер қатарында болуға үгіттейді. Әрине, Нэнси Фрейзердің «прогресшіл неолибералдар» сыни ұғымындағы сияқты таптық қайшылықтар пен экономикалық теңсіздікті елеулі қауіп бар. Дегенмен, сәйкестену саясаты мәселелері жоғары және орта таптың көп өкілдерін прогресшіл партияларға қосылуға итермелегенін де ескеруіміз қажет.

Элиталарды бөлудің тағы бір мүмкін әдісін әмбебап әлеуметтік саясаттан табамыз. Томас Пикетти активтер теңсіздігінің табыс теңсіздігінен әлдеқайда асып түсетінін көрсетті. Табысы көп, бірақ активтері аз жас мамандардың көбі болашақта табысын жоғалтудан, сондай-ақ технологиялық және өнеркәсіптік трансформациялар ықпалынан кәсібиліктерінің құндылық ретінде құнсыздануынан сақтанғысы келуі мүмкін. Прогресшіл партиялар тек төменгі таптарға ғана емес, сонымен қатар жоғары орта таптың кәсіпқой мамандарына да пайда алып келетін әмбебап әлеуметтік қамсыздандыру саясатын алға жылжыта алады. Атап айтқанда, тұрақты мөлшерлемелерді біркелкі бөлу жүйесімен үйлестірілген табысқа байланысты әлеуметтік сақтандыру жүйесі табысы жоғары және активтері аз мамандарға ұнауы мүмкін.

> Қорытынды

Оңшыл саясатты әлеуметтік қорғауға бағытталған «популистік» қозғалыс деп тәптіштеу осындай саясаттың жауапкершілігін неолибералды жаһанданудың құрбандарына жүктей отырып, «төменге қарауымызға» мәжбүрлейді. Полани ұсынған фашизм диагнозы капиталистік элиталарға «жоғары қарауға» еріксіз көндіреді, себебі олар ресурстар мен ақпаратты ұсынбай, радикалды оңшыл саясаткерлер саяси билікке келуі екіталай еді. Полани популистік риторикасына қарамастан, радикалды оңшыл саясаткерлер нарықтық экономиканы қолдағанын еске салады. Егер Поланидің элиталардың өзін-өзі реттейтін нарықты қорғауға әрекеті ретінде фашизмнің саяси күшеюі туралы диагнозын мойындасақ, онда капиталистік элиталарды қалай ажырататындығымыз, сонымен қатар төменгі таптарды қалай біріктіретіндігіміз туралы ойланғанымыз абзал. ■

Хаттарды Саң Хун Лимге <limsanghun@khu.ac.kr> жолдауға болады.

> Кісі өлтірген қылмыскер оқиғаларын зерттеу

Мартин Хернан Ди Марко, Осло университеті, Норвегия және ХӘҚ Өмірбаян және қоғамды зерттеу комитетінің (ЗКЗ8) мүшесі



Сан-Мартин абақтысы (шағын сурет) және Буэнос-Айрестегі Девото федералдық түрмесі (үлкен сурет). Суретті түсірген: Мартин Эрнан Ди Марко.

Кісі өлтіру әлеуметтік ғылымдар мен психологиядан бастап, құқық, әдебиет және киноға дейін әртүрлі салаларда қарастырылды. Ориан Биниктің айтуынша, зорлық-зомбылыққа қызығушылық – осы тақырып туралы не ойлайтынымыз жөніндегі сұрақтар туғызатын саналуан академиялық және зайырлы ілімдермен сипатталады. Дегенмен, қылмыскерлердің іс-әрекетін демонизациялау, мифологизациялау, медицинализациялау және иррационалды деп түсіндіру алғышарты осы әрекетке итермелейтін әлеуметтік процестерді толық ұғыну мүмкіндігінен айырды.

Тақырыптың негізгі парадоксы – кісі өлтірген қылмыскерлер оқиғасы мен өмірбаянының олардың өзіндік ұғымдары мен логикасын ескеріп зерттелуі

сирек. Кең академиялық зерттеулер микро-, мезо- және макродеңгейлерде зорлықпен өлтірудің сипаттамалары туралы білімді кеңейтті. Аталмыш басымдық статистикалық тенденциялар мен негізгі айнымалылар (мысалы, жасы, жынысы және әлеуметтік-экономикалық мәртебесі) туралы білімді байытқанымен, нарратив процестерін жан-жақты талдауға кедергі болды.

> Кісі өлтірген қылмыскер дүниетанымы: эмпирияға негізделген түсінікке үндеу

Зорлық-зомбылық антропологиясын негіздеуші Дэвид Ричестің айтуынша, алаңның басты ерекшелігі – «зорлық-зомбылықтың» куәгерлер мен құрбандар қолданатын ұғым болуында, ал оны жүзеге асырушының субъективті түсіндірмесі, әдетте, жоқ. Негізгі ден сандық

мәліметтерге қойылатындықтан, қылмыскерлердің зорлық-зомбылықты рационалдауы мен бастан кешіруінің арнайы жолдары айтарлықтай айқын емес.

Қылмыскерлер пікірінен не білуге болады? Олардың оқиғасы мен өмірі ер адамдардың ер адамды өлтіруін түсінуге қалай көмектеседі? Нарративті криминологияға сүйене отырып, PhD зерттеуіміңіздің мақсаты – қылмыскерлер қолданатын нарративтерді ұғыну және олардың оқиғаларындағы маңызды нәрсені талдау. Бұл әдіс эссенциалдық талдаудан бас тартып, зорлық-зомбылық практикаларына берілетін мағыналар әр әлеуметтік топта тарихи және мәдени қалыптасқанын ұсынуға талпынады.

> Нарратив және өмірбаян әдісі

Зерттеу мәліметтері Аргентина астанасы Буэнос-Айресте іріктеу жиытығы 72 адамды құраған қылмыскер ер адаммен нарративті сұқбат барысында алынды. Іріктеу критерийлеріне сәйкес іріктелгендер – ұрыс пен тұлғааралық шиеленіс аясында ер адамды қасақана өлтірді деп айыпталған ер адамдар. Сұқбат ер адамдар қарастыру үшін таңдаған дискурс пен уақыт кезеңдерінен кейін алынды. Бреккетинг процесі – жеке тәжірибелер мен сенімдерден бас тарту – талдау үшін өте маңызды болды. Далалық жұмыстар федералды және провинциялық түрмелерде, сондай-ақ жазасын өтеген ер адамдар үйлерінде жүргізілді.

Әрбір қатысушы сұқбаттарының стенограммасын алды және бірлесіп отырып олардың қысқаша қайта құрылымданған өмір тарихы жазылды. Ашық және осы тік кодтау процесі қолданылды. Мақала екі салаға бағытталады: өмірбаяндағы бетбұрыс нүктелері (түйісу ретінде анықталған сәттер) және рационалдау (оқиғаларға мән беретін қатысушылар түсіндірмелері).

> Зорлықпен өлтіру: мәні мен баяндалуы

Қылмыскерлердің адам өлтіру әрекетіне мән беруін зерттеу қызықты әрі жемісті болды. Ерлердің зорлық-зомбылықты және зорлықпен өлтіруді қалай ұсынатыны мен анықтайтынында үш үлкен тармақ айқындалады.

Біріншіден, денеге келтірілген зорлық-зомбылық жөнінде айтылып, ол әртүрлі және өзгермелі қалыпта ұсынылды. Зорлық-зомбылық кенеттен болған, табиғи, эмоциялық күйдің немесе ситуациялық динамиканың логикалық нәтижесі деп сипатталды; ол қажетті құрал, жазалау түрі немес ар-намыс, ер-азаматтық пен мәртебені қалпына келтіру практикасы ретінде қарастырылды; сондай-ақ абайсызда жасалған әрекет немесе әлеуметтік жағдайлар тудырған сәтсіз оқиға. Практика мен ресурс бола отырып, зорлық-зомбылық – поливалентті әрекет. Оны бейтараптандыру және рационалдау мақсатында ерлер жауапкершілікті азайтуға, өкініш сезімінен бас тартуға және белгілі бір басым сценарийлерге («Менде басқа таңдау болмады», «Ол өзі бастады/Ол өзі кінәлі», «Мен өзімді басқара алмадым», «Менің тәрбием осы,

мен емес») қосылуға тырысты. Осылайша, зорлық-зомбылық ешқашан мәнін жоғалтқан емес, ол – акторлар пайдаланатын заңды ресурс.

Екіншіден, бастапқы болжамыма және зорлық-зомбылықтың «жарақатты» сипатын насихаттайтын және оны медициналайтын психологиялық саулық саласындағы гегемониялық ілімдерге қарамастан, адам өлтіру – бетбұрыс нүктесі емес. Ата-анасының тастап кетуі, экономикалық дағдарысқа байланысты жұмысынан айырылу, романтикалық ажырасу, достар табу немесе жоғалту, ең бастысы, түрмеге қамалу – өмір тарихындағы маңызды өзгерістер көрінісі. Бұл оқиғалар олардың «Менің» және оның өзін және басқаларды қабылдауын өзгертті. Алайда, адам өлтіру түйісу сәті ретінде сирек ұсынылды.

Адам өлтіруін емес, түрмеге қамалуын басты оқиға ретінде сипаттауы осы мекеменің өз өмірінде қандай мәнге ие екендігімен байланысты. Бұл – өмірінің «шыңырауы», өмір жолын өзгерту және қайта құру мүмкіндігі, бұрынғы «меннен» арылу немесе, тіпті, қоғам анықтаған жағдай.

Үшіншіден, түрме, адам өлтіру және бұрынғы ауыр өмір жағдайлары негізінен «үйрену тәжірибесі» деп таныстырылды. Интервьюерлер қолданған басым дискурстар теріс тәжірибені оң бағалау тенденциясына ие. Түрмеге қамалу, ұрыс, туыстармен және достармен қарым-қатынастың үзілуі кемелдену, тұлғалық өсу, субъективті трансформация немесе шындану сәттері ретінде түсіндірілді. Зорлықпен өлтіру жаңа «менді» ашуы мүмкін. Осылайша рационалдау гегемониялық маскулиндікпен, сондай-ақ осы оқиғаларды қалыптастыратын түрме айналымындағы дискурстармен (мысалы, психология, коучинг, дін, реабилитация және әлеуметтік жұмыс құрылғылары) тығыз байланысты.

> Қорытынды ескертулер

Ондаған жылдар бойы әлеуметтік интеракционистер үгіттеген әлеуметтік нақтылықты түсіну және оның алдын ала анықталған ғылыми категориялармен алмастырылуын болдырмау үшін әлеуметтік акторлардың пікірін қорғау маңызды. Өлімнің қылмыскер өміріне әмбебап «жарақатты» ықпалы туралы көп ғылыми теориялардың болуына қарамастан, түсінудің тек эмпириялық зерттеулері осы құбылысты кешенді ұғынуға мүмкіндік береді. Ғылыми ортада және қалыпты қабылдауда кісі өлтіру экзистенциялық сәтпен және иррационалдық, қалыптан тыс немесе аморалдық әрекетпен сәйкестендіріледі. Ал зерттеу басқа нәтиже көрсетті.

Эмпириялық негізсіз зорлық-зомбылыққа белгілі бір мән беретін қолданыстағы мәліметтерді, теорияларды, шектерді және институттық құралдарды қайта қарау – әлі де зерттелмеген түйткілдердің лайықты бағыты. ■

Хаттарды Мартин Эрнан Ди Маркоға <mh.dimarco@gmail.com> жолдауға болады.

> Бразилиядағы

цифрлық платформалардағы жеткізу жұмысы

Бруна да Пеня және Ана Беатрис Буено, Рио-де-Жанейро штаты университеті (UERJ), Бразилия



Бразилиядағы жеткізу қызметі жұмыскерлері COVID-19 пандемиясы басталған кезде. Ұсынған: Марсело Ренда/[Pexels](#).

Алғашқы эмпириялық деректерге және әлеуметтанулық рефлексияға сүйене отырып, пандемияның Бразилиядағы жеткізушілердің жұмыс жағдайына ықпалын зерттейміз. Сондай-ақ, бұл жұмысшылардың теңсіздікті субъективті түсінуіне әсер ете алатынын талдауға тырысамыз. Денсаулық дағдарысы мұндай теңсіздікті (капитализмнің ішіндегі) тудырмады, бірақ оны ушықтырды деген гипотезадан бастаймыз. Яғни, ол жұмыс уақытына, төлемге және тәуекелдерге назар аударып, еңбек жағдайларының нашарлауын және еңбек-капитал жанжалының қайшылықтарын едәуір тереңдете түсті. Эмпириялық зерттеулерде Бразилиядағы жүз цифрлық платформа жеткізу-

шілерінің үлгісі бар түпнұсқа деректерді қолданамыз. Бұл деректер Бразилияның оңтүстік-шығыс, солтүстік-шығыс және орта-батыс аймақтарындағы жеткізушілер топтарын қамтып, әлеуметтік желілер арқылы Google Forms-тегі жауаптар арқылы алынды. Жауаптар 2021 жылдың наурызы мен мамыры аралығындағы және сандық және сапалық деректерге негізделген.

> Уберлену және еңбек-капитал қақтығысы

Біз еңбектің уберленуі толық тарихи жаңалық деп түсінуден алшақпыз, оны әлеуметтік материалдылық шегінде орналастыруымыз керек. Яғни, капиталистік қорлану үлгісі пайда болғаннан бері сақталып келе жатқан тәсілімен сәйкессіздікті немесе одан ауытқуды білдірмейді. Уберленген еңбекті сипаттайтын әлеуметтік қатынас – бұрын өмір сүру құралдарын экспроприациялаумен түсіндірілетін жұмыс күшін тауарға айналдыру қажет-

>>

тілігі. Сонымен қатар, бұл капитализмдегі бағынышты еңбектің әлеуметтік жағдайы және сондықтан құқықтық мәртебеге тәуелсіз.

Уберленуді тарихи жаңалық ретінде қабылдауға болмайды, бірақ қазіргі сценарийде осы құбылыстың контурын түсіну қажет. Бразилиядағы жеткізушілер жағдайында жұмысшылар мен платформалар арасындағы қарым-қатынастағы теңсіздікті қабылдау көбінесе күнделікті және қалалық жұмыс тәжірибесімен бөлісуге негізделген сияқты. Жұмыс процесінің бөлшектенуі артып келе жатқанымен, қала арқылы жүру және басқалармен кездесу жолдары осы қарым-қатынас туралы өзіндік мағына береді.

Сонымен қатар, жеткізу қызметі айтарлықтай қарым-қатынасқа ие бола отырып, адам еңбегінің ең негізгі сипаттамасын айқын көрсетеді: бұл нақтылықтың делдалдық процесі және субъектіаралық қатынастардың дамуы. Осы теңсіздіктер туралы түсініктерді құру үшін, сондай-ақ наразылық қозғалыстарын ұжымдық артикуляциялау үшін маңызды аспект. Әрі қарай эмпириялық зерттеулерден алынған негізгі нәтижелерді ұсынамыз.

> Google Forms сауалнамасы

Пандемия кезінде күніне қанша сағат жұмсалғаны туралы сұраққа респонденттердің көпшілігі (42%) тоғыздан он екі сағатқа дейін жұмыс істегендерін айтты, одан кейін сегіз сағат (20%) және он үш немесе одан көп сағат (13%) жұмыс істегендерін көрсетті. Пандемияға дейінгі кезеңдегі жұмыс уақыты туралы сұраққа және егер біз үлгі ретінде осы кезеңде жеткізуді жүзеге асырған респонденттердің санын алсақ (66 респондент), 39,3% – тоғыз-он екі сағат, 22,7% – сегіз сағат, және 9% – он үш сағат немесе одан да көп. Демек, жұмыс уақытының ұлғаюы байқалады.

Жеткізуден түскен ай сайынғы табысына келетін болсақ, пандемия кезінде олардың ең үлкен бөлігі (25%) орташа есеппен бразилиялық ең төменгі жалақыдан (жауап беру кезінде 1100 реалға балама) төмен табыс тапқанын айтты, одан кейін 23% көрсеткен. 1100 мен 1650 реал аралығындағы табыс. Салыстырмалы түрде алғанда, 15,3% пандемияға дейінгі кезеңде ағымдағы ең төменгі жалақыдан төмен сыйақы алғанын айтты (ең төменгі жалақы үшін 1100 реалды бірдей мәнді ескере отырып). Респонденттердің көпшілігі (шамамен 37%) пандемияға дейін 2,750-ден 3,300 реалға дейін табыс

тапқанын, ал пандемия кезінде бұл орташа сыйақыны тек 15% алғанын айтты. Бұл осы қызметтерге сұраныс пен орташа жұмыс уақытының артуына қарамастан ай сайынғы сыйақының айтарлықтай төмендегенін көрсетеді.

Демек, күніне он үш немесе одан да көп сағат жұмыс істейтін респонденттердің, сондай-ақ айына ең төменгі жалақыдан аз жалақы алатындардың үлес салмағының айқын өсуі байқалады. Сыйақы, айтпақшы, платформалық жұмыстың теңсіздігін субъективті қабылдаудың анықтаушы факторы болып көрінеді, әсіресе респонденттердің шамамен 84% үшін бұл олардың жалғыз табыс көзі екенін ескерсек. Яғни, осы жұмыс қосымша сыйақы көзі емес, Бразилиядағы жұмысшылар табысының ажырамас бөлігі.

Талаптар тұрғысынан төлемді ұлғайту (жауаптардың 91%) абсолютті басымдыққа ие, одан кейін негізсіз блокадалардың аяқталуы, жазатайым оқиғалардан сақтандыру, азық-түлік жәрдемақысы, жеке еркіндік, еңбек төлемдері және қол қойылған еңбек шарты. Респонденттердің 20% азы өз талаптарының бір бөлігі ретінде осы соңғы элементті (еңбек шарты арқылы реттеу) белгіледі. Оның ықтимал себебі – терең әлеуметтік дағдарыстың шиеленісу сәтінде теңсіздіктің неғұрлым айқын аспектілері көзге түседі. Бұл қарым-қатынастың ақшалай өлшемі осы еңбек динамикасының әлеуметтік қайшылықтарын барынша ашық көрсететін күшке ие.

Жеткізу жұмысын іздеу себептеріне келетін болсақ, респонденттердің барлығы дерлік табыс табу қажеттігін айтты. Әлеуметтік-демографиялық профилге келсек, респонденттердің 98% – ерлер, 54% – өздерін қоңыр немесе қара нәсілді деп атаған және олардың көпшілігі – жастар. Респонденттердің басым бөлігі – (24%) 31 мен 35 жас аралығындағылар, одан кейін -21 мен 25 (19%), 35 пен 40 (18%) және 25 пен 30 (17%) арасында. Бұл, негізінен, жастардың жұмыссыздықтан ең көп зардап шегетін топ екенін көрсететін сияқты. Білімге келетін болсақ, респонденттердің 77% орта мектеп және/немесе колледж түлектері. Соңында, 33 респондент өндірісте жазатайым оқиғаларға тап болғанын, бірақ платформадан тек біреуі ғана қолдау алғанын айтты. Бұл деректер COVID-19 пандемиясының Бразилиядағы еңбек-капитал қақтығысының қайшылықтары мен теңсіздіктерін айқынырақ етіп, жеткізушілердің жұмыс жағдайларының қауіптілігін күшейткенін көрсетеді. ■

Хаттарды Бруна да Пеня brunapmcoelho@gmail.com мен Ана Беатрис Буеноға anabeatrizbuenoadv@gmail.com жолдауға болады.